

5-6 жасар балаларға арналған
«Табиғат –туған анамыз!» атты вариативтік компоненті.

Тәрбиеші: Конырова М.У

2019-2020 оқу жылы

Табиғат-туған анамыз!

Мақсаты:

Балалардың табиғат туралы білімдерін молайту, табиғатты қорғау әр адамның міндеті екенін ұғындыру, табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, адамгершілігі мол, ізгілікті, экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақ тәрбиелеу.

Кіріспе бөлімі:

Жер бетіндегі тіршіліктің сақталуы тек жерімізге ғана байланысты емес, сол Жер-анамыздың ақ төсінен бұрқылдап шығып жатқан мөлдір сулардың тұнықтығы мен қоршаған ауаның тазалығына, аспаннан мейірлене төгілген күн шуағына да байланысты. Олай болса, сол табиғаттың тазалығын сақтау, жер бетіндегі тіршілік атаулыға қамқорлық жасау бүгінгі таңда өмір сүріп отырған саналы адам баласының келер ұрпақ алдындағы тарихи борышы.

Мектепке дейінгі балалық шақ- адамның жеке басының дамуының алғашқы сатысы. Осы кезеңде баланың қабылдау ерекшелігінің аса қарқынды екенін ескеріп, киелі ата-баба қоныстарын, жер суларын табиғи күйінде сақтап, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп қалдыру үшін балаларға экологиялық тәрбие беруіміз керек.

Экологиялық тәрбиенің мақсаты- баланың санасына әсер ету арқылы табиғатқа дұрыс көзқарас қалыптастыру, табиғатты қорғау, сол арқылы баланың тілін дамыту. Осы мақсатты алға қоя отырып, мен **«Табиғат-туған анамыз»!** тақырыбында вариативтік жұмыспен айналысуды шештім.

Бұл тақырыптың маңыздылығы сонда, экология- жас әрі дамып келе жатқан ғылым. Қоршаған орта әр уақытта өзгеріп және дамып отырады, соған байланысты біздің де оған қарым-қатынасымыз өзгереді, адам табиғатты кеңінен түсіне бастайды. Сондықтан экологиялық тәрбиелеу құралдары мен әдістемесі, баланың дамуы мен өзгеруіне әсер етеді. Ал, баланың дамуы дегеніміз- бала қоршаған ортаны көре отырып, көрген нәрсесін, әсерін ойлап тілмен жеткізе алады, әңгімелеп береді, сол арқылы баланың тілі дамиды.

Қорытынды сөз:

Балалардың бойында тіршілікке әкелер өзіндік үлесі қалыптасатын, экологиялық тәрбие мәселесі өз нәтижесін берері сөзсіз. Қорыта келгенде, табиғат байлықтарын қорғай білу- азаматтық борыш. Оны аялап, сүйе білейік!

Әдіс-тәсілдер:

Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, көрнекіліктер, ойын, жұмбақ шешу, сөздік, баяндау, мазмұндау, мәнерлер оқу, ой қозғау, бақылау, тіл жаттықтыру, жарыс, қорытындылау.

Күтілетін нәтиже:

Табиғатпен, адаммен бірге жануарлар тіршілігі де тығыз байланысты. Балалардың танитын, таныс емес жануарлардың түрлерін жете таныстыру, олардың пайдасы туралы әңгімелер жүргізу.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі білім 2013ж
2. Балабақша меңгерушісі және әдіскер 2013ж
3. Бала мен балабақша 2012ж
4. Қоршаған ортамен танысу әдістеме 2015ж
5. Экология негіздері әдістемесі 2015 ж

Қыркүйек айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Жанды және жансыз табиғат	Жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, жансыз және жанды табиғат нысандарын ажырата білу.	2
2	Күз сыйы	Табиғаттағы өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру.	2
3	Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері	Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу.	2
4	Қыстап қалатын құстар және жыл құстары	Қыстап қалатын құстар және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру	2
5	Ауаның қасиеттері	Балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыру, тәжірибе арқылы ауаның біздің айналамызды қоршап тұрғанына көздерін жеткізу.	2
6	Ағаштар, бұталар, өсімдіктер	Өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш топқа жіктей білуге үйрету. Оларға тән сыртқы белгілерді атай білу.	2
7	Қазақстанда өсетін өсімдіктер	Өсімдіктердің әр алуан жерде өсетіні туралы түсінік қалыптастыру. Қазақстанда өсетін өсімдіктердің кейбір түрімен таныстыру	2
8	Жас экологтар	Проблемалық жағдайларды шешуді үйрену. Тірі организмнің қоршаған ортамен байланысы туралы түсініктерін нығайту	2

Қазан айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер	Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістерімен, тіршілігімен таныстыру, жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру.	2
2	Қазақстанда мекендейтін жануарлар	Қазақстанда мекендейтін жануарлармен таныстыру, олардың тіршілігі туралы мағлұмат беру.	2
3	Адам-табиғаттың бір бөлігі	Адам-табиғаттың ажырамас бөлігі екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Адамның сезім мүшелерінің табиғатты танып-білудегі рөлі туралы түсінік беру.	2

4	Қоңыр аю кімнен қорқады?	Қазақстанның Қызыл кітабы өкілдерінің бірі- қоңыр аюмен таныстыру. Жабайы жануарлардың күзгі тіршілігі туралы балалардың білімін қорыту.	2
5	Бөлме өсімдіктері және оларды күту	Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту, өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу, олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру	2
6	Табиғатқа қауіп-қатер төнуде	Еліміздің орман, тоғай, өзен-көл сияқты байлықтары туралы түсініктерін кеңейту, табиғатта өзін дұрыс ұстау туралы ережені бекіту	2
7	Қазақстанның өзен-көлін мекендейтін балықтар.	Қазақстанның өзен-көлін мекендейтін балық түрлерімен таныстыру, балықтың құрылысы, оның тіршілігі туралы білім беру.	2
8	Табиғат бұрышын мекендеушілер. Оларды күту	Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер, оларға күтім жасау жолдарымен таныстыру	2

Қараша айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	От бізге дос па, қас па?	Оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейту, өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру	2
2	Қоректену тізбегі	Сызба арқылы табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлардың, адамның өзара байланысын көрсету, азық тізбегін құра білуге үйрету	2
3	Жыл мезгілдері:қыс, көктем. Белгілері	Қыс және көктем мезгілінің белгілері туралы білімдерін тереңдету, осы мезгілдерге тән маусымдық құбылыстармен таныстыру	2
4	Жер-біздің ортақ үйіміз	Жердің барлық тіршілік иесінің ортақ үйі екенін ұғындыру, адамның да табиғаттың негізгі бір бөлігі екенін, оның табиғатты қорғаудағы рөлін ұғындыру	2
5	Табиғат байлықтары. Пайдалы қазбалар	Балаларды елімізде өндірілетін пайдалы қазбалар түрімен таныстыру, пайдалы қазбалардың халық шаруашылығына қажеттігін ұғындыру	2
6	Дәрілік өсімдіктер	Өз жерінде өсетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру, дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым тәсілдерімен таныстыру	2
7	Біздің табиғаттағы достарымыз	Жануарларды топқа бөле алу. Әр топқа тән ерекшелікті айта білу. Балалардың жануарлар туралы білімін кеңейту.	2
8	Табиғаттағы маусымдық құбылыстар	Әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарының ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғат құбылыстарының адамның физикалық және эмоциялық күйіне әсері туралы білімдерін дамыту.	2

Желтоқсан айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Біз –табиғаттың досымыз	Жануарлар әлемі туралы білімдерін қорытындылау. Жануарларды топқа бөле алуды білу. Зейіндері мен бақылағыштықтарын дамыту.	2
2	Өсімдіктердің көбеюі	Өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру, өсімдіктің жемісі, тұқымы туралы түсініктерін қалыптастыру.	2
3	Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері	Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру, табиғат, оның байлығын қорғау, күту туралы түсініктерін кеңейту	2
4	Менің туған өлкем	Туған өлке туралы түсінік беру. Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету	2
5	Экологиялық белгілер	Туған өлкенің табиғатын бағалай білу туралы халық болжамдары жөнінде түсінік беру. Экологиялық белгілермен таныстыру, оларды естеріне сақтату	2
6	Су-тіршілік көзі	Судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы түсініктерін нақтылау, судың қасиеттерімен таныстыру	2
7	Қыс. Құстардың қысқы тіршілігі	Қыс кезіндегі құстардың тіршілігі туралы әңгімелеу арқылы балалардың қамқорлық жасауға деген белсенділіктерін арттыру	2
8	Жануарлардың қысқы тіршілігі	Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру	2

Қаңтар айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Жыл құстары	Құстар тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру	2
2	Қызыл кітап құпиясы	Қызыл кітап туралы түсінік беріп, қоршаған ортаны қорғау, оған қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру	2
3	Табиғат бұрышындағы тіршілік	Табиғат бұрышындағы жануарлар, өсімдіктер туралы түсінік беру. Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау	2

		жөніндегі білімдерін кеңейту	
4	Үй жануарлары мен үй құстары	Үй жануарлары мен үй құстары және олардың адамға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру	2
5	Қазақстан қорықтары	Қазақстан қорықтары және оның маңызы, орналасқан жері туралы балаларға түсінік беру. Қорықтарда атқарылатын жұмыс түрлері, қамқорлыққа алынған жануарлар мен құстар жөнінде әңгімелеу	2
6	Экологиялық соқпақ	Балалардың санасына экология деген түсінікті қалыптастыру. Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамдарын дамыту	2
7	Құмырсқалардың илеуімен таныстыру	Балаларды құмырсқа илеуімен таныстыру. Адам да тірі табиғаттың бір бөлшегі деген түсінік беру.	2
8	Табиғаттағы тәртіп ережелері	Табиғаттағы мінез-құлық ережесімен таныстықты жалғастыру. Табиғат өте нәзік және ол біздің қамқорлығымыз бен қорғауымызға зәру деген түсінік беру.	2

Ақпан айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Тіршілік бұрышы	Тірі табиғат өкілдері туралы білімді қорыту және жүйелеу. Оларға күтім жасауды үйрету. Танымдық қызығушылықты дамыту.	2
2	Қызыл кітапқа енгізілген Қазақстан жануарлары	Балалардың Қызыл кітап туралы түсініктерін қалыптастыру, жануарлардың жойылып кету себептерін түсіндіру, оларды қорғау жолдарымен таныстыру.	2
3	Бөлме өсімдіктері. Теңбіл бегония және шегіргүл	Топ бөлмесіндегі бөлме өсімдіктерінің екі түрімен таныстыру. Өсімдіктерге күтім жасау және олардың өсуіне қажетті шарттар туралы білімді жүйелеу.	2
4	Шөл даланың жануарлары	Адам өміріндегі түйенің мән-маңызы туралы түсінік беру. Қызыл кітаппен таныстықты жалғастыру.	2
5	Жануарлар мен төлдері. Ілбіс	Балаларды тауды мекендейтін қар барысы- ілбіспен таныстыру. ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлар түрінің атауларын бекіту.	2
6	Ақсу-Жабағылы қорығы. Бүркіт	Карта туралы білімдерін кеңейту, Оңтүстік Қазақстан облысының орналасқан жері туралы түсінік беру. Ақсу-Жабағылы қорығымен және	2

		оның бір өкілі- бүркітпен таныстыру.	
7	Біздің ғаламшарымыздың өкпесі	Өсімдіктердің адамның өміріндегі мән-маңызын ашу. Өсімдіктердің үш тобы туралы түсінікті бекіту, оларды өзара салыстыра және ажырата білу	2
8	Байқаңыз, үй жануарлары!	Балаларға үй жануалары қауіпті болатын жағдайларды таныстыру. Табиғаттағы мінез-құлық ережелерін үйрету.	2

Наурыз айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Көрікті көктем	Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар, өсімдіктер мен жануарлардағы маусымдық өзгерістер, адамдардың көктемдегі пайдалы іс-әрекеттері туралы мағлұмат беру	2
2	Құстар-біздің досымыз	Құстар және олардың көктемдегі тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру	2
3	Көктемгі еңбек	Үлкендердің еңбектері туралы балалардың түсініктерін әрі қарай дамыту. Ауылшаруашылық өнімдерінің түрлері, оларды өндіретін адамдардың еңбектері жайлы мағлұматтар беру	2
4	«Мәжнүн талдың тойы». Құстар мен жәндіктер.	Тірі және өлі табиғаттағы көктемгі маусымдық өзгерістерді бекіту. Тоқылдақпен және жәндіктер әлемі өкілдерімен таныстыру.	2
5	Таңғаларлық әртүрлілік	Балалардың ой-өрісін кеңейту. Тірі және жансыз табиғат нысандарын, адам қолымен жасалған заттарды байқай және айыра білуге үйрету.	2
6	Үй құстары және оларға күтім жасау	Үй құстарының атауын және оларды айыра білуге үйрету. Олардың адам өміріндегі маңызы мен оларды күтудің әдістері туралы білімді жүйелеу	2
7	Дидактикалық ойын «Жер көлігі»	Балаларды жер көліктері түрлерімен және жүргізуші мамандығымен таныстыру. Көліктердің әр түрінің өз міндеті болатыны туралы түсінік беру	2
8	Адамдардың көктемгі еңбегі	Адамдарды көктемгі еңбегі: бау-бақшадағы жұмыстар, үй құстары мен жануарларының күтімі туралы балалардың білімін қорыту және жүйелеу. Сюжетті көріністер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.	2

Сәуір айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Байқоңыр ғарыш айлағы	Байқоңыр жайлы түсіндіру. Ғарыш әткеншегі ойынын ойнату арқылы Күн жүйесіндегі ғаламшарлар туралы мағлұмат беру	2
2	Ғарыш күні	балаларды қаһарман ғарышкер мамандығымен таныстыру. Ғарышты меңгерудің адам өміріндегі мән-маңызын ашу. Түрлі мамандық адамдарын құрметтеуге тәрбиелеу.	2
3	Туған өлкеде. Тау мен дала жануарлары	Республика атауын, Отан туралы түсінікті бекіту. Туған өлкедегі жануарлар әлемінің кейбір өкілдерімен таныстыру. Түсінігін айтуға және сипаттама-әңгіме құрастыруға үйрету.	2
4	Су көлігі	Су көлігінің әрқилы міндеттері туралы, су көлігімен байланысты мамандық иелерінің жұмыстары туралы түсінікті қалыптастыру.	2
5	«Жауыз аңшы туралы аңыз» (тау мен дала аңыздары). Тыңдау және түсінігін айту.	Шығарманың идеясын түсінуге үйрету. Сөйлемді дұрыс және саналы құра білуге үйрету. Төзімділікке, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.	2
6	Жасыл дәріхана	Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру. Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажетті мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету	2
7	Көліктегі тәртіп ережесі	Балаларды көліктегі тәртіп ережелерімен таныстыру. Ойлауды, сөйлеуді дамыту. Кішіпейілділік пен зейінді тәрбиелеу.	2
8	«Адамның анасы да жалғыз, Отаны да жалғыз».	Біздің Отанымыздың астанасы туралы балалардың білімін қорыту және кеңейту. Мемлекеттік символдар туралы білімін бекіту. Патриоттық сезімдерді тәрбиелеу	2

Мамыр айы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Сиқырлы думан, ұлттар достығы	Түрлі ұлт адамдарын құрметтеуге үйрету. Мазмұнын айту дағдысын дамыту, пікірлесуге, шығарманың негізгі ойын анықтай білуге үйрету. Толеранттық қасиеттерді дамыту.	2
2	Қоғамдық орындардағы тәртіп ережесі	Жүйелі сөйлеуді дамыту. Өз ойын анық та дәл жеткізуді үйрету. Қоғамдық орындардағы тәртіп ережесін бекіту.	2
3	Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды	Балаларды Жеңіс күні мерекесімен таныстыру. Біздің Отанымызды қорғаушы жауынгерлерге деген алғыс және сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу	2
4	Әдеп-ғұрып және сат-дәстүрлер	Әдеп-ғұрып және сат-дәстүрлермен таныстыруды жалғастыру. Өз халқының мәдениетіне танымдық қызығушылықты және құрметпен қарауға тәрбиелеу	2
5	Малшы мамандығы. Ауыл тұрғынының еңбегі	Жабайы және үй жануарлары туралы балалардың білімін кеңейту және жүйелеу. Үй жануарларының күтімі туралы білімдерін бекіту.	2
6	Төрт түлігім-ырысым	Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейте отырып, төрт түлікті дәріптеген өлең-жырлар, әңгімелер арқылы халық ауыз әдебиетімен таныстыру	2
7	Әдемі гүлдер	Балаларға гүлдер туралы түсінік беру, дала гүлдері мен бөлме гүлдерінің айырмашылығын түсіндіру	2
8	Жаз	Балаларды жазда болатын маусымдық құбылыстармен таныстыру. Табиғатқа деген қамқорлықты тәрбиелеу	2
	Барлығы:		144 с

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 05.09.17

Топ: «Аққу» «Бұлбұл» ересектер тобы

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Жанды және жансыз табиғат.

Мақсаты: Жанды табиғат оның тіршілік ортасы және жансыз табиғаттағы қайталанбас құбылыс түрлері туралы білімдерін жетілдіру. Жанды және жансыз табиғатқа не жататынын түсіндіру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Табиғат байлығына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: табиғат, жасыл әлем, тау, тас, су, тұман, құм, жаңбыр, жел.

Билингвальді компонент: табиғат-природа-nature, тау-gора-mountain, тас-камень-stone, су-вода-water, құм-песок-sand, жаңбыр-дождь-rain, жел-ветер-wind

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Шаттық шеңберіне тұрғызып бір біріне тілектер айтқызу.	Балалар бір-біріне күлімдеп қарап, жұмсақ ойыншық жүректі ұсынып жақсы тілектер білдіреді.
Ізденістер, ұйымдастыру	Педагог әңгімесі: -Біздер балалар қызықты да қыр-сыры мол ғажайып әлемде өмір сүріп жатырмыз. Айналаға қарасаң бізді көптеген заттардың қоршап жатқанын білеміз, олар неше түрлі әдемі ғимараттар, жолдар, көпірлер, ұшақ, жиһаздар және т.б. Бірақ айналамыздағы заттардың көпшілігі адамның көмегінсіз өздері пайда болған. Оларға жер мен жануарлар күн мен аспан жатады. Оларды бір сөзбен табиғат деп атаймыз. Табиғаттың бір бөлігіне азықта, су да, киімде қажет емес, олар –тау-тас, ауа, ғаламшар яғни жансыз табиғат. Ал енді бір бөлігі тыныс алады, өседі, қоректеніп көбейеді, яғни, бұлар жанды табиғат қатарына жатады. Жанды табиғатқа адам өсімдік жануар жатады. Жылдың әр мезгіліне байланысты табиғат көріністерінің суреттерін көрсету арқылы балаларға жансыз және жанды табиғат	Балалар жансыз және жанды табиғатты суреттен атап көрсетіп ол жөнінде түсіндіргендерін айтады Балалар үлестірмелі суреттермен жұмыс жасайды

	арасындағы байланыс түсіндіріледі. Е .Өтетілеуұлының «Бар ма жоқпа» деген өлеңін оқып беру. Табиғаттағы құбылыстарды күнтізбе арқылы белгілеу, жаңбырдың, қардың тұрғанын, желдің соғып тұрғанын, табиғат күнтізбесіндегі шартты белгілерімен көрсетіп түсіндіру. Сергіту сәтін өткізу Көлдің беті кілегей Жер сап-сары бірегей Тырау-тырау тырналар Түстікке бетті бұрды олар Қара суық жел есті Күннің көзі көмескі Әліппе-дәптермен жұмыс. Жансыз және жанды табиғаттың айырмашылығын айту. Суреттегі жасырынған жануарларды тауып, бояп, аттарын атау.	Өлең жолдарын пайдаланып, сергіту жаттығуын орындайды Әліппе-дәптердегі тапсырманы орындайды
Қорытынды, бағалау	Сабақты пысықтауға арналған сұрақтар: -Жансыз табиғатқа нелер жатады? -Жанды табиғатқа нелер жатады? -Олардың айырмашылығы неде?	Балалар сұрақтарға толық жауап береді, бір бірінің жауаптарын толықтырады. Жауаптарының дұрыстығын дәлелдейді

Білуі тиіс: жансыз және жанды табиғаттың байланысын ұғындыру.

Түсінеді: суреттері тартылып беріледі, әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын, пікірін баяндайды

Қолданады: Балалар үй құстарының мамығымен, қауырсынымен танысады, оның қасиеті мен пайдасы жайлы әңгімелейді

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 07.09.17ж

Топ: Аққу

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Күз сыйы.

Мақсаты: «Күз» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыруға үйрету, күз белгілері жайлы әңгімелесу, сөйлеу тілі қандай болатыны қандай болатыны жайлы түсіндіру; Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту. Балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: азық

Көрнекіліктер: Күз мезгілінің көркем суреті, жемістер мен көкөністердің муляждары.

Билингвальді компонент: Кірпі-еж, алма-яблоко, қауын-дня, асқабақ-тыква, қарбыз-арбуз, сәбіз – морковь.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	-Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілі екенін қайдан білеміз? -Қандай көкөніс түрлерін білесіңдер? -Күз мезгілі несімен ұнайды? -Күз мезгілінде барлық жануарлар қысқа дайындалады. Тиіндер жаңғақтар жинаса, кірпілер індеріне саңырауқұлақтарды тасып алады. -Ал адамдар күзде қалай еңбек етеді?	-Қазір жылдың күз мезгілі. -Күз мезгілі екенін табиғаттың өзгеруінен білеміз. Ағаштардың жапырақтары сарғайып түседі, күн суытады, Жемістер көкөністер күз мезгілінде көп болып піседі. -Сәбіз, қияр, қауын, арбуз, асқабақ, қызылша. -Күз мезгілі жомарттылығымен, мырзалығымен ұнайды. -Еккен егіндерін жинап алады, көкөністерді тұздап, жемістерден тосап қайнатады, түскен жапырақтарды жинап, бау – бақшаны тазартады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	-Балалар, бағана мен сендерге айтып өттім. Күз мезгілінде жан – жануарлар, адамдар қысқа дайындалады. Мына суретке назар аударыңдаршы. Демонстрациялық құралмен жұмыс:	Балалар бар ынтасымен тыңдайды.

Тәрбиеші күз мезгілінің суретіне қарап әңгіме құрайды:

-Күз мезгілі, бақтың іші, сап – сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардың түскен жапырақтары жерде саудырап жатыр.

-Жапырақтардың түстері қандай?

-Бақта кімдер жүр?

-Бақтағы балаларға ат қояйықшы?

-Бақта балалар не істеп жүр?

-Балалар жапырақ теріп жүріп, нені көрді?

-Кірпінің үстінде не бар?

-Балалар, кірпі де қысқы азығын жинап жүр.

Тәрбиеші «азық» сөзінің мағынасын түсіндіреді.

Азық – тамақ, қорек.

-Айдар мен Жәмила «әне , кірпі кіріп кетіп бара жатыр», - деп айғайлады.

Кірпі жүруін жылдамдата түсті.

Айдар мен Жәмиланың көзі кірпі мен алмаға түсті.

-Алманың түсі қандай?

-«Әне, үстіндегі алманы қара», - деді Жәмила Айдарға.

-Кірпінің үстіне алма қайдан түсті?

-Иә, бақтағы алма ағашынан түскен еді.

Билингвальді компонент:

Кірпі- еж, алма-яблока,қауын-дыня, асқабақ-тыква,қарбыз-арбуз,сәбіз-морковь.

-Балалар, менің суретке қарап әңгіме құрағаным ұнады ма?

-Енді сендер «**Күз**» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырып

-Жапырақтардың түстері сап – сары.

-Бақта балалар жүр.

-Айдар мен Жәмила деп ат қояды.

-Бақта балалар жапырақ теріп жүр.

-Кірпіні көрді.

-Кірпінің үстінде алма бар.

Балалар тәрбиешінің сөзін қайталайды.

-Алманың түсі қып – қызыл.

-Бақтағы алма ағашының үстінен түсті.

Балалар қайталайды.

-Иә, ұнады.

	беріндер. -Иә, сенің әңгімеңнен сенің еңбекқор екеніңді байқадық. Әңгімеңе көп рахмет. Сергіту сәті: Шөп үстімен жүреміз : сырт-сырт. Тас үстімен жүреміз; тырс-тырс. Шалшық сумен жүреміз: шолп-шолп, Жолдарменен жүреміз: топ-топ. (Тәрбиеші жаттығуды қимыл – қозғалыс арқылы орындатады). -Сөйлеу үшін бізге не керек? -Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бір-бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. «Сөйлемей көрейікші» ойыны: Тәрбиеші: «Орындарыңнан тұрыңдар», - деп ымдайды. -Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды. Кейбір сөз ұзақ дыбысталады, кейбіреуі қысқа дыбысталады. -Балалар, қысқа сөзде дыбыс аз болады, ал көп дыбыс ұзақ сөзді құрайды. -Кәне, «кірпі», «жапырақ» сөздерін байқап көрейік. «Жемістер мен көкөністер жинау» дидактикалық ойынын өткізу:	-Біз жексенбі күні бау-бақшадағы жемістер мен көкөністерді жинадық. Анам жемістерден тосап жасады. Әкем құраған жапырақтарды тырмамен тырналады. Мен анам мен әкеме көмектестім. Өлең мазмұнына сәйкес қимыл – қозғалыстар жасайды. -Сөйлеу үшін бізге тіл керек, ауыз керек. Тып – тыныш отырады. Біразы тұрады, кейбіреуі тұрмайды. Қолдарымен созып көрсетеді. -Кірпі – қысқа дыбысты сөз. Жапырақ – ұзақ дыбысты сөз. балалар жемістер мен көкөністерді ажыратып, екі себетке жинайды.
Рефлексиялық	-Балалар сендер бүгін қандай	Балалардың жауаптары.

түзетушілік	тақырыпқа әңгіме құрадыңдар? -Сөйлеу үшін бізге не керек? -Қандай дидактикалық ойын ойнадыңдар?	
-------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: «Күз» тақырыбына әңгіме құрайды, көкеністер мен жемістерді ажыратуға берілген тапсырманы;

Түсінеді: Сөздің дыбыстан құралатынын;

Қолданады: Күз мезгілінің ерекшеліктерін сипаттайтын көркем сөздерді.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 12.09.17ж

Сыныбы: Аққу

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Жыл мезгілдері: жаз,күз. Белгілері

Мақсаты: Жаз және күз мезгілдерінің негізгі,маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау,жүйелеу; осы мезгілдердеі тән табиғатқа өзгерістер, өсімдіктермен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер,күн мен түннің ұзақтығы туралы білім беру.Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу өабілеттерін дамыту.Топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға,пікірлерін айта алуға тәрбиелеу.

Қолданылтын көрнекі құралдар мн жабдықтар:жаз, күз мезгілдерін бейнелейтін иллюстрациялар, өсімдіктер бейнеленген карточкалар, жұмыс дәптері.

Сөздік жұмысы: тіршілік.

Билингвальді компонент: егістік-поле-arable,шабындық-луг-meadow.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Тәрбиеші жаз, күз мезгілдері туралы өлеңдер оқиды: «Көлім, көлім, көлім» деп, Қаз да келді маймандап, «Шомыл, шомыл, шомыл» деп, Жазда келді жайраңдап. Сарғайды торғай Сап-сары маңай. Соңғы әнін айтып, Құс кетті қайтіп. М.Әлімбае . Жыл мезгілдерін еске түсіруді сұрайды. Әр мезгілдің үш айдан тратынын еске түсіреді.	Балалар өлең мазұны бойынша не түсінгендерін қысқаша айтады. Жыл мезгілдерін атап береді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Балаларға сұрақ қойылады: -Қазір қай мезгіл? -Мұның алдында қандай мезгіл болды? -Жаз мезгілін атаңдар. Жаз мезгілін бейнелейтін сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. Жаз кезінде дала, орман, саябақтар андай болып көрінеді? -Жазда құстар мен жануарлардың	-Күз мезгілі. -Жаз мезгілі. -Маусым, шілде, тамыз. Дала орман саябақ жап-жасыл болады. Гүлдер жайққалып өседі. Күн ыстық болады. -Жазда құстар

тіршілігіне қандай өзгерістер болады?

-Қандай жәндіктерді бақыладыңдар?(Тәрбиеші балалардың жауабын толықтырып, нақтылайды).

-Күн мен түннің ұзақтығы туралы не айтасыңдар?

-Адамдар қандай еңбек түрлерін атқарады?

Билингвалды компонент:

егістік-поле, шабындық-луг.

-Егін жинау қайсы айда басталады?

-Балалар жазда егістікке, шабындыққа, баққа, бақшаға бардыңдар ма?
Қазір біз сендермен «**Не қайда өседі?**» ойынын ойнаймыз.

-Ал өсімдіктер өсу үшін қандай жағдай жасау қажет?
Бүгін біз өсімдіктердің тіршілігі үшін судың қажет екеніне көзімізді жеткізіп көрейк.

Бір шоқ гүлдің бір данасын алып, сусыз қалдырамыз. Бірааз уақыттан кейін сусыз қалған және судың ішіндегі гүлдерді салыстырамыз.
Қандай айырмашылық бар?

Сергіті сәті:

Соз қолыңды оң жаққа

Соз қолыңды сол жаққа

Қолды айналдыр бұлданбай

Шеңбер жасап тұрғандай.

Тәрбиеші күз көрінісі бейнеленген суретті көрсетеді.

балапандарын ұясынан ұшырады.Жануарлармен құстар үшін азық жеткілікті болады.

-Шегіркелер шырылдап, аралар гүлден-гүлге ұшып қонады. Көбелектер гүлден айнамайды.

-Жазда күн ұзақ, түн ысқа болады.

-Үй жануарларына қыса шөп дайындайды, орманнан жидектерді, жемістерді жинайды.

-тамыз айынан бастап егіен жинай бастайды. Балалар өсімдіктер бейнеленген карточкаларды тез алып, орман, шабындық, егістік бақ, бақша бейнеленген үлкен картадағы бос торкөздерді толтырып жарысады.

-Жылу, су, жарық. Балалар тәжірибе жасайды. Біраз уақыттан кейін тәжірибенің қорытындысын бақылайды. Өз қорытындыларын айтады.

Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.

	-Күз туралы білетіндеріңді айтыңдар. Ауа райы қандай болады? Ағаштармен өсімдіктердің тіршілігінде қандай өзгерістер байқалады? Есік қағылады. Қонаққа қарға келеді. Балаларға ол оқиғасы туралы айтып береді: Жәндіктер ормандағы алаңқайға жиналып, қысты қалай өткізетіндері туралы айта бастады. Көбелек: «Мен ескі сарайдың шатырының астында жылы қуыс бар, сонда жасырынамын» дейді. Құмырысқа: «Ал мен ... »,-деді. «Ал біз...»,-деп ызылдады аралар. «Ал мен...»,-деп сыбырлады құрт. Жәндіктер не айтуы мүмкін? -Аңдар тіршілігінен нені байқадыңдар? -Адамдар қандай еңбек түрін атқарады? Дәптермен жұмыс. Жеке жұмыс жүргізу.	-Күн салқындай бастайды. Жаңбыр жиі жауады.. Күн өткен сайын ауа райы суыта береді. Жапырақтар сарғаяды, біртіндеп шөптер қурай бастайды. Құмырсқа: «Мен илеуімнің түбіне ұйықтауға кетемін»,-деді. Құрт: «Мен ағаштың қабығының астына жасырынамын»,-деді. Ара: «Мен қуыстарға тығыламын»,-деді. -Аңдар қысқа дайындалады, азық қорын жинайды, індерін жылылайды, жұқа жүндерін жылы жүнге ауыстырады, кейбір аңдар ұйқыға дайындалады. -Адамдар егінді, жеміс, көкөністерді жинайды. Үй жануарларына қысқа азық дайындайды. Отын-суын жөндейді. Тапсырмаларды орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Жаз және күз көріністерін қатар қойып, салыстыру жұмыстарын жүргізеді: -Жаз мезгіліне тән белгілерді тез атап шығыңдар. Күз мезгіліне тән белгілерді атаңдар.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: топтағы балалармен пікір алмасуды, табиғатты бақылауды

Түсінеді: жаз және күз мезгіліне тән белгілерді

Қолданады: жаз және күз мезгіліндегі жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі өзгерістер туралы білімді

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 14.09.17ж

Сыныбы: Аққу

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Қыстап қалатын құстар және жыл құстары

Мақсаты: қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру, оларды маңызды белгілері бойынша ажырата білуге үйрету. Балалардың құстардың жылы жаққа ұшып кету себептері туралы түсініктерін тереңдету, құстарды қыстап қалатын, жылы жаққа ұшып кететін құстарға бөліп жіктей алу білімдерін кеңейту.

Сөздік жұмысы: отырықшы

Көрнекіліктер: қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстардың суреті

Билингвальді компонент: жыл құстары-перелетные птицы-birds, отырықшы-оседлый-sedentary.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Қайырлы күн! Қайырлы таң! Күліп шықты күн бүгін. Тәрбиеші құстар туралы жұмбақтар айтады: Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі	Қарлығаш
	Ұзақ тектес құс Шіркей жеп. Ауыл маңынан Ұзап кетпес құс. Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазала, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап.	Қараторғай
		Тоқылдақ
Ұйымдастырушылық ізденістік	Педагог жыл құстары мен қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттер қарауды ұсынады. Сурет бойынша сұрақтар қояды: -Бұл құстардың сендерге қайсысы таныс? -Ауладан, орманнан қандай құстарды көрдіңдер? -Қыста жылы жаққа ұшып кететін құстар	Балалар суретті қарайды. Балалар өздеріне таныс құстарды атайды, сол құстардың қайсысын өзі тұратын жерден көргенін айтады. Жыл құстары.

	қалай аталады? Жылы жаққа ұшып кететін құстар қысқа өзіне азық жинай алмайды және қыста азық тауып жеуге бейімделмеген. -Ал бізде қыстап қалатын құстарды қалай атайды? -Қыста сендер қандай құстарды көрдіндер? Билингвалды компонент Жыл құстары-перелентные птицы отырықшы-оседлый. -Олар неге жылы жаққа ұшып кетпей,қалып қойды деп ойлайсыңдар? -Олар азықты қайдан табады? Сергіту сәті: Құс қанатын жайды, Аққу мойнын созды, Үйрек келіп қонды. Дегенмен де қыста құстар үшін өте қиын.Әсіресе қалың қар жауғанда,боран соққанда,қатты аяздарда азық тауып жеу қиынға соғады.Құстар қыс кезінде адамдар тұратын жерге жақындай түседі.Олар неге адамдарға жақын жерге келеді деп ойлайсың? \ -Оларға не берер едіңдер?Олар не жейді?	Отырықшы құстар Торғай,шымшық,көргеншін, ұзақ,тоқылдақ,қарға. Олар суықтан қорықпайды Азық тауып жей алады. -Ағаштың қабығының астына,қуыстарға жасырынып қалған жәндіктерді тауып жейді. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Балаларды мақтау, мадақтау	Балалардың жауаптары.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: жылы жаққа ұшып кететін құстарға бөліп жіктей

Түсінеді: Қыста құстарға қамқорлық жасауды

Қолданады: Оқу іс-әрекетіндеқұстар туралы жұмбақтар

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 19.09.17ж

Топ: «Аққу» ересектер тобы

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Ауаның қасиеттері.

Мақсаты: Балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыру, тәжірибе арқылы ауаның біздің айналамызды қоршап тұрғанына көздерін жеткізу. Ойлау белсенділіктерін, байқағыштықтарын арттыру. Қоршаған ортаны таза ұстауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: поролон

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: балалар санына қарай су құйылған ыдыс пен түтіктер, поролон, қарындаш, ауа толтырылған шар, шағын қорап.

Билингвальды компонент: ауа-воздух, самал жел-легкий ветерок.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	-Балалар, бүгін біздің тобымызға таңертең пошташы сәлемдеме алып келіпті. Сәлемдемені біздің досымыз-Самал жел жіберіпті. Не бар екенін көрейік. Самал жел бізге мынадай хат жазыпты: «Шардың ішіне не жасырылғанын табыңдар. Оның ішінде не болуы мүмкін?»	Балалар үрленген шарды айналдырып қарай бастайды. Олар өз пікірлерін айтады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Билингвальды компонент: ауа-воздух, самал жел-легкий ветерок. Тәрбиеші шардың жібін шешіп, ішіндегі ауаны жайлап шығара бастайды. -Меніңше, шардың ішінде бір нәрсе бар сияқты. Өйткені оның жібін шешкенде, дыбыс шыққан сияқты болды. -Ауа тағы қай жерлерде жасырынып жатуы мүмкін? Біз де өзімізді ғалым деп сезініп, тәжірибе жүргізіп көрейік. Дайын болсандар, өз орнымызға отырайық. -Біз мұрнымызбен не істейміз?	Балалар тәрбиешінің іс-әрекетін бақылайды. Шарды босатқандағы ысылдаған дыбысты тыңдайды. Сұраққа былай деп жауап беруі тиіс: -Шардың ішін босатқанда, одан ауа шықты. Балалар бастарына қалпақтарын, жеңдеріне жеңқап киіп, тәжірибе жасауға дайындалады. Өз орындарына отырады. -Біз мұрнымызбен тыныс аламыз.

	-Біз немен тыныс аламыз? -Яғни мұрын арқылы ауа біздің өкпемізге өтеді. Тынысты шығарғанда пайдаланылған ауа қайтадан ауыз немесе мұрын арқылы сыртқа шығарылады. Көне, бәріміз тексеріп көрейік. -Енді түтікті суы бар стаканға салып үрлейік. Стакан ішіндегі суда не болды? -Енді осы тәжірибені қорытындылайық. -Үстелдің үстінде ұсақ тастар жатыр. Осы тастарды стакандағы суға тастап көріңдер. Суда не пайда болды? -Ол қайдан пайда болды? -Ал мына поролонның кішкентай бөлігін стакандағы суға тастап көріңдер. Не болды? -Поролон неге батып кетпейді? -Ауаның бар екенін тексеру үшін түтікті алып, поролонды су түбіне батырыңдар. Не байқадыңдар? -Желге қандай қорытынды ой айтар едіңдер? Суретпен жұмыс. Ауаның ластануы бейнеленген суреттер көрсету. Проблемалық сұрақтар: «Ауаның ластануын қалай азайтуға болады?»	-Біз ауамен тыныс аламыз. Балалар түтік арқылы стакандағы суға ауа үрлейді. Көпіршіктердің пайда болғанын байқайды. -Тынысты ішке тартқанда ауаны жұтамыз, тыныс шығарғанда ауа қайтадан сыртқа шығады. Балалар ұсақ тастарды стакан ішіне тастайды. Тастарды суға тастағанда көпіршіктер пайда болады. -Тас суға батып кетті де, одан көпіршіктер пайда болды. Бұл-ауа. -Тастан. Яғни судың ішінде де ауа бар. -Поролон судың бетінде жүзіп жүр, суға батпайды. -Онда ауа бар. Яғни мұнда да ауа бар. -Бізге ауаның барлық жерде бар екені белгілі болды. Сурет бойынша балалар ауаның қалай ластанатынын айтып береді. Балалар проблемалық сұрақ бойынша өз ойларын айтады.
Рефлексиялық түзетушілік	«Ауа таза болу үшін не істеу керек?» деген сұрақ төңірегінде өз ойларын айту	Балалар ойларын қорытындылайды: -Шіріп, жерге түскен жапырақтарды өртемей, жинап алу. -Бөлме өсімдіктерінің жапырақтарының шаңын

		сүрту. Зауыт, фабрикалардан шығатын түтінді азайту үшін, трубаларына сүзгіш орнату. -Машиналардың түтін шығаратын түтігіне сүзгіш орнату, т.б.
--	--	--

- Күтілетін нәтиже:**
- Орындайды:** ауаның барлық жерде бар екендігін анықтау үшін тәжірибе жасайды
- Түсінеді:** адамның табиғатты таза ұстаудағы негізгі ролін, тіршілік үшін таза ауаның қажет екенін
- Қолданады:** сурет бойынша қорытынды ой айтуды, өз пікірін білдіруді

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 21.09.17

Топ: Аққу

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Ағаштар, бұталар, өсімдіктер

Мақсаты: Өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш топқа (ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктер) жіктей білуге үйрету. Оларға тән сыртқы белгілерді атай білу. Өзінің туған өлкесінде өсетін өсімдіктермен таныстыру. Табиғат туралы алған білімдерін дамыту. Сөйлеу, ойлау, зейінін аудару білу қабілеттерін жетілдіру. Туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Сөздік жұмысы: өсімдіктер

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: слайдтар, әртүрлі өсімдіктер бейнеленген карточкалар, бөліктерге бөлінген өсімдік суреттері, жұмыс дәптер.

Билингвальді компонент: ағаштар – деревья-tree, бұта – куст-bush, шөптесін өсімдіктер – травянистые растения-plant

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	-Балалар, бүгін сабаққа қандай көңіл күймен келгендеңді, бүгінгі оқу іс – әрекетінің қалай өтетінін ымышарамен көрсетіндерші. -Сабақтың соңына дейін осындай көңіл күйде отыратын болайық.	Балалар күлімсірейді, өз көңіл күйін қалауынша көрсетеді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	№1 слайд. Балаларға таныс қайың, терек, алма ағашы, итмұрын, қарақат бұталары, бақ – бақ, қызғалдақ суреттері көрсетіледі. -Осы суреттерді бір сөзбен қалай атауға болады? -Өсімдіктер қандай табиғатқа жатады? -Дәлелдендер. Балалар үш топқа бөлінеді. 1-топқа шөптесін өсімдіктің (мысалы, қызғалдақ) суреті беріледі. Тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі, тұқымы анық нөмірленіп көрсетілген. 2-топқа алма ағашының суреті беріледі (тамыры, жуан діңі, бұтақтары, жапырағы, жемісі, тұқымы нөмірленіп көрсетілген).	Балалар алдымен өсімдіктердің атауын жеке - жеке атайды -Өсімдіктер деп атайды. -Өсімдіктер тірі табиғатқа жатады. -Олар өседі, көбейеді, қоректенеді, тіршілігін тоқтатады. Балалар топта қолдарына берілген өсімдік туралы не білетіндерін ортаға салады. Анық көрсетілген өсімдік мүшелеріне назар аударып,

3-топқа итмұрын немесе қарақат бұтасының суреті беріледі (тамыры, бұталары, жапырағы, тұқымы, жемісі анық көрсетілген).

-Қолдарыңа берілген сурет бойынша осы өсімдікті жақсылап зерттеңдер. Өсімдік қандай мүшелерден тұрады, ол мүшелеріне үшін керек екеніне назар аударыңдар. Нөмірі бойынша атаңдар.

№2 слайд. Ағаш, бұта және шөптесін өсімдіктің мүшелері көрсетілген сурет. Осы суреттер бойынша балалар салыстыру жұмысын жүргізеді. Өсімдіктің қандай мүшелері барлығына тән екенін айтады. Содан соң айырмашылығын айтады. Ол үшін балалардың назарын ағаштың діңіне аударады.

-Ағаштың діңі қандай? Діңінен не тарайды?

-Енді ағаш пен итмұрынөсіп тұрған өсімдікті салыстырыңдар.

-Олай болса, бірінші өсімдік ағаш деп аталады, ал екіншісі бұта деп аталады.

-Осы өсімдіктер мен бақбақты салыстырыңдар. Қандай айырмашылығы бар?

-Ал діңі, бұтағы жоқ өсімдіктерді шөптесін өсімдіктер деп атаймыз. Демек өсімдіктер үлкен үш топқа бөлінеді. Олар: ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктер.

Билингвальды компонент: ағаштар – деревья, бұта – куст, шөптесін өсімдіктер – травянистые растения.

Содан соң әртүрлі өсімдіктердің суреті бейнеленген карточкалар таратылады.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

сол туралы сөйлеуге дайындалады.

Балалар толық зерттеу жұмысын жүргізіп болғаннан кейін, өсімдік мүшелерінің атауын, атқаратын қызметін шамасы келгенше айтады (тамыры арқылы қоректенеді, су ішеді, қорек сабағы арқылы жапырағына, гүліне барады, гүлде тұқым пайда болады). Балалар зерттеп, әрқайсысы өз ойларын ортаға салғаннан кейін, біреу топ атынан сөйлейді.

-Өсімдіктердің барлығында тамыры, жапырағы, гүлі, тұқымы болады.

-Ағаштың діңі жуан, мықты. Діңінен бұталар тарайды.

-Бұл өсімдіктің діңі жоқ, тамырдан кейін жер бетінде бірден бұталар таралып кеткен.

-Бақбақтың діңі де, бұтағы да жоқ. Оның жұмсақ, иілгіш сабағы бар.

Балалар сурет бойынша ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктер болып үшке бөлініп тұрады.

Ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктердің атын педагогтің көмегімен атап, өз жерінде өсетін өсімдік атауларымен танысады.

Ағаштар: емен, терек, қарағаш, қайың, иеңкі.

Бұталар: итмұрын, қарақат, долана, қожақат.

Шөптер: бақбақ, қызғалдақ, түймедағы, жолжелкен т.б.

	Алдымнан жел еседі. Кіп – кішкентай ағаштар Биік болып өседі. <i>Дәптермен жұмыс.</i> Жеке жұмыс жүргізу. «Не екенін тап!» дидактикалық ойыны. <i>№3 слайд</i> Өсімдіктер тобының бір – бірінен айырмашылығын көрсететін мүшелері бойынша қандай өсімдік тобы екенін табады. «Бұл өсімдіктің жапырағы бар». Қандай өсімдік тобы туралы айтып тұрғанымды табу мүмкін бе? «Оның тамыры мен жапырағы бар». Бұл не? «Бұл өсімдіктің қалың қабықпен жабылған жуан діңі, жапырағы, тамыры, бұтағы бар». Осылайша қалған өсімдіктер тобына талдау жұмысы жүргізіледі. <i>Жұппен жұмыс.</i> -Қазір сендер қастарыңда отырған баламен жұмыс істейсіңдер. Сендерге хат қалта беріледі. Оның ішінде суреттердің бөліктері бар. Суреттерді біріктіріп, қандай өсімдік екенін анықтап, оның ағашқа, бұтаға немесе шөптесін өсімдікке жататынын дәлелдейсіңдер.	Балалар өлең мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды. Дәптердегі тапсырмаларды орындайды. Барлық өсімдіктердің жапырақтары бар, таба алмаймыз. Не екенін айта алмаймыз -бұл- ағаш. Балалар өсімдік бөліктерін дұрыс орналастырып, атауын айтады. оның мүшелерін атап көрсетеді. қай өсімдік тобына жататынын дәлелдеп айтып береді.
	Бір бет қағаз алыңдар. Сол жақ жоғарғы бұрышына күннің суретін салыңдар. Егер саған бүгінгі іс-әрекетіміз ұнаса, күннің суретін көңілді, егер шаршаған болсаң, көңілсіз түрде сал.	Тапсырманы орындайды

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: өсімдіктерді өзіне тән белгілері бойынша үш топқа жіктейді, туған өлкесінде өсетін өсімдік түрлерін айтады

Түсінеді: өсімдіктердің әртүрлі болатынын, бір-бірінен айырмашылығы барын, өсімдік мүшелерінің атқаратын қызметі туралы қарапайым түсінікті

Қолданады: өздеріне таныс өсімдік түрлерін қай топқа жататынын анықтауды

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 26.09.17

Топ: Аққу

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Қазақстанда өсетін өсімдіктер-қайталау

Мақсаты: Өсімдіктердің әр алуан жерде (дала, шалғын, орман, тау, бау – бақша т.б.) өсетіні туралы түсінік қалыптастыру, Қазақстанда өсетін өсімдіктердің кейбір түрімен таныстыру. Аймақтық табиғат ерекшеліктеріне тән өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдік әлеміне ұқыпты қарауға тәрбиелеу, өсімдіктерсіз тіршілік атаулы өмір сүре алмайтыны туралы ұғым беру.

Сөздік жұмысы: жантақ, боз, жусан, бетеге.

Көрнекіліктер: өсімдіктердің әртүрлі жерде өсіп тұрғанын бейнелейтін табиғат көрінісі, жантақ, сексеуіл, селеу, жусан, бетеге өсімдіктердің суреті, жұмыс дәптері.

Билингвальді компонент: жантақ – верблюжья колючка-alhagi, боз – ковыль-mat grass, жусан – полынь-absinth, бетеге – типчак-type.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Баланың іс-әрекеі
Мотивациялық қозғаушылық	«Өсімдікті жина» ойыны. Шалғын бейнеленген үлкен сурет (шөп, өсімдіктері жоқ) және бөліктерге бөлінген өсімдік мүшелері (тамыры, жапырағы, гүлі, жемісі). Педагог: -Балалар, мына шалғында бір кездерде түрлі өсімдіктер мен гүлдер өсіп тұратын. Бірде қатты дауыл тұрды. Дауылдан кейін шалғында түк қалған жоқ (көк аспан астындағы сары қоңыр жерді көрсетеді). Сендерге бұл жер ұнай ма? Бұл жерді шалғын деп айтуға бола ма? Оны қалай әдемі көрсетуімізге болады? -Дұрыс айтасыңдар. Шалғынға жан бітірейік. Гүлдер өсірсек, бұл жерде көбелектер, аралар, түрлі жәндіктер ұшып келетін болады. Балаларға бөліктерге бөлінген өсімдіктер жинағы ұсынылады. Сондай – ақ қажетсіз заттар бөліктері де беріледі. Жұмыс соңында шалғынның әдемі көрінісі пайда болады. Оған түрлі	Балалар ойынға кіріседі. -Жер беті өсімдіктер болмаса, әдемі көрінбейді. Шалғын деп атау үшін, ол жерде түрлі өсімдіктер, гүлдер өсуі тиіс. Бұл жер әдемі болу үшін өсімдіктер өсіруіміз керек. Балалар өздеріңе қажетті бөліктерді тандап алып, өсімдікті құрастырып атауын айтып, шалғынға орналастырады. -Жәндіктер өсімдіктерсіз тіршілік ете алмайды?

	жәндіктерді де орналастырады. -Егер өсімдіктер болмаса, бұл жерге жәндіктер ұшып келер ме еді? -Өсімдіктер тағы кімлерге және нелеге қажет?	-Өсімдіктер адамдарға да, жан-жануарларға да қажет.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Қазақстан өсімдіктерінің алуан түрлілігін көрсететін суреттер көрсетіліп, әңгіме жүргізіледі. -Балалар, біз осы алуан түрлі өсімдіктердің тек кейбір жиі кездесетін түрімен танысамыз. Педагог өсімдіктер суреттерін көрсете отырып түсіндіреді. Картадан өсетін орындарын көрсетуге болады. <i>Жантақ</i> Қазақстанның шөл далаларында өседі. Оның биіктігі 30-100см. Тамырының ұзындығы 10м-ге дейін жетеді. Сабағы тікенді болады. Мамыр, маусым айында гүлдеп, тамызда жеміс береді. Жантақ- дәрілік өсімдік. Оны түйе сүйсініп жейді. <i>Сексеуіл</i> – ағаш тұқымдас өсімдік. Біздің жерімізде ақ және қара сексеуіл өседі. Ол құмдауыт жерде өседі. Оның тамыры 10-1м тереңдікке дейін жетеді. Ол суды өте тереңнен тартады. Оның жас бұтақтарын түйе жақсыкөреді. Ұсақ малдар оның жердегі сынық бұтақтары мен қураған жапырақтарын жейді. Сексеуіл жақсы жанады, қызуы жоғары. Сондықтан оны отын ретінде кесушілер көбейіп кетті. Сондықтан ол Қызыл кітапқа енгізілген. Селеу-көпжылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның барлық облысында, әсіресе оңтүстік аймақта жиі кездеседі. Мамыр, маусым айында гүлдейді. Жусан Қазақстанда көп өседі. Оның таулы, шөлді жерде өсетін түрлері көп. Жусан-құнарлы мал азығы. Бір, екі жыл тіршілік етеді.	Балалар әңгіме барысында Қазақстан жерінде өсімдіктердің түрі өте көп өсетінін түсінеді. Балалар әңгімеге кіріседі.

	Дәптермен жұмыс. Жеке жұмыс жүргізу.	Тапсырмаларды орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік	-Бүгін, балалар, біз өз жерімізде өсетін өсімдіктермен таныстық. Енді сендер осы өсімдіктерді көретін болсаңдар, ол туралы айтатын боласыңдар және олармен амандасып, қамқорлықтарыңа алып жүретін боласыңдар.	Өздеріне таныс өсімдіктерді атайды, естеріне түсіреді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: өсімдік әлеміне ұқыпты қарауды

Түсінеді: әр аймақтың ерекшелігіне қарай өзіне тән өсімдіктері болатынын, өсімдіктердің адам өміріндегі маңызын

Қолданады: Қазақстанда өсетін өсімдіктердің кейбір түрлері,оның атауы, қайда өсетіні, ерекшеліктері туралы білімді

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 28.09.17

Топ: Аққу

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Жас экологтар

Мақсаты: проблемалық жағдайларды шешуді үйрену. Тірі организмнің қоршаған ортамен байланысы туралы түсініктерін нығайту. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы түсініктерін нығайту. Қоршаған орта, оны қорғау туралы білімдерін дамыту.

Сөздік жұмысы: эколог

Көрнекіліктер: қыстап қалатын және жыл құстарының суреті, мольберт, қорап, сым, қайшы

Билингвальді компонент: шымшық- синица-tomtit, тоқылдақ-дятел-tapper, қайшыауыз торғай- клест-crossbill, үкі-филин-owl

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Педагог топқа ішінде жоспар-сызба бар хатқалтаны әкеледі. Хатты ашып оқиды: «Құрметті балалар! Мен сендерді саяхатқа шығуға шақырамын. Бізге қайда жүру керектігін жоспар-сызба көрсетеді. Сендерді алда қызықты кездесулер мен шешілмеген мәселелер күтіп тұр. Тиін ».	Балалар «өзен», «орман», «зертхана», «шеберхана» деген аялдамалар белгіленген саяхат жоспарымен танысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	<i>1-аялдама.</i> «Өзен» аялдамасы. Педагог балаларды саяхатқа шығуға шақырады. Балалардың алдынан Тиін шығып, не болғанын айтады: «Бір бала мені орманда көріп, ақырын келіп, ұстап алды. Мені осында әкеліп тастап кетті. Жан –жағыма қарасам, маған таныс емес жер. Мұнда су, жер, мен білмейтін өсімдіктер. Менің өз үйіме қайтқым келеді. Бірақ менің айналамдағылардың не нәрсе екенін білгім келеді. Маған сендер айтып беретін шығарсындар». Педагог балалардың назарын экрандағы өзен бейнеленген көрініске аударады. -Балалар, өзенде нелер өмір сүреді? (әңгіме иллюстрациялар, ойыншықтар көрсету арқылы жүргізіледі). -Өзенде мекендейтіндер табиғаттың	Балалар саяхатқа (топ бөлмесінде) шығуға дайындалады. Тиінмен амандасады, қызығушылығын білдіреді. Балалар тиіннің сөзін тыңдайды. Балалар экраннан не көріп тұрғандарын әңгімелейді. -Өзенде балықтар, шаяндар,

	жанды, жансыз денелерінің қайсысына жатады? Тиінге дәлелдеп беріңдер. <i>«Орман» аялдамасы.</i> Жүргізуші: -Тиін, бұл жер саған таныс па? Балалар, қазір, жылдың қай мезгілі? Табиғатта қандай өзгерістер болып жатыр? Тиін қыс мезгіліне дайын ба? -Тиінді осы жерге, орманға қалдырып кетеміз. Жинаған жаңғақтары мен саңырауқұлақтарын жеп жатады. -Орманда құстардың даусы естілмейді. Олар қайда кеткен? Олар неге ұшып кетті? Билингвальді компонент:шымшық-синица-tomtit, тоқылдақ-дятел-tapper, қайшыауыз торғай- клест-crossbill, үкі-филин-owl <i>«Шеберхана» аялдамасы.</i> -Сызба бойынша келесі аялдама- «Шеберхана». Біз онда жемсауыт жасаймыз. -Біз қыстап қалатын құстарға жем беруіміз керек. Бос қораптардан жемсауыт жасаймыз. Экранда жемсауыттың жасалу жолы көрсетіледі. Серуенге шыққан кезде жемсауытты ағаштарға іліп, құстарға жем береміз. <i>Дәптермен жұмыс.</i> <i>Жеке жұмыс жүргізеді.</i>	жәндіктер, өсімдіктер өседі. Жануарлар өзенге су ішуге келеді. -олар жанды денелерге жатады. Өйткені олар көбейеді, өседі, қозғалады, тыныс алалы, қоректенеді, өледі. Балалар топтағы орман көрінісі бейнеленген бұрышқа қарай жүреді. -Қазір күздің соңғы айы. Күн суытып, өзенге мұз қата бастайды. Тиін сұр тонын ақ тоға ауыстырады. -Құстар жылы жаққа ұшып кетті. -Олар үшін қыста қорек аз. Балалар «шеберханаға» келеді. Үстелдің үстінде сүттен босаған қораптар тұр. Балалар бос пакеттен үлгі бойынша жемсауыт жасайды. Тапсырмаларды орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік	-Міне, біздің саяхатымыз да аяқталды. Сендерге не ұнады? Біз құстарға қалай көмектестік? Енді сендер табиғатты қалай қорғау керек, су қоймасында, орманда тіршілік	Балалар өздеріне не ұнағанын айтады. Орман көрінісінің алдында естелік үшін суретке түседі.

ететін жануарлар мен құстарға қалай көмектесу керек екенін білдіңдер.	
--	--

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: проблемалық жағдайларды шешеді, тірі организмнің қоршаған ортамен байланысын түсіндіреді

Түсінеді:табиғатты қорғау қажеттігін, қыстап қалатын және жыл құстары туралы білімді

Қолданады: қоршаған орта мен табиғатқа қамқоршы болуды, бірін-бірі тыңдауды, өз пікірін білдіруді

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні:02-03.10.17ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер.

Мақсаты: Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістермен, тіршілігімен таныстыру, жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру.

Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру.

Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: түлеу

Билингвальды компонент: түлеу-линка-fade , көртышқан-крот-mole , азық қоры-провизия-provisions

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	-Мен сендерге әңгіме оқып беремін. Әңгімеде не туралы және қай мезгіл туралы айтылғанын табыңдар: «Ол ағаштан ағашқа секіріп, бір нәрсені ағаштың қуысына жинап, тыным таппай жүр. Жақында үстіндегі тонын да ауыстырады. Ал төменде қорбаңдаған бір нәрсе жидектерді, жаңғақтарды, ағаштың тамырын жеп жүр. Өзі әбден семіріп алыпты, денесін көтере алмай, маймаң-маймаң етеді».	Әңгімеде тиін туралы айтылады. Ол күзде қысқа дайындалады, ағаш қуысына қорек жинайды. Ал аю жеміс-жидектерді жеп, денесіне май жинайды. Әңгімеде күз мезгілі суреттеледі.
Ұйымдастырушылық ізденістік	-Бізге бүгін қонаққа не келетінін өздерің табыңдар. Жұмбақ Үстінен тоны түспеген Сонда да араз қыспенен -Аю бізге жалғыз келмепті, қасына аңдарды ертіп келіпті. Қандай аңдар екенін айтыңдар. -Аңдардың түрі, көлемі әртүрлі. Бірақ бәріне ортақ бір белгіні атаңдар. Суретпен жұмыс. Аңдардың күзгі тіршілігі бейнеленген сурет көрсетіледі. Сурет бойынша аңдардың күзде қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беріледі. Билингвальды компонент: түлеу-линка-fade , көртышқан-крот-mole , азық қоры-провизия-provisions «Аю күні бойы орман кезіп жүріп, жеміс-	-аю. Балалар аңдардың атын атайды. -Аңдардың денесін түк басқан.

	жидектер мен еменжаңғақтарды жеп, денесіне май жинайды, апанының ішін дайындайды. Тиін мен қоян түлейді, яғни жұқа жүндері қалыңдайды және түстері өзгереді. Тиін ағаш қуысына азық қорын жинайды. тышқан мен көртышқан ініне егістіктен масақ дәндерін жинайды. Борсық інінің ішін тазалап, қысқа дайындап, ағаш тамырын, саңырауқұлақ жинайды. Қасқыр мен түлкі қысқа азық жинамайды». -Ал үй жануарлары қысқа қалай дайындалады? Жануарлардың қысқы тіршілігін бейнелейтін суретпен жұмыс. Сергіту сәті: «Аңдар қысқы суықтан қорықпайды. Оларды суықтан жылы, жұмсақ терілері сақтайды. Қоян мен тиін жауларынан қорғану үшін,терілерінің түсін ақ түске өзгертеді. Тиін өзінің жазда, күзде жинаған азығын іздеп табады. Ал аю болса, қыс бойы апанында ұйықтайды. Борсық та інінде ұйықтайды. Олардың денесіне жиып алған майы олардың аш болмауына көмектеседі. Ал қоян, қасқыр, түлкі, бұлан қысқа азық жинамайды. Қоян ағаштың қабығын кеміреді. Бұлан да ағаш бұтақтарымен қоректенеді. Түлкі үнемі қар бетін иіскелеп жүреді. Ол қар астынан тышқанның інін іздейді. Бірақ қыста жануарлар үшін азық азайып кетеді. Сондықтан қыста оларға қосымша азық берген дұрыс. Орманға жем-шөп, орамжапырақ, жаңғақ, еменжаңғақ апарып төгу керек». -Ал үй жануарларының қысқы тіршілігі туралы не білесіңдер? Дәптермен жұмыс. Жеке жұмыс жүргізу.	-үй жануарлары үшін жем-шөпті адамдар дайындайды. Қораны жөндейді -үй жануарларына адамдар қыста жем-шөп, су береді. Қораны күніне тазалайды. Олар қыстай жылы қорада тұрады. Тапсырмаларды орындайды.
--	--	--

Рефлексиялық түзетушілік	-Естеріңде не қалды? -Қандай тапсырманы орындау саған ұнады? -Ата-аналарыңа не туралы айтасыңдар?	Балалар қандай тапсырманы орындау ұнағанын естеріне түсіреді
---------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын айтады

Түсінеді: қыс мезгілінде жануаларға қамқорлық жасауды, жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістерді

Қолданады: жануарлардың атын, күз бен қыс мезгілдеріне тән ерекшелікті

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 05.10.17ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Қазақстанда мекендейтін жануарлар

Мақсаты: қазақстан жерін мекендейтін жануарлармен таныстыру, олардың тіршілігі туралы мағлұмат беру. Балалардың жануарлар туралы білімдерін әрі қарай кеңейту, өз білімдерін қолдана алуға жағдай туғызу. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға деген қамқорлық сезімдерін дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: арқар, барыс, саршұнақ, дала тасбақасы, қосаяқ, құлан суреттері, тау, дала табиғат көрінісіндегі жануарлар суреті

Сөздік жұмысы: арқар, барыс, қосаяқ, құлан

Билингвальды компонент: арқар-архар, барыс-барс-dative, ирбис, қосаяқ-тушканчик, құлан- кулан

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	-Бүгін бізге ерекше көңіл күй қажет. Ол үшін бір-біріне қарап күлімсіреңдер, жақсы тілектер айтыңдар. Мен сендерді табиғатқа саяхатқа шығуға шақырамын.	Балалар бір-біріне қарап, жақсы тілектер айтады. Назарларын бүгінгі оқу қызметіне аударады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Жағымды музыка қойылады. -Балалар, біздің жеріміздің табиғатына қараңдаршы (таудың, даланың әдемі табиғат көрінісі көрсетіледі). Біздің жеріміз кең-байтақ. Онда алуан түрлі жануарлар мекендейді. Қандай жануарларды білесіңдер? Тақтаға әртүрлі жануарлар суреті ілінеді. -Мына суретте көрсетілген жануарлар түрі қандай көп, оларға сүйсіне қарайсың. Сергіту сәті: Иіліп оңға бір, Иіліп солға бір. Денемізді дұрыстап, Тұрамыз тік ұстап. Алтай арқары- өте бағалы аң. Биік тау беткейлерін мекендейді. Шөптесін өсімдіктермен қоректенеді. Ол бағалы аң	Балалар табиғат көрінісі туралы өздерінің алған әсерлерін әңгімелейді. Өздері білетін жануарларды атайды. Балалар тәрбиешінің көмегімен жануарлардың атауымен танысады. Өлең мазмұнына сәйкес кимылдар жасайды. Мұқият тыңдап, әңгімеге кіріседі.

	болғандықтан оны аулауға тыйым салынған. Оның жасын мүйізіндегі сақинасына қарап анықтайды. Құлжасының мүйізі ірі, бұралып иіліп тұрады. 12-14 жыл өмір сүреді. Барыс-мысық тұқымдас жыртқыш аң. Ол басын мәңгі қар басқан тауларды мекендейді. Оның терісі бағалы. Қимылы жылдам, епті. Жемтігін қуғанда 7-8 м биіктікке дейін секіреді. Олар ойынпаз, қарға аунап ойнағанды жақсы көреді. Қазақ ежелден барыстың тектілігі, батылдығын пір тұтқан. Қосаяқ-кішкентай кеміргіш аң. Балқаш өңірінде тіршілік етеді. Сирек кездеседі. Ол өсімдік дәнімен, жемісімен, қоңыз, шегірткемен қоректенеді. Қыстай денесіне жинаған майымен қоректеніп, ұйықтап жатады. Құлан-шөлді жерді мекендейді. Алматы, Қарағанды хайуанаттар бағында бағылады. Түрікмен жерінен әкеліп жерсіндірілген. Ол есекке де, жылқыға да ұқсайды. Олар бұрын Қазақстан жерінде үйір-үйірімен жүретін. Оны есепсіз аулап, азайып кетті. Қазір қорғауға алынған. Дала тасбақасы- шөлді жерлерді мекендейді. Ол қауіп төнгенде, басын сауытының ішіне жиып алады. Жылдай тіршілік етеді. Өсімдіктермен қоректенеді. Жылына 3-4 ай ояу, қалған уақытта ұйқыда болады. Саршұнақ-ашық дала кеңістігінде өмір сүреді. Олар ін қазып, топырағын сыртқа үйіп тастайды. Егінге көп зиян келтіреді. Бірақ оның терісі бағалы. -Бұл жануарларды сендер қай жерден көрдіңдер? Дәптермен жұмыс. Жеке жұмыс жүргізу.	
		Бұл жануарларды теледидардан, кітаптан көргендерін айтады. Өздерінің не білетіндерін

		әңгімелейді.
Рефлексиялық түзетушілік	Балалардың жануарлардың пайдасы, оларды қорғау туралы қорытынды ойлары тыңдалады. Мұқият бол! ойыны. Ал енді мен сендерге бүгінгі танысқан жануарлардың бір белгісін айтамын, сендер қандай аң екенін табасыңдар.	Балалар тәрбиешінің айтқан сипаттамасы бойынша қандай жануар екенін табады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Қазақстан жерінде мекендейтін жануарлардың кейбір түрін сурет бойынша ажыратады, олардың тіршілігі мен мекені туралы мәліметтер іздейді

Түсінеді: Қазақстан жануарларының алуан түрлі екенін, жануарлардың пайдасын, оларды қорғауды

Қолданады: жануарлар туралы білімін жетілдіру

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 9-10.10.17ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Адам-табиғаттың бір бөлігі

Мақсаты: Адамның табиғаттың ажырамас бөлігі екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Адамның сезім мүшелерінің табиғатты танып-білудегі рөлі туралы түсінік беру. Балалардың тілін дамыту, сөйлеу тілдерін жетілдіру, қиялдарын байыту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, денсаулығын сақтауға деген ниеттерін арттыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: табиғат туралы сюжетті картина, мақта, ойын, айна

Сөздік жұмысы: сезім мүшелері

Билингвальды компонент: сезім мүшелері-органы чувств, дене мүшелері-части тело, көз-глаза-еуе, мұрын-нос-nasal, тері-кожа-skin, құлақ-ухо-ear

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	Біз бүгін адам туралы айтатын боламыз. Адам мен табиғат- біртұтас дүние. Ал адам өмір сүруі, тіршілік етуі үшін, жұмыс істеуі, қозғалуы үшін не керек? -Айналадағы дүниені танып –білуге адамның қандай сезім мүшелері көмектеседі? Құлақ, мұрын, тіс т.б, сезім мүшелері туралы жұмбақтар жасыру.	-Адам өмір сүріп, тіршілік етуі үшін, дене мүшелері қажет. Балалар жұмбақтың шешуін табады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	-Көз-адамның негізгі көмекшісі болып табылады. Ол қандай қызмет атқарады? -Көз туралы не айтуға болады? Көздің түсі қандай? Көзді қалай күту керек? Көзге арналған гимнастика. 1.Көзінді қатты жұм да, қайтадан аш. 3-4 рет қайтала. 2.Саусақтың ұшымен қабағыңды 1 минут шамасында ұста. 3.Көзді айналдыра қозға: солға- жоғары- оңға-төмен. 10рет қайтала. 4.Қолдарыңды алдыға соз. Саусағыңның ұшын жайлап мұрныға қарай жақындат. Содан соң қайтадан жайлап алдыға соз. Осы қимылды көзінді жүргізіп бақыла. 5 рет қайтала.	-Ол айналадағы дүниенің бәрін көруге, көлемін, орналасқан орнын ажыратуға көмектеседі. Балалар сұрақтарға жауап береді.

	5. Терезеден қара,ең алыс нүктені тауып, көзіңді 1 минут тоқтатып қара. Есту мүшесі -Дыбыстарды естуге сендерге не көмектеседі? -Құлақты күту үшін не істеу керек? Музыка қойылады. Балалар құлақтарын мақтамен тығындайды. -Не болғанын айтыңдар. -Қандай қорытынды айтасыңдар? -Есту- адам үшін ең үлкен байлық. Біз күнделікті тағы қандай сезім мүшесін күтіп ұстауымыз керек Тіс туралы жұмбақ шешу. -Тіс не үшін керек? Оны қалай күту керек?Тіс неге ауырады? Сезім мүшелері-дидактикалық ойыны. Билингвальды компонент: сезім мүшелері-органы чувств, дене мүшелері-части тело, көз-глаза-еуе, мұрын-нос-nasal, тері-кожа-skin, құлақ-ухо-ear Сезім мүшелерін дұрыс күту, дұрыс күтпеуге берілген әртүрлі жағдайлар бейнеленген суреттер. -Сонымен сезім мүшелері арқылы нені танып-біледі? -Табиғатты қандай екі үлкен әлемге бөлеміз? -Адамның табиғатпен қандай байланысы бар? -Адамды неге табиғаттың патшасы деп атайды? -Дұрыс айтасыңдар. Адам-табиғаттың бір бөлігі. Сондықтан ол табиғатқа қамқор болуға міндетті. Ол бәрін табиғаттан үйренеді.	-Айналадағы дыбыстарды құлақ арқылы естиміз. Құлақты үнемі таза ұстау керек. -Дыбыстар жоқ болып кетті. Еш нәрсе естілмейді. -Құлақ арқылы айналадағы барлық дыбыстарды естиміз. Балалар тісті қалай күту керектігін айтады. Балалар сурет бойынша ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айтады. -Өйткені адам табиғатқа өз ықпалын тигізе алады. Егер дұрыс қарамаса, табиғатты бүлдіреді. Табиғатқа қамқор болу да соның қолында.
Рефлексиялық түзетушілік	Табиғатта не маңызды? ойыны.	Балалар сұраққа жауап береді. Бір жауаптан айтып, дәлелдеп, шеңберге тұрады.

		Соңында бәрі қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді. Табиғатта бәрі бір-бірімен байланысты деген қорытындыға келеді.
--	--	---

- Күтілетін нәтиже:**
- Орындайды:** өз ойын дұрыс жеткізуді, сезім мүшелерін күтуді
- Түсінеді:** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін, адамның табиғатпен тығыз байланысын, адамның табиғатқа ықпалын
- Қолданады:**дене мүшелерінің және сезім мүшелерінің атқаратын қызметі туралы білімді

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 13-14.10.16

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Қоңыр аю кімнен қорқады?

Мақсаты:

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:

Сөздік жұмысы:

Билингвальды компонент:

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.		
Ұйымдастырушылық ізденістік		
Рефлексиялық түзетушілік		

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:

Түсінеді:

Қолданады:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 16-17.10.17ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері және оларды күту

Мақсаты: Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту, өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу, олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру. Практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру, өсімдіктер туралы білімдерін дамыту. Әңгімеге араласа білуге, өз көзқарасын айта алуға тәрбиелеу, өсімдіктерді өсіруге, күтуге деген қызығушылықтарын арттыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: демонстрациялық материалдар, бөлме өсімдіктері, таяқшалар, су сепкіш, жұмыс дәптері

Сөздік жұмысы: бөлме өсімдіктері

Билингвальды компонент: бөлме өсімдіктері- комнатные растения, су бүрку- опрыскивать водой, топрағын қопсыту-разрыхлять почву

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	-Балалар табиғат бұрышынан білуге құмар Қоянның хатын тауып алдым. Ол хатында бөлме өсімдіктерін жақсы көретінін, бірақ оны қалай күту керектігін білмейтінін айтыпты.	Балалар Қоянның хатымен танысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	-Олай болса, Қоянға біздің бөлмедегі өсімдіктерді көрсетіп, оны қалай күту керектігін үйретейік. -Қоян, қарашы біздің топта бөлме өсімдіктері қандай көп. Балалар, осы өсімдіктердің атын атап көрейікші. -Балалар, өсімдіктердің бәріне ортақ ұқсастықты айтып беріңдерші. -Олардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Сөздік жұмыс жүргізіледі. Билингвальды компонент: бөлме өсімдіктері- комнатные растения, су бүрку- опрыскивать водой, топрағын қопсыту-разрыхлять почву -Енді Қоянға өсімдіктердің тірі организм екенін дәлелдеп беріңдер.	Балалар тәрбиешінің көмегімен өсімдіктердің атын атайды: Бегония, бальзамин, герань, папортник, кактус т.б -Олардың тамыры, жапырағы, сабағы бар. -Олардың жапырақтары әртүрлі, бірінің сабағы жуан, бірінің сабағы жіңішке. -Өсімдіктер өседі, қоректенеді, су ішеді, ауамен демалады, өсуін

	-Олар аузы жоқ болса, қалай қоректенеді, су ішеді? -Ал ауамен қалай демалады? -Жарайсыңдар, балалар, Қоянға көп нәрсе айтып бердіңдер. Сергіту минуты: -Өсімдіктер алғаш өнген кезде қандай болады? -Қалай өседі? -Гүлдері қайда өседі? -Жаңбыр жауғанда гүлдер қайтеді? Практикалық жұмыс. -Балалар,енді Қоянға өсімдіктерді қалай күту керек екендігін көрсетейік. -Өсімдік жақсы өсу үшін не керек? Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық. 1.Топырақты таяқшамен қопсытамыз. 2.Жапырақтарының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз. 3. Су құямыз. 4.Жапырақтарына су бүркеміз. -Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін, күту жұмысын қалай орындадыңдар? -Жарайсыңдар, балалар! Сендер Қоянға өсімдіктерді күтуді үйреттіңдер. Енді ол да өсімдіктер өсіретін болады. -Ал енді олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады? Дәптермен жұмыс. Жеке жұмыс жүргізу.	тоқтатады. -Ол тамыры арқылы топырақтан қоректік затты, суды алады. -Жапырағы арқылы демалады. Балалар отырады. -Жайлап көтеріледі. -Қолдарын екі жағына жаяды. -Қолдарын жоғары созады. -Қолдарымен бастарын жабады. Балалар алжапқыштарын киеді, қолдарына таяқшаларын, су сепкішті алады. -Өсімдік жақсы өсу үшін ауа, жарық керек. Балалар екі-үштен бірігіп, топтағы өсімдіктердің топырағын қопсытып, су құяды. -Мұқият, ұқыпты, баппен, мейіріммен. -Өйткені олар бөлмеде өсіріледі. Тапсырмаларды орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар, алдарыңда әдемі құмыралардың суреті бар. Осы құмыраларға гүлдер өсіруіміз керек. Мен жақсы музыка қоямын,	Балалар құмыраға өздері қалаған гүлдің суретін салады. Олар

	музыканың көмегімен әдемі гүлдердің өсіуіне көмектесіндер.Қоян балаларға алғысын айтып, қоштасады.	гүлдерін Қоянға сыйлайды.
--	--	---------------------------

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауды, оның өсуіне қажетті жағдайды

Түсінеді: өсімдіктердің ұқсастығы мен айырмашылығын, өсімдік мүшелерін ажырата білуді, өсімдіктердің өсуі үшін ауа, жылу, жарық, судың қажет екендігін

Қолданады:практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттырады, өсімдіктерді өсіруге деген қызығушылықтарын арттыруды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 19.10.17ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Табиғатқа қауіп-қатер төнуде

Мақсаты:

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:

Сөздік жұмысы:

Билингвальды компонент:

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.		
Ұйымдастырушылық ізденістік		
Рефлексиялық түзетушілік		

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:

Түсінеді:

Қолданады:

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:23-24.10.17ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Қазақстанның өзен-көлін мекендейтін балықтар.

Мақсаты:

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:

Сөздік жұмысы:

Билингвальды компонент:

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.		
Ұйымдастыруш ылық ізденістік		
Рефлексиялық түзетушілік		

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:

Түсінеді:

Қолданады:

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 26.10.17ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Табиғат бұрышын мекендеушілер. Оларды күту.

Мақсаты:

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:

Сөздік жұмысы:

Билингвальды компонент:

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.		
Ұйымдастырушылық ізденістік		
Рефлексиялық түзетушілік		

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:

Түсінеді:

Қолданады:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 02-06.11.17ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: От бізге до па, қаспа?-қайталау

Мақсаты:Оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейту; өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру. Өз іс-әрекетін қорытындылау, шешім шығару, логикалық пікір айту дағдыларын дамыту. Өрт сөндірушілер қызметін құрметтеуге, қырағы, құыпты болуға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: «Өрт сөндірушілер» дегентөсбелгілер,жұмыс дәптері,демонстрациялық материал.

Сөздік жұмысы:өрт сөндіруші, өрт қауіпсіздігі.

Билингвальды компонент: өрт сөндіруші- пожарник-firefighter, от-огонь-flames, өрт-пожар-fire, өрт қауіпсіздігі- пожарная безопасность.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	Бүгін біз сендермен оттың пайдасы мен зияны, өрттен қалай қорғану керектігімен, өрт сөндірушілердің еңбегімен танысамыз. Сендердің бұл туралы не білетіндеріңді «Жақсы- жаман» ойыны арқылы тексереміз.	Балалар оттың пайдасы мен зияны туралы білетіндерін айтады. «От-біздің досымыз» От үйді жылытады, тамақ пісіреміз. От- символ, мәңгілік алау арқылы ардагерлерді мәңгілік еске аламыз. Олимпиада алауын спортшылар алып жүгіреді. Алау жағып, оның айналасында адамдар ән айтып, көңілді отырады. «От-біздің жауымыз». Отты дұрыс пайдаланбасаң, өрт шығады. Өрттен адамдар көп зардап шегеді. Отты дұрыстап өшірмесең, ормандағы ағаштар өртеніп кетеді. Аңдар, құстар зиян шегеді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Билингвальды компонент: өрт сөндіруші- пожарник-firefighter, от-огонь-flames, өрт-пожар-fire. Өте ерте заманда адамдар тас үңгірлерде өмір сүріп, аң терісін жамылып жүргенде,	Балалардың мүмкін жауаптары:

	оларға от қажет болды. Сөйтіп, олар отты тұтатуды үйренді. -От адамға не үшін қажет? -Бірақ оның кейде бізге зияны тиетін кезі де болады. Қандай зин тигізуі мүмкін? 1. «Жанады, жанбайды» дидактикалық ойыны. Педагог әртүрлі заттардың атауын айтады. 2. Педагог орманның суретін көрсетеді. -Балалар, орманда көп аңдар өмір сүріпті. Олардың қожайыны аю болыпты. Ол орманда өрт қауіпсіздігін бақылапты. Өйткені олардың біреуі қауіпсіздік ережесін бұзса, орманда өрт шығуы мүмкін. Онда аңдар қайда өмір сүреді? Аю бәріне сұрақ қойып, білімдерін тексеріпті. Аю қандай сұрақтар қоюы мүмкін? Бірақ оның айтқанын ормандағы жалмауыз кемпір тыңдамапты. Ол үйіне от жағып, өзі көрші үйге қыдырып кетіпті. Пеш қараусыз қалыпты. үйіне қарай келе жатқанда терезеден от жалыны шығып жатқанын көреді. Жақын жерде су да жоқ. Ол енді не істеуі керек? -Ол үшін қандай нөмірге хабарласу қажет? -Не айту керек? Дәптермен жұмыс. Жеке жұмыс жүргізу. Эстафеталық жарыс ұйымдастыру. Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтың арасында жарыс ұйымдастырылады. Ойын аяқталғаннан кейін, балаларға «Жас өрт сөндірушілер» деген төсбелгі таратылады.	- От үйді жылытады, тамақ пісіреміз. -Отты дұрыс қолданбасаң, өрт шығуы мүмкін. Балалар қайсысы тез жанатынын, қайсысы жанбайтынын айтады. Ойыннан кейін балалар мынадай қорытынды шығаруы тиіс: «Судан басқа нәрсенің, негізінен, барлығы жанады». Балалар мұқият тыңдайды. Балалар бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді. -Өрт сөндірушілерге телефон соғуы керек. -101-ге хабарласу керек -Аты-жөніңді, үйдің мекен-жайын. Тапсырмаларды орындайды. Балалар бастарына өрт сөндірушінің каскасын киіп, қолдарына шелек ұстайды. Бұйрық берілгеннен кейін, конустардың арасынан ирек жолмен жүгіріп, шығыршық арасынан өтіп, суды төгеді. Кері қайтқандай тура жүгіріп, шелекті келесі балаға ұсынады.
--	---	---

Рефлексиялық түзетушілік	Педагог заттардың атын атайды және суретін көрсетеді. Егер ол өрт туғызатын қауіпті зат болса, балалар қол шапалақтайды. 1. Шарақ. 2. Теледидар 3. Текше 4. Үтік 5. Қарындаш 6. Компьютер 7. Сіріңке 8. Конструктор 9. Газ 10. Бояу 11. Жанармай	Балалар қауіпті зат аталғанда, қол шапалақтайды және неге қауіпті екенін айтады.
---------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:өрт қауіпсіздігі ережелерін; өз іс-ірекетіне ұқыпты болуды;

Түсінеді: оттың пайдасы мен зиянын; оттың қай кезде қауіпті екенін; өрт қауіпсіздігін сақтауды;

Қолданады:өз пікірін айту; ойын қорытындылай алу дағдысын.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 04-05.12.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Біз- табиғаттың досымыз

Мақсаты: Жануарлар туралы білімдерін қорытындылау. Жануарларды топқа бөле алуды білу. Зейіндері мен бақылағыштықтарын дамыту. Қоршаған ортаға, онда тіршілік ететін жануарларға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: шөпқоректілер, етқоректілер

Көрнекіліктер: ойыншық жануарлар, «Арыстан-орман патшасы» видеофильмі

Билингвальді компонент: шөпқоректілер- травоядное-herbivorous, етқоректілер-хищники, апан- берлога-digs, ін-нора-hole

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Жүргізуші: -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерді біздің студияда «Аңдар мен балалар» хабарында көргеніме қуаныштымын. Бүгін сендермен ойын ұйымдастырамыз. Ол «Біз табиғат достарымыз» деп аталады. -жануарлар шөпқоректілер және етқоректілер деп екіге бөлінеді. Олар неге мұндай топқа бөлінеді? Билингвальді компонент: шөпқоректілер-травоядное-herbivorous, етқоректілер-хищники, апан- берлога-digs, ін-нора-hole	Балалар телевизия студиясына жиналады. -Шөпқоректілер өсімдіктермен қоректенеді, ал етқоректілер өздерінен кіші ұсақ аңдарды аулайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік	«Арыстан-аң патшасы» видеосюжетін көру. Жүргізуші:	

Рефлексиялық түзетушілік		
-----------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:.

Түсінеді:

Қолданады:

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:30.11.17

Білім беру саласы:Вариативтік компонент!

Бөлімі:Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Табиғаттағы маусымдық құбылыстар-қайталау

Мақсаты:Табиғат бұрышындағы жануарлар, өсімдіктер туралы түсінік беру. Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту. Табиғат бұрышындағы жануарлардың тіршілігі туралы мағлұматтар бере отырып, оларға қамқорлық жасауға баулу.

Сөздік жұмысы:табиғат бұрышы, атжалман, қоректендіру.

Билингвальды компонент:су-вода-water, қарау-ухаживать-admire

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	Біздер тату боламыз Гүл-гүл жайнап аламыз. Жатығулар жасайық Жақсы сергіп қаламыз	Балалар шеңбер болып жаттығу жасайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Тәрбиеші балабақша, мектептегі табиғат мүйісі бұрышы туралы төмендегідей мағлұмат береді. -Табиғат бұрышы-мектеп,балабақшада тірі хайуанаттар орналастырылған мүйіс.Мұнда өсімдіктердің түрлерін де өсіреді.Табиғат бұрышында аквариумда балықтар, торда үй қояндар, кірпі, тасбақа, атжалман, тотықұстарды ұстайды. Оларды арнайы тәрбиеші маман күтіп баптайды.Оған балалар көмектеседі. Сөздік жұмысы. Атжалман –жоны күрең, бүйірі қызғылт тышқан. Қоректендіру-тамақтандыру. Сергіту сәті. Біз гүлдерше осеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы Желмен бірге жайқалған.	Балалар сұрақтарға белсенді жауап беруге әрекет жасайды. Тәрбиешінің айтқандарын мұқият тыңдайды, сұрақтар қояды. Түсінгендерін қайталап айтып береді. Тыңдайды. Өлең жолдарын қайталап, би қимылдарын жасайды.

	Әліппе-дәптеріндегі тапсырмаларды орындау. Сурет бойынша әңгіме жүргізеді. Бұл жерде табиғат бұрышында тіршілік ететін жануарлар туралы және оларға жасалынатын қамқорлық туралы айтылады. Құмыраға гүлді отырғызудың әдісін сурет бойынша түсіндіреді. .А.Мишаринаның «бөлме гүлі» туралы өлеңін мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді. Үлгі бойынша құмыраны қалай бояу керектігін, қағаздан гүлді қалай жасау керектігін баяндайды.	Суреттен табиғат бұрышында тіршілік ететін жануарларды атайды.Балалардың іс-әрекетін баяндайды. Өлеңнің мазмұнына байланысты қойылған сұрақтарға жауап береді. Құмыраны бояйды, қағаздан гүл жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау.	Сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақта алған білімдері пысықталады. Сұрақтар мен тапсырмалар; 1.Табиғат бұрышындағы өсімдіктермен жануарларға қандай қамқорлық қажет? 2.Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің атын ата. 3.Аквариумдағы балықтарды қалай күтеді?	Балалар табиғат бұрышындағы іс-әрекеттерін айтады.

Күтілетін нәтиже: Табиғат мүйісіндегі жануарлармен өсімдіктерді күтіп-баптау.

Білуі тиіс:жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлық жасау.

Түсінігі: жануарлар мен өсімдіктердің пайдасы.

Көрсете білу:сабақ барысында тапсырмаларды орындай білу сурет салу.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 12.12.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері-қайталау

Мақсаты: балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ерекшеліктерін түсіндіру, өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу, қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу.

Сөздік жұмысы: қауіпсіздік.

Көрнекіліктер: қауіпті жағдайлар туралы слайдтар, суреттер, ойыншық немесе құрал-саймандар.

Билингвальді компонент: қауіпсіздік ережелері-правила безопасности, жүгіруге болмайды-нельзя бегать, сөйлеуге болмайды-нельзя разговаривать.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер құрады. Ойын: «Танысайық».	Жүргізуші допты бір балаға лақтырып, атын сұрайды: -Мына баланың аты кім? Балалар хормен баланың атын айтады. Осылай, кезекпен ойын жалғаса береді.
Ізденістер, ұйымдастыру	Балалар, сендер әр уақытта әртүрлі жағдайларға тап болуларың мүмкін. Бүгін біз, егер сондай жағдайларға ұшырасаңдар, одан қалай шығуға болатын жағдайларды қарастырамыз. -Өмірде қандай қауіпті жағдайлар болуы мүмкін? Демонстрациялық материалмен жұмыс. -Мына суреттерден көріп тұрғандарыңдай Барлық жерде әртүрлі қауіпті жағдайлар болуы мүмкін. Әртүрлі жағдаяттарды шешу. Билингвальді компонент:	Балалар суреттердегі жағдайларды әңгімелейді. -Үйден өрт шығуы мүмкін. -Қатты жүгірсең, құлайсың. -Сынған әйнекке аяғыңды жаралап аласың. Жылан шағып алуы мүмкін

	қауіпсіздік ережелері-правила безопасности, жүгіруге болмайды-нельзя бегать, сөйлеуге болмайды-нельзя разговаривать. -Көз алдарыңа елестетіндер, сендер үйде жалғыз отырсыңдар. Танымайтын бір әйел есікті қағып, ашуды өтінді. Сендер не айтасыңдар? -Қайсы жауап дұрыс деп ойлайсыңдар? -Сендер үйде отырғанда, кенет өрт шықты. Сендердің іс-әрекеттерің қандай болады? Тәрбиеші үстел үстіне құрал-саймандарды: балға, балта, шеге, біз, қайшы, сіріңке қояды. «Жақсы-жаман» ойыны. Шарты: құрал-саймандардың қандай жағдайда жақсы және қандай жағдайда жаман екенін айту. -Сендер балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін білесіңдер. Сергіту сәті Ойна, балам, болмай алаң Ештеңеден қауіптенбей. Бала болғын жалындаған Жайнай түссін, бейне гүлдей! Қауіпсіздік ережесін Барлық жерде, сақтай білгей!	Жағдаятты балалар тәрбиешінің көмегімен сахналайды. Балалар әртүрлі жауап айтуы мүмкін. -Анам үйде жоқ, қазір келеді. -Есікті ашып, әйелді кіргіземін. Үндемей отырамын. Балалар дұрыс жауапты таңдап, талқыға салады. Балалар ойыншық телефоннан 101 нөмірін қалай теру керек екенін көрсетеді. Балалар құрал-саймандардың не үшін, қалай пайдаланылатынын түсіндіреді. Құрал-саймандардың пайдалы жағын және қауіпті жағын айтады. Балалар ережелерді естеріне түсіріп, айтып береді.
Қорытынды, бағалау	Тәрбиеші балалардан «Сақтықта-қорлық жоқ» деген мақалдың мағынасын қалай түсінгендерін сұрайды.	Балалар тәрбиешінің көмегімен қай жерде болмасын сақтық керектігін, сонда ешқандай қауіп болмайтындығын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: қиын жағдайлардан шығудың дұрыс жолдарын іздейді, өзіне-өзі көмек беру дағдысын

Түсінеді: қоршаған ортаға бейімделу және әрқашан қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін

Қолданады: тиісті орындарда қауіпсіздік ережелерін

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 14.12.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Менің туған өлкем-қайталау.

Мақсаты: Туған өлке туралы түсінік беру. Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету. Сөйлеу тілдерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Туған өлкелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Туған жерінің байлығын құрметтеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: ата-баба

Көрнекіліктер: демонстрациялық материалдар

Билингвальді компонент: туған өлке- родной край-hometown, асқар тау- высокая гора- mountain, ата – баба – предки-ancestry.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір – біріне деген жылы тілектерін айтқызады. -Біздің республикамыз қалай аталады? -Біздің бас қаламыз қай қала? Біздің туған өлкеміз – егеменді Қазақстан.	-Қ. Республикасы. -Астана қаласы.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер өседі. Жан- жануардың алуан түрі тіршілік етеді. Міне, осы жерде біздің ата – бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып – өскен. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. Дана халқымыздың «Отаның – алтын бесігің» деген сөзі бар. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау – әр бір азаматтың бірінші міндеті. Билингвальді компонент: Туған өлке – родной край, асқар тау – высокая гора, ата – баба – предки. Суретпен жұмыс. -Өзің тұратын қала (ауыл) қалай аталады? -Ол қала (ауыл) Қазақстанның қай бөлігінде	Балалар әңгімені тыңдайды. Балалар өздерінің туған қаласы немесе ауылы орналасқан

	орналасқан? Тірек сұрақтар қою арқылы балаларға туған қала, ауылдары туралы әңгімелетеді. Демонстрациялық материалдағы сурет бойынша жұмыс. Тәрбиеші әігімесі: -Мына фотосуреттерде Қазақстанның әр түрлі қалалары, ауылдары бейнеленген. Олардың барлығы өздерінше әдемі, өздерінше қызықты. Осы сурет бойынша туған өлкеміздің табиғатын суретте. Өзің тұратын жердің табиғаты туралы әңгімелендер.	облысты атайды және қай бөлікте орналасқанын айтады (оңтүстік, солтүстің, батыс, шығыс). Балалар әңгімені тындап, өздері тұратын өлкеде өсетін гүлдерді, туған өлкенің табиғатын сурет бойынша әңгімелейді. Балалар өздерінің туып – өсіп жатқан туған қаласы, ауылы Отанның бір бөлігі екенін түсінеді.
Рефлексиялық түзетушілік	Оқу іс – әрекетінде алған білімдері бекітіледі.	Туған өлке туралы ойларын ортаға салады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: .Өздерінің туған жері туралы әңгімелейді; туған өлкенің табиғатын суреттейді;

Түсінеді:Туған жер, Отан біреу-ақ екенін, оны мәңгі сүю керектігін;

Қолданады: Туған жер туралы білетін әндерін, тақпақтарын.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 20.12.16

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Менің туған өлкем.

Тақырыбы: Экология белгілері.-кайталау

Мақсаты: Туған өлкенің табиғатын бағалай білу туралы халық болжамдары жөнінде түсінік беру. Экологиялық белгілерімен таныстыру, оларды естеріне сақтату. Табиғатты қорғауға баулу.

Сөздік жұмысы: жас өндірі, қайнар көзі, т.б

Билингвальді компонент: жаз-лето-summer, күз-осень-autumn, қыс-зима-winte , көктем-весна-spring

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	Шаттық шеңберін ұйымдастыру. Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіңдер ме, балалар?.	Өлең жолдарын қайталап, сәлемдеседі.
Ұйымдастырушылық ізденістік	1.Балалармен бірге балабақша ауласына мақсатты серуен ұйымдастыру. 2.Табиғатқа байланысты халық болжамдарын оқып беріп, үш дауыста қайтаталату тәсілін қолданып жаттату. 3.Жылдың әрбір мезгіліне сәйкес, табиғат құбылыстарындағы өзгерістерді байқау арқылы өмірге келген халықтық болжамдар туралы түсінік беру. Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. Тұман туссе күн жылынады. Аспанда жұлдыз көп болса, күн суытады. Жаз жауынды, күз жылы болса ,қыс ұзақ болады.	Серуенге шығады. Халық болжамдарын қайталап айту арқылы есте сақтау қабілетін дамытады. Қыс мезгілінің қарлы болуын бақылату. Халық болжамдамының мағынасын түсіндіру.

	Қайыңнан аққан шырын көп болса, жаз жаңбырлы болады. Түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады. 4. Сергіту жаттығуын өткізу. Көтеріліп шаңырақ, Уықтарын шаншылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіміз үй боп көрінер. 5. Әліппе дәптермен жұмыс. 1.Экологиялық белгілерімен таныстыру. 2.Сурет бойынша балалардың әрекеттеріне пікірлерін білдірту. 3.Тыйым сөздерді оқып мағынасын түсіндіру. 4.Суретшінің қатесін тапқызу.	Өлең мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды. Суретке қарап әңгіме құрастырады. Табиғат құбылыстарын бақылап көреді.
Рефлексиялық түзетушілік	“Халық айтса, қалт айтпайды” деген мақалды, қайталату мағынасын түсіндіру.	Халық болжамдарын қайталап, мағынасын түсінеді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: туған өлкенің табиғатын қорғау туралы халық болжамдарын білу.

Түсінеді: табиғи құбылыстардың бір-біріне әсерін байланысын түсіну.

Қолданады: халық болжамдарын өз тәжірибиелерінде бақылау жасау арқылы көз жеткізу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 23.12.16

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Менің туған өлкем.

Тақырыбы: Су- тіршілік көзі-кайталау

Мақсаты: Судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы түсініктерін нақтылау, судың қасиеттерімен таныстыру. Танымдық мүмкіндіктерін арттыру, тәжірибе жасай білу дағдыларын арттыру. Суды үнемдеуге тәрбиелеу, топта жұмыс істей білуге, ұжымда өзін дұрыс ұстай білуге дағдыландыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: шелектегі су, әртүрлі көлемдегі шыны ыдыс, бояу, қылқалам.

Сөздік жұмысы: тұщы

Билингвальды компонент: жылга-ручей, көл-озера, тұщы-пресный, мөлдір-прозрачный, еріткіш-растворитель.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Ынталандыру, сезімді ояту.	Балалар, адам, өсімдік, жануарлар тіршілік ету үшін не керек? -Біз бүгін судың тіршілік үшін қандай маңызы бар екенін білетін боламыз. Глобусты көрсету. -Глобуста суды қандай түспен белгілейді? -Глобуста қандай түс көп? Осы арқылы не айтуға болады?	-Тіршілік үшін ең алдымен су, жарық, ауа керек. -Глобуста су көк түспен белгіленеді. -Глобуста көк түс көп. Бұл табиғатта құрлыққа қарағанда судың көп екенін көрсетеді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	«Су кімдерге немесе нелерге қажет?» дидактикалық ойын. «Жылга және көл» сергіту жаттығуы. Билингвальды компонент:	Үстел үстінде әртүрлі заттардың суреттері бейнеленген карточкалардың ішінен суды қажет ететін заттардың суретін таңдап алады. Балалар «жылга» дегенде топ ішінде тарап кетеді, «көл» дегенде қол ұстасып шеңбер құрады.

жылға-ручей, көл-озера, тұщы-пресный, мөлдір-прозрачный, еріткіш-растворитель.

-Өзен-көлдің, теңіздің суын адамдар қалай пайдаланады?

-Адамдар ежелден-ақ су қоймалары бар жерге қоныстанған. Сендер тұратын жерде қандай өзен, көлдер бар?

-Ал су туралы қандай мақалдар, өлеңдер білесіңдер?

-Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді. Су тұщы және тұзды болады. Біз ішу үшін қандай суды пайдаланамыз?

-Судың қасиеттерін еске түсірейік.

Тәрбиешінің жұмысы.

№1 тәжірибе. «Бу-бұл-су».

Тәрбиеші ыстық су құйылған шәйнекті ашып, балалардың назарын бұға аударады.

Оның үстіне әйнек ұстайды, әйнекте тамшылар пайда болды.

№2 тәжірибе. «Су-сұйық».

Суды бір ыдстан екінші ыдысқа құяды. Су қандай?

№3 тәжірибе.

Суды иіскеп көріңдер. Исі бар ма?

№3 тәжірибе. Мөлдір ыдыстағы суға 2-3 түйір тасты салады. Тас көріне ме?

№4 тәжірибе. Суды ішіп көріңдер. Дәмі бар ма?

-Суда ыстық күндері шомылады, кемелер жүзеді, балық аулайды, тұщы суды адам тамақ дайындауға пайдаланады, сумен кір жуады, ыдыс жуады, үй тазалайды. Балалар өздері тұратын жерде қандай өзен, көлдер, су қоймалары бар екенін айтады.

Балалар өздері білетін өлеңдерді, мақалдарды айтады.

-Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз.

1. Су мөлдір.

2. Судың дәмі жоқ.

3. Судың иісі жоқ.

4. Судың пішіні жоқ.

5. Су-еріткіш.

Балалар тәрбиеші көрсеткен әйнектегі су тамшыларын ұстап көреді.

Будың су екендігіне көздерін жеткізеді.

-Су сұйық, сондықтан ағады.

-Суда иіс жоқ.

-Су-мөлдір.

-Судың дәмі жоқ.

	№5 тәжірибе. Суға қант салып көрейік. Қант қайда? №6 тәжірибе. Қатты суықта су неге айналады? Дәптермен жұмыс. Жеке жұмыс жүргізу.	-Су-еріткіш. -Су мұз болып қатады. Тапсырмаларды орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар, суды не үшін қорғауымыз керек? Жер бетінен су жоғалып кетсе, не болар еді? Біз суды қорғау үшін қандай көмек көрсете аламыз?	-Су-тіршілік көзі. Біріншіден, суды үнемді қолдану керек. Кранды дұрыстап жабу керек. Суды ластауға болмайды. Оған қоқыс, қалдықтар лақтыруға болмайды.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: судың ащы және тұщы болатынын, тұщы суды қайда пайдаланатынын, судың қасиеттерін тәжірибе арқылы біледі.

Түсінеді: судың адамзат тіршілігіндегі маңызын, судың қасиеттерін.

Қолданады: өзі тұратын жерде қандай су қоймалары бар екендігін және ол туралы білімдерін, су қоймаларын қорғауды, күтуді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 27.12.16

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Қыс. Құстардың қысқы тіршілігі-кайталау

Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Қыс кезіндегі құстардың тіршілігі туралы әңгімелеу арқылы балалардың қамқорлық жасауға деген белсенділіктерін арттыру. Табиғатты аялауға баулу.

Сөздік жұмысы: жем, нан қиқымдары, кептірілген жемістер, үйшіктер.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	Балалар дөңгелене тұрғызып, төмендегі өлең жолдарын айтқызады. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік.	Бәрі қосылып айтады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	1. Қыс мезгілінің ерекшелігін әңгімелейді. Т. Молдағалиевтің қыс туралы өлеңі оқылады. 2. «Құстар қалай қыстайды?» ертегісін оқу арқылы құстардың қысқы тіршілігімен таныстырады. Құстардың қысқы тіршілігі бейнеленген суреттер арқылы балаларға құстардың тіршілігі жөнінде түсінік беру. Қыс мезгіліндегі құстардың азығы, олардың немен қоректенетінін әңгімелеу. Адамдардың құстарға жасайтын көмектері туралы мағлұмат беріледі. 3. Сергіту жаттығуын орындату. Күнде аспанға қараймыз, Қайтқан құсты санаймыз Үшбұрыш боп тырналар Көк жүзінде сырғанар.	Тыңдайды, сұрақтар қояды, сұрақтарға жауап береді. Балалар сурет бойынша қыс мезгілі туралы әңгімелейді. Құстарға өздері қалай көмек көрсеткендері туралы айтады. Өлең мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды. Суретке бойынша жыл құстары мен

	4. «Құстар» дидактикалық ойын. Шарты: сурет бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Жыл құстары мен отырықшы құстар.	отырықшы құстардың аттарын атайды. Оларды екі топқа топтап айтады.
Рефлексиялық түзетушілік	5. Сабақты қорытындылау. Балалардың білімдерін бекіту үшін төмендегідей сұрақтар қойылады: 1. Біздің өлкемізде қандай құстар қыстап қалады? 2. Олардың тіршілігі туралы әңгімеле. 3. Қыстап қалатын құстарға адамдар қандай көмек көрсетеді?	Сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің сұрақтарын толықтырып айтады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: қыстап қалған құстарға қамқор бола білу.

Түсінеді: жыл құстары мен ұшып кететін құстардың айырмашылығын түсіну

Қолданады: тапсырмаларды дұрыс орындап көрсету

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 30.12.16

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Жануарлардың қысқы тіршілігі-кайталау

Мақсаты: Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру. балаларды аңдарды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ- жауап.

Көрнекіліктер: Қысқы жануарлар суреттері.

Жаңа сөздер: Қуыс, апан, ін, үйір.

Билингвальды компонент: ауа-воздух-air, аспан-небо-heaven.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Ормандар, жап-жасыл ормандар. Орманды отаушы болмаңдар! Отан мен орман жұп, бір ұғым, Орманды, Отанды қорғаңдар!	Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтып, амандасады.
Ізденістер, ұйымдастыру	1.Тәрбиеші жануарлардың қасқы тіршілігі туралы түсіндіреді. Мысалы: -Қыс мезгілінде жануарлардың тіршілігінде біраз қиындықтар туындайды. Сондықтан кейбір жануарлар қысқа азық жинайды. Мысалы: тиын ағаш қуысын мекен етеді. Тиінге ағаштармен тез өрмелеуге аяқтары көмектеседі. ол жаз бойы саңырауқұлақ, жаңғақтарды ағаш қуыстарына жинайды. Қыста соларды қорек етеді. 2. «Дауысынан таны» дидактикалық ойын. Шарты: аудиотаспадан әртүрлі жануарлардың дауыстарын тыңдатып, олардың атын атату. Сонан соң сол жануардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелеу. Тәрбиеші балалардың жауаптарын толықтырып, жаңа мәліметтер береді.	Балалар тыңдайды. Түсінбегендерін сұрайды. Суретке қарап әңгіме құрастырады. Балалар жануарлардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелейді. Балалар бағыт бойынша аялдамалды аралап жүреді, кездескен табиғаттың бөлшектеріне

	3. Сергіту сәті. Музык әуенімен жануарлардың қимылын келтіріп билейді. Қоян сияқты секіреді, түлкі сияқты денелерін қимыл-қозғалысқа келтіреді. 4. «Жануарлар тіршілігі» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші балалардың жауаптарын толықтырып тұрады.	түсініктікпен қарап керек жерінде көмек береді. Өлең жолдарын айтып қимыл қозғалыспен жасайды. Үлгі жауап: аю апанында қысқы ұйқыға кетеді....
Қорытынды, бағалау	Сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақта алған білімдерін қорытындылайды. 1.жабайы аңдарды ата. 2.Қоян қыста түсін қандай түске өзгертеді?	Балалар жабайы аңдар мен үй жануарларын салыстырып айтады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: табиғатқа деген қызығушылығын білдіру.

Түсінеді:туған өлкенің жануарларын қамқорлыққа алу сезімін ояту.

Қолданады:сурет бойынша әңгімелеу.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 06.01.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Жыл құстары-қайталау

Мақсаты: Құстар тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Дәптердегі тапсырмаларды орындату арқылы өз бетімен жұмыс жасауға баулу. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасауға үйрету.

Сөздік жұмысы: Жыл құстары, қыстап қалатын құстар.

Билингвальді компонент: құс – птицы *birds*-, жыл – год *-year* ,өзен – река *-river* , күн – солнце *-sun* .

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	Ұнтаспадан құстардың сайраған дауыстарын тыңдату.	Құстарды дауыстарынан танып айтады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Слайд немесе плакаттан құстарды көрсету. Құстардың тіршілігі туралы әңгімелеу. Жыл құстары және қыстап қалатын құстар туралы әңгімелеу: -Күннің суытып, жәндіктердің көпшілігі қырылып қалады, кейбір жәндіктер ағаштардың қуыстарына тығылады. Осылайша құстардың жемі азаяды. Өзен-көлдерде су қатып қалады. Осыған байланысты құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жыл құстарына жабайы үйрек, тырна, көкек, ұзақ, қарлығаш, қараторғай, т.б жатады. Құстардың бір бөлігі күзде ұшып кетпей, сол жерде қыстап қалады. Оларды қыстап қалатын немесе отырықшы құстар деп атайды. Отырықшы құстарға: қарға, көгершін, торғай, көкшімшық, тоқылдақ, т.б жатады. Дәптермен жұмыс: Суреттен өзіңе таныс құстарды атау. Осы құстар туралы мағлұмат беру. Үкі – түнде ғана ұшатын имек тұмсық,	Балалар тыңдайды, түсінбегендерін сұрайды, сұрақтарға жауап береді. Сұрақтарға жауап береді. Суреттерге қарап, құстардың аттарын атайды. Өз өлкелерінде тіршілік ететін құстар туралы әңгімелейді. -Үкі, бүркіт, үйрек, аққу, тырна.

	үлгілдек майда жүнді жыртықшы, отырықшы құс. Бүркіт-таулы, далалы жерлерді мекендейтін имек тұмсық жыртықшы, отырықшы құс. Тырна-мойны ұзын, аяқтары сыриған, ірілеу жыл құсы. Үйрек-тұмсығы жалпақ су құсы. Жабайы үйректер жылы жаққа ұшып кетеді. Тоқылдақ-орман құсы. Қыстап қалатын құстар тобына жатады. Тоқылдақты «орман дәрігері» деп атайды, өйткені ол ағаш қуысына тығылып, ағаштың діңін жеп жатқан зиянкес құрттармен қоректенеді. Сөйтіп, орман ағаштарын емдейді.	Тоқылдақтың суретін сәйкес түспен бояйды.
Рефлексиялық түзетушілік	Сабақта алған білімдерін пысықтауға арналған сұрақтар: 1.Өзің білетін жыл құстарын ата. 2.Құстар немен қоректенеді? 3.Құстар не себепті жылы жаққа ұшып кетеді? 4.Құстар, табиғатқа, адамға қандай пайдасын тигізеді?	Сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырып айтады.

Күтілетін нәтиже: жыл құстары мен қыстап қалатын құстар туралы білімдерінің болуы.

Орындайды: қыстап қалған құстарға қамқор бола білу.

Түсінеді: жыл құстары мен отырықшы құстардың тіршілігіндегі айырмашылығын түсіну.

Көрсете білуі: тапсырмаларды дұрыс орындап көрсету.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 10.01.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Қызыл кітап құпиясы-қайталау

Мақсаты: Қызыл кітап туралы түсінік беріп, қоршаған ортаны қорғау, оған қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру. Жануарлар мен өсімдіктердің құруына әкеп соғатын себептерді түсіндіру. Табиғатты аялауға баулу.

Сөздік жұмысы: сындырылған ағаш, саны сиреп бара жатқан жануарлар, өсімдіктер.

Билингвальды компонент: кітап-книга-book, жануарлар-животные-animal, өсімдіктер-растение-plant

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиеушінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Шаттық шеңбері. - Армысыз, қайырыл Күн! - Армысыз, Аспан ата! - Армысыз, мейірімді Жер-Ана! - Армысыз, шұғылалы Алтын күн!	Балалар өлең жолдарын қайталап, бір-бірімен амандасады.
Ізденістер, ұйымдастыру	1. Қызыл кітап түсінік беру: - Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан-жылға азайып не жойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі. Жойылу қаупі төнген түрлерді сақтап қалу үшін оларды зоологиялық парктерде қолдан өсіріп, көбейту шаралары қолға алынған. Біздің елімізде жойылып бара жатқан жануарлар мыналар: барыс, ілбіс, қоңыр аю, бүркіт, дегелек, т.б. Ал өсімдіктерден қызғалдақ, сексеуіл, т.б. Адамадар көбінесе кейде түсінбей, кейде салақтықтан табиғатты қалпына келтіру үшін ұзақ уақыт қажет болатынын ойламастан, оған қалай болса солай қарайды. Сыңсыған орманның орнындағы жанған түбірлер, су шайып өткен тау беткейлеріндегі жыртылған жерлер, ағаш ағызу кезінде ластанған	Педагогтің әңгімесін тыңдайды, сұрақтар қояды. Слайдтардан жойылу қаупі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктерді көреді.

	өзендер-осының бәрі сирек кездесетін көптеген бағалы аңдар мен өсімдіктердің құруына әкеп соғады.Қаскерлердің қолынан қаншамасы қырылып жатыр. 2.Сергіту сәтін өткізу. Көбелек те,гүл де бір Қызыл-жасыл күллі өңір, Аспан төрі ақша бұлт, Бау-бақшада барша жұрт. Саңқылдаған саз әні, Көлде құстың базары. 3.Әліппе-дәптермен жұмыс. -Дәптерге бейнеленген Қызыл кітапқа енген жануарлардың аттарын атайды. -Қызыл кітапқа енген құстарды тапқызыдырып,оларды бояту.	Өлеңге қосылып,сергіту жаттығуын орындайды. Қызыл кітапқа енген жануарларды:арқар,барыс, қарақұйрық,жабайы мысық,үкі,бүркіт және тырнаның суреттерін бояйды.
Қорытынды, бағалау	4.«Қызыл кітап» дидактикалық ойыны. Шарты:тақтаға бүркіт,қызғылт қаз,т.б.жануарлардың суреттері ілінеді.Балаларға оларды қорғау шараларын айтқызады. 5.Педагог сұрақ-жауап және көрнекілік әдістері арқылы балалардың сабақта алған білімдерін пысықтайды. -Туған өлен табиғатында барлық нәрсе өзара тығыз байланыста болады.Адамды табиғаттан ,табиғатты адамнан бөліп қарауға болмайды.Табиғаттың жері мен суы,орманы мен тасы,жануарлары мен өсімдіктері адам үшін тіршілік етудің басты көзі болып табылады.Сол себепті өлкеміздің табиғатын туған анамыздай ардақтап,күте білуіміз керек.Аяусыз сындырылған ағаш,жұлынған гүлдер,ұясы бұзылған құстар,жазықсыз өлтірілген жәндіктер,қоқыс-қалдық салынған лас сулар көбейіп барады.Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау-әрбір адамның тікелей парызы.	Балалардың үлгі жауабы: -Бүркіт құсының саны азайып барады.Сондықтан оны қорғауға алу керек.Бүркітті атуға,оның ұясын бұзуға болмайды...

Күтілетін нәтиже:туған өлке табиғаты туралы түсініктерін жетілдіру.

Орындайды:табиғат жанашыры болады.

Түсінеді:жануарлар мен өсімдіктерді қорғауды.

Қолданады: өз өлкелерінде мекендейтін жануарларға қамқорлық көрсету, өсімдіктерді күтіп баптау.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 13.01.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Табиғат бұрышындағы тіршілік-қайталау

Мақсаты: Табиғат бұрышындағы жануарлар, өсімдіктер туралы түсінік беру.

Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту. Табиғат бұрышындағы жануарлардың тіршілігі туралы мағлұматтар бере отырып, оларға қамқорлық жасауға баулу.

Сөздік жұмысы: табиғат бұрышы, атжалман, қоректендіру.

Билингвальді компонент: гүл – цветы -flowers , табиғат – природа - nature, жануарлар – животные -animal, өсімдік – растение - plant .

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	Біздер тату боламыз Гүл-гүл жайнап аламыз. Жатығулар жасайық Жақсы сергіп қаламыз	Балалар шеңбер болып жаттығу жасайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Тәрбиеші балабақша, мектептегі табиғат мүйісі бұрышы туралы төмендегідей мағлұмат береді. -Табиғат бұрышы-мектеп, балабақшада тірі хайуанаттар орналастырылған мүйіс. Мұнда өсімдіктердің түрлерін де өсіреді. Табиғат бұрышында аквариумда балықтар, торда үй қояндар, кірпі, тасбақа, атжалман, тотықұстарды ұстайды. Оларды арнайы тәрбиеші маман күтіп баптайды. Оған балалар көмектеседі. Сөздік жұмысы. Атжалман – жоны күрең, бүйірі қызғылт тышқан. Қоректендіру-тамақтандыру. Сергіту сәті. Біз гүлдерше осеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы	Балалар сұрақтарға белсенді жауап беруге әрекет жасайды. Тәрбиешінің айтқандарын мұқият тыңдайды, сұрақтар қояды. Түсінгендерін қайталап айтып береді. Тыңдайды. Өлең жолдарын қайталап, би қимылдарын жасайды.

	<i>Желмен бірге жайқалған.</i> <i>Әліппе-дәптеріндегі тапсырмаларды орындау.</i> <i>Сурет бойынша әңгіме жүргізеді. Бұл жерде табиғат бұрышында тіршілік ететін жануарлар туралы және оларға жасалынатын қамқорлық туралы айтылады.</i> <i>Құмыраға гүлді отырғызудың әдісін сурет бойынша түсіндіреді.</i> <i>.А.Мишаринаның «бөлме гүлі» туралы өлеңін мәнерлеп оқып береді.</i> <i>Мазмұнын түсіндіреді.</i> <i>Үлгі бойынша құмыраны қалай бояу керектігін, қағаздан гүлді қалай жасау керектігін баяндайды.</i>	<i>Суреттен табиғат бұрышында тіршілік ететін жануарларды атайды. Балалардың іс-әрекетін баяндайды.</i> <i>Өлеңнің мазмұнына байланысты қойылған сұрақтарға жауап береді.</i> <i>Құмыраны бояйды, қағаздан гүл жасайды.</i>
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау.	<i>Сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақта алған білімдері пысықталады.</i> <i>Сұрақтар мен тапсырмалар;</i> <i>1. Табиғат бұрышындағы өсімдіктермен жануарларға қандай қамқорлық қажет?</i> <i>2. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің атын ата.</i> <i>3. Аквариумдағы балықтарды қалай күтеді?</i>	<i>Балалар табиғат бұрышындағы іс-әрекеттерін айтады.</i>

Күтілетін нәтиже: Табиғат мүйісіндегі жануарлармен өсімдіктерді күтіп-баптау.

Білуі тиіс: жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлық жасау.

Түсінігі: жануарлар мен өсімдіктердің пайдасы.

Көрсете білу: сабақ барысында тапсырмаларды орындай білу сурет салу.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 17.01.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Үй жануарлары мен үй құстары-қайталау

Мақсаты: Үй құстары мен үй жануарларының тіршілігі туралы баяндап, балалардың үй құстары, үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Үй құстары мен үй жануарларының әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы пікірлерін айтқызу арқылы кез келген тақырып бойынша ойларын еркін жеткізе білуге баулу. Үй құстары мен үй жануарларына қамқор болуға, оларды күте білуге баулу және құстарды қорғауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: құстардың, үй құстарының, үй жануарларының суреттері, ұнтаспа.

Билингвальді компонент: жануарлар-животные-animal, құстар-птицы-bird

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Кіріспе бөлім. Ұнтаспадан құстардың сайрағаны, судың сылдырлап аққан дыбысын тыңдату. -Әуеннен не естідік? -Құстар неліктен әртүрлі сайрайды?	-Қауіп төнген кезде құстар шырылдап, өздерінің балапандарына ескертеді. Балапандар өздерінің тамақ жегісі келетіндігін шиқылдап аналарына білдіреді. Құстар құрт-құмырсқаға таласқанда, ащы дауыспен шырылдап, шу шығарады. Басқа дыбыстардың көмегімен құстар топталып жиналады және бөтен құстарды қуады
Ізденістер, ұйымдастыру	«Әтеш пен тоты» ертегісін оқып беру. -Ерте, ерте, ертеде аң мен құстардың ішіндегі ең әдемісі Әтеш болыпты. Сондықтан ол өте тәкаппар екен. Ешқандай құспен сөйлеспепті. Жалғыз серігі Тотықұс болыпты. Тоты байғұстың үстінде жібі тұзу, жөнді киімі де жоқ екен. Бір күні Тотықұс әлгі кербез Әтешке келіп:	Балалар үй құстарының мамығымен қауырсынымен танысады, оның қасиеті мен пайдасы жайлы әңгімелейді. Жұмыртқаларды салыстырып, ерекшелігін

	-Досым мен бүгін қонаққа бармақ едім, жәнді киімім де жоқ. Мына түріммен қалай барамын? Мені сенің досың деп білетін ел мазақтайды ғой. Маған үстіңдегі әдемі киіміңді бере тұршы,- деп қиылып жалыныпты. Әтеш досының сөзіне сеніп, әдемі киімдерінің бәрін шешіп беріпті. Сөйтіп тотықұс жасанып, киініп алады. Қай мезгілде келетінін айтып ұшып кетеді. -Егер мен кешіксем дауыстап шақыр. Келмей жатсам тағы шақыр, дауысыңды естім,-дейді. Сөйтіп, Тотықұс әсем киініп, тойға кетеді. Бірақ ол қайтып оралмайды. Әтеш оны естісін деп үсті-үстіне шақырады. Ешқандай хабар болмайды. Содан осы күнге дейін Әтеш Тотықұсты шақырып, таң қылаң бергеннен, күн батқанға дейін айғайлап шақыра береді. Сұрақтар: -Ертеде әдемі кербез сұлу қай құс екен? -Тотықұс Әтешке не үшін келеді? -Тоты әдемі киініп, қайда кетті? -Әтеш таңертең неге айғайлап шақырады екен? -Әтеш жабайы құс па? -Үй құстарын атаңдар. -Үй жануарларын атаңдар. 2. Негізгі бөлім. «Ұйқасын тап» ойынын ойнау, жалпы және жеке атауларын атау. -Үй құстарына қандай құстар жатады? Музыканың сүйемелдеуімен құстардың қалай ұйықтайтынын, суды қалай ішетіндігін қимылмен көрсету. Тыныштық сәтін өткізу. -Балалар, көзімізді жұмып көз алдымызға өрістегі төрт-түлік малды елестетейік. Таңертең жайлауда қой, сиыр, жылқылар жайылып жүр. Айнала тып-тыныш алыстан қозының маңырағаны, бұзаудың мөңірегені, құлынишақтардың дауысы	анықтайды.
--	--	-------------------

	естіліп қояды. Сол сәтте төлдердің ежелерді жан-жағына қарайды, бірақ төлдері көрінбейді. Кешкілік өрістен ауылға қайтады. Балалар көз алдарыңа қандай жануарларды елестеттіңдер? -Үй жануарларының қандай пайдасы бар? -Сиырдың сүтінен тағы қандай тағамдар жасалады? Биенің сүті қалай аталады? -Ат жарысын көргендерің бар ма? Ол қалай өтеді? Жұмбақ шешу. Мінсең-желдей жүткиді, Көңілің таудай өседі, Алып ұшар алысқа «Ер қанаты» деседі. Сергіту сәтін өткізу. Тіктеп титтей құлагын, ботам былай жүреді. Сыртылдатып тұяғын, бұзау оған ереді. Алға созып мойнын, ойнақтайды ботақан, Көкке қарай мұрнын шүйіреді бұзауқан. «Үй жануарлары» дидактикалық ойын. Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын көрсетіп, алай дыбыстайтынын дыбыстауға үйрету. Шарты: балаларға үй жануарларының суреттері тартылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын, пікірін баяндайды. Сиыр, жылқы сөздеріне дыбыстық талдау жасау.	-жылқы. Музыканың сүйемелдеуімен қимылдар жасайды.
Қорытынды, бағалау	Оқу іс-әрекетін қорытындылау.	

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Музыканың сүйемелдеуімен қимылдар жасайды

Түсінеді: суреттері тартылып беріледі, әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын, пікірін баяндайды

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 20.01.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Қазақстан қорықтары-қайталау

Мақсаты: Қазақстан қорықтары және оның маңызы, орналасқан жері туралы балаларға түсінік беру. Қорықтарда атқарылатын жұмыс түрлері, қамқорлыққа алынған жануарлар мен құстар жөнінде әңгімелеу. Табиғатты аялауға баулу.

Сөздік жұмыс: қорық, қаскер және т.б

[illegible]

	Сергіту сәтін өткізу. Орнымыздан тұрайық Құстай қанат қағайық Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық Әліппе-дәптердегі тапсырмаларды орындату. 1. Сен тұратын жерде қандай қорық бар, әңгімелеп бер. 2. Берілген сурет бойынша қорықта кездесетін аңдар мен құстардың, өсімдіктердің аттарын атау.	әңгімелеп береді. Өлең жолдарын айтып, дене жаттығуын жасайды. Қорықтағы жануарларды атап көрсетеді.
Қорытынды, бағалау	Суреттерді көрсетіп алған білімдерін пысықтау мақсатында сұрақтар қою.	Балалр құстарға, аңдарға қамқор болуға келіседі.

Күтілетін нәтиже: қорық туралы түсінгенін айтып, оны мекендейтін жануарларды атап білуі

Орындайды: жойылып бара жатқан аңдарды, өсімдіктерді, құстарды бұлу

Түсінеді: қорықтардың қаншалықты пайдасы барын, мағынасын түсінуі

Көрсете білуі:табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін көрсету, қамқор болу

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 24.01.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Экологиялық соқпақ-қайталау

Мақсаты: Балалардың санасына экология деген түсінікті қалыптастыру. Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамдарын дамыту. Табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: саяхат, соқпақтар, шартты белгілер.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Қуаныш шеңберін ұйымдастыру. Табиғатым тамаша Көз тоймайды қараса Табиғатты аялап жүрейікші жараса	Өлең жолдарын айтып шеңберде бір-біріне қуана қарайды.
Ізденістер, ұйымдастыру	Экологиялық соқпақ дегеніміз- арнайы таңдалған бағытпен табиғат аясында, табиғатты қорғауға байланысты ұйымдастырылатын іс-шара. Ә.Дүйсенбиевтің «Жорық жыры» өлеңін оқу. Ауласында бақшаның Айналада-нұрлы өмір Дала бүгін тым жақсы Тым тамаша гүлді өңір Көкте күліп күміс күн Қуанышқа кенелдік Әнге бөлеп жер бетін Жорыққа біз жөнелдік Балалармен қайыңның белгісі көрсетілген аялдамаға келу, қайыңды суреттеу. Одан кейін ескірген құлап жатқан ағашқа келу, оның қуысындағы көптеген жәндіктердің тіршілігін бақылау. Балалардың танымын одан әрі дамыту мақсатында экологиялық нысандарды өзгертіп отыру керек. Сергіту сәтін өткізу.	Балалар өлеңді мұқият зейін қойып тыңдайды. Балалар бағыт бойынша аялдамаларды аралап жүреді, кездескен табиғаттың бөлшектеріне түсіністікпен қарап, керек жерінде көмек көрсетеді. Өлең жолдарын

	Орнымыздан тұрайық Құстай қанат қағайық Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық Әліппе-дәптердегі тапсырмаларды орындату. «Саяхат» дидактикалық ойыны. Мақсаты: таныс өсімдіктердің атауы бойынша соқпақты табу. Кейбір ағаштар мен бұтақтарды сыртқы көріністеріне қарап ажырату	айтып, дене жаттығуын жасайды. Әліппе-дәптермен жұмыс жасайды. Ойынға барлық бала белсене қатысады.
Қорытынды, бағалау	Балабақшада, мектепте экологиялық соқпақ ұйымдастыру. Ағаштар, гүлдер отырғызу, құмырсқаның илеуін қорғау, т.б	Экологиялық соқпақтардың мақсатын түсінеді.

Күтілетін нәтиже: балалардың экологиялық соқпақтар туралы түсініктерін қалыптастыру.

Орындайды: экологиялық саяхаттың мақсатын білу

Түсінеді: соқпақтағы шартты белгілерді түсіну

Көрсете білуі: дидактикалық ойында ағаштарды, бұтақтарды дұрыс ажыратып көрсету.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:27.01.17

Білім беру саласы:Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы:Құмырсқалардың илеуімен таныстыру-қайталау

Мақсаты:Балаларды құмырсқа илеуімен таныстыру. Адам да тірі табиғаттың бір бөлшегі деген түсінік беру. Байқағыштықты, Жер бетіндегі бүкіл тіршіліктің өзара байланыстылығы туралы түсінікті дамыту. Танымдық қызығушылық пен табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.

Билингвалді компонент: орман-лес-forest, құмырсқа-муравей-ant

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Қуаныш шеңберін ұйымдастыру. Табиғатым тамаша Көз тоймайды қараса Табиғатты аялап жүрейікші жараса	Өлең жолдарын айтып шеңберде бір-біріне қуана қарайды.
Ізденістер, ұйымдастыру	Тәрбиеші бізді қоршаған ортаның кереметтігіне балалардың назарын аударады: әрбір бұтақша, көк шөп, тас, көбелек және біз де табиғаттың бір бөлшегі болып табыламыз. Табиғаттың қандай күйде болуы біздің әрқайсысымызға тәуелді. -Егер біз бүкіл ағаштарды кесіп, бүкіл жәндіктерді жойып жіберсек не болады? Балалардың алдында бала-құмырсқа пайда болады. Ол өте қапалы. Тәрбиеші одан не болғанын сұрайды. -Кішкентай бала таяқпен біздің үйімізді-илеуімізді бұзып кетті. Баланың қасында ересек адам-оның әкесі де болды, бірақ ол баласын тоқтатпады. Шамасы, ол құмырсқалардың пайдасын білмейтін болса керек. -Балалар, сендер білесіңдер ме? Тәрбиеші кітап беттерінен құмырсқа илеуін қарастыруды ұсынады, ал құмырсқа болса тәрбиешінің балаларға құмырсқалар тіршілігі туралы оқып беруін өтінеді. Балалар кітаптан тіршілік етуші мыңдаған құмырсқаның әрқайсысының өз міндеті болатынын біледі.	

	«Біреулер өз илеуіне құрылыс материалдарын-топырақ, ағаш түйірлерін, бүршік қабыршақтарын тасиды». Басқалары тамақ табады-олар қоңыз, шыбын, жұлдызқұрт тасиды, бұлар жұмысшы-құмырсқалар. Ә.Дүйсенбиевтің «Жорық жыры» өлеңін оқу. Ауласында бақшаның Айналада-нұрлы өмір Дала бүгін тым жақсы Тым тамаша гүлді өңір Көкте күліп күміс күн Қуанышқа кенелдік Әнге бөлеп жер бетін Жорыққа біз жөнелдік Сергіту сәтін өткізу. Орнымыздан тұрайық Құстай қанат қағайық Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық Әліппе-дәптердегі тапсырмаларды орындату. «Саяхат» дидактикалық ойыны. Мақсаты: таныс өсімдіктердің атауы бойынша соқпақты табу. Кейбір ағаштар мен бұтақтарды сыртқы көріністеріне қарап ажырату	Балалар өлеңді мұқият зейін қойып тыңдайды. Өлең жолдарын айтып, дене жаттығуын жасайды. Әліппе-дәптермен жұмыс жасайды. Ойынға барлық бала белсене қатысады.
Қорытынды, бағалау	Балабақшада, мектепте экологиялық соқпақ ұйымдастыру. Ағаштар, гүлдер отырғызу, құмырсқаның илеуін қорғау, т.б	Экологиялық соқпақтардың мақсатын түсінеді.

Күтілетін нәтиже: балалардың экологиялық соқпақтар туралы түсініктерін қалыптастыру.

Орындайды: экологиялық саяхаттың мақсатын білу

Түсінеді: Балалар кітаптан тіршілік етуші мыңдаған құмырсқаның әрқайсысының өз міндеті болатынын

Көрсете білуі: дидактикалық ойында ағаштарды, бұтақтарды дұрыс ажыратып көрсету.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 31.01.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Табиғаттағы тәртіп ережелері-қайталау

Мақсаты: Табиғаттағы мінез-құлық ережесімен таныстықты жалғастыру. Табиғат өте нәзік және ол біздің қамқорлығымыз бен қорғауымызға зәру деген түсінік беру.

Аналитикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.

Билингвалді компонент: табиғат-природа-nature, қоқыс-мусор-rubbish, ереже-правила-order

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Табиғатты қорғайық Көгінде күн нұрын төккен Жерінде гүл жұпар сепкен Неткен сұлу, неткен көркем Осы менің туған өлкем Оқыту сабақтары басталғанға дейін-ақ балалар тәрбиешімен бірге туған өлкеміздің табиғаты бейнеленген суреттерді қарастырады. -Қараңдар, біздің республикамыз қандай кең-байтақ! Оның аумағында қаншама көркем жерлер бар, оны бізбен бірге қаншама тірі гажайып тіршілік иелері-құстар, жануарлар, өсімдіктер мен жәндіктер мекен етеді. Бұл дүние қандай керемет те гажайып! Бірақ Қазақстан аумағында демалуға барғың келмейтін жерлер де бар. Ол-тіршіліксіз өлі жерлер. Олай болуына адамдардың да кінәсі бар.	Өлең жолдарын айтып шеңберде бір-біріне қуана қарайды.
Ізденістер, ұйымдастыру	Балаларға қонаққа тиін келеді, ол балалардан олардың сары шыршалар туралы бірдеңе білетін-білмейтіндерін сұрайды. Тәрбиеші балалармен бірге жасыл шырша, тіпті көгілдір шырша туралы естігендерін, ал сары шыршаны білмейтіндерін айтады. Тиін шыршаның суретін көрсетеді, онда шырша қылқандарының жартысы сарғайған.	Барлық балалар шырша туралы жұмбақты біледі: қысы-жазы бір түсті. Шырша қашанда жасыл.

	-Орманға зиян келтірген адамдар. Олар құбырлары күндіз-түні үзіліссіз түтіндететін үлкен фабрика салған. Осы түтін бүкіл тіршілікке зиян келтіруде. Сергіту сәтін өткізу. Орнымыздан тұрайық Құстай қанат қағайық Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық «Болады немесе болмайды» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға орын алған жағдаятты талдауды және өз беттерімен табиғаттағы тәртіп ережелерін белгілеуді үйрету. Ақ тиін Бірге серуен құрайын, Безбе менен, ақ тиін. Жиі келіп тұрайын, Айтшы, қайсы жақта үйің? Бар арманың іске асып, Балқарағай қоршаған. Бұтақтары ұштасып, Болған даңғыл жол салған. Өрмелейсің асыға, Ағаш діңін айналып. Жаңғақ жастап басыңа, Жатсаңшы бір жайланып.	Өлең жолдарын айтып, дене жаттығуын жасайды. Ойынға барлық бала белсене қатысады. Балалар өлеңді мұқият зейін қойып тыңдайды.
Қорытынды, бағалау	Балабақшада, мектепте экологиялық соқпақ ұйымдастыру. Ағаштар, гүлдер отырғызу, құмырсқаның илеуін қорғау, т.б	Экологиялық соқпақтардың мақсатын түсінеді.

Күтілетін нәтиже: балалардың экологиялық соқпақтар туралы түсініктерін қалыптастыру.

Орындайды: әр топқа бекітілген ересек адамның көмегімен балалар алдына қойылған міндеттерді

Түсінеді: тірі нысандардың суретін салып, оларға қалай дұрыс қамқорлық жасау қажеттігін

Көрсете білуі: балалар табиғаттағы ескерту белгілерін

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 03.02.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Табиғат бұрышындағы тіршілік (өсімдіктер мен жануарлар) – қайталау

Мақсаты: Табиғат бұрышындағы жануарлар (балықтар, құстар, кірпі, тасбақа), өсімдіктер туралы түсінік беру. Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту. Табиғат бұрышындағы жануарлардың тіршілігі туралы мағлұматтар бере отырып, оларға қамқорлық жасауға баулу.

Сөздік жұмыс: табиғат бұрышы, атжалман, қоректендіру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Біздер тату баламыз Гүл-гүл жайнап аламыз Жаттығулар жасайық Жақсы сергіп қаламыз	Балалар шеңбер болып жаттығу жасайды.
Ізденістер, ұйымдастыру	1. Тәрбиеші балабақша, мектептегі табиғат мүйісі туралы төмендегідей мағлұмат береді: - Табиғат бұрышы-мектеп, балабақшада тірі хайуанаттар орналастырылған мүйіс. Мұнда өсімдіктердің түрлерін де өсіреді. Табиғат бұрышында аквариумда балықтар, торда үй қояндары, кірпі, тасбақа, атжалман, тотықұстарды ұстайды. Оларды арнайы педагог маман күтіп-баптайды. Оған балалар көмектеседі. 2. Сөздік жұмысын жүргізу. Атжалман-жоны күрең, бүйірі қызғылт тышқан. Қоректендіру-тамақтандыру. 3. Сергіту сәті Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы Желмен бірге жайқалған	Балалар сұрақтарға белсенді жауап беруге әрекет жасайды. Педагогтің айтқандарын мұқият тыңдайды, сұрақтар қояды. Түсінгендерін қайталап айтып береді. Тыңдайды. Өлең жолдарын қайталап, би қимылдарын жасайды.

	4.Әліппе-дәптердегі тапсырмаларды орындау. 1.Сурет бойынша әңгіме жүргізеді. Бұл жерде табиғат бұрышында тіршілік ететін жануарлар туралы және оларға жасалынатын қамқорлық туралы айтылады. 2.Құмыраға гүлді отырғызудың әдісін сурет бойынша түсіндіреді. 3.А.Мишаринаның бөлме гүлі туралы өлеңін мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді. 4.Үлгі бойынша құмыраны қалай бояу керектігін, қағаздан гүлді қалай жасау керектігін баяндайды.	Суреттен табиғат бұрышында тіршілік ететін жануарларды атайды. Балалардың іс-әрекетін баяндайды. Өлеңнің мазмұнына байланысты қойылған сұрақтарға жауап береді. Құмыраны бояйды, қағаздан гүл жасайды.
Қорытынды, бағалау	Сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақта алған білімдері нысықталады. Сұрақтар мен тапсырмалар: 1.Табиғат бұрышындағы өсімдіктермен жануарларға қандай қамқорлық қажет? 2. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің атын ата. 3. Аквариумдағы балықтарды қалай күтеді?	Балалар табиғат бұрышындағы еңбек іс-әрекеттерін айтады.

Күтілетін нәтиже: табиғат мүйісіндегі жануарлар мен өсімдіктерді күтіп-баптау.

Білуі тиіс:жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлық жасау.

Түсінігі:жануарлар мен өсімдіктердің пайдасы.

Көрсете білуі:сабақ барысында тапсырмаларды орындай білуі

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 07.02.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Қызыл кітапқа енгізілген Қазақстан жануарлары-қайталау

Мақсаты: Балалардың Қызыл кітап туралы түсініктерін қалыптастыру; жануарлардың жойылып кету себептерін түсіндіру; оларды қорғау жолдарымен таныстыру. Өз елінің жануарлары, олардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту; оларды қорғау үшін адамдардың не істеу керектігі жөніндегі білімдерін дамыту. Туған жерінің табиғатына деген жауапкершілік сезімдерін арттыру; жануарларға қайырымды болуға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: Қазақстанның Қызыл Кітабы, қорғауға алынған жануарлар, қорықтар суреті, жұмыс дәптер.

Сөздік жұмыс: қорықтар, қаскер, қорықшы.

Билингвальді компонент: Қызыл кітап - Красная книга - Red Book, жойылу - исчезающий - vanishing, қаскер - браконьер - poacher, қорықтар - заповедники - reserves, қорықшы - егерь - huntsman.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Балалар, бізге жануарлардан жеделхат келіпті. Онда былай деп жазылыпты: "Біздің арамызда кейбір жануарлар адамдардың кесірінен азайып бара жатыр. Бізге көмек көрсетулеріңізді сұраймыз". Олай болса, бүгін біз ол жануарлардың не үшін азайып бара жатқан себебін анықтап, көмек көрсету жолдарын қарастырайық.	Балалар жеделхаттың мазмұнымен танысқаннан кейін өз беттерінше жануарларға қалай көмек көрсетуге болатыны туралы айтады.

Ізденістер, ұйымдастыру	Педагог азия муфлоны (жабайы қой), қарақал, ақбөкен (киік), қара-құйрық суреттерін көрсетеді. Олар туралы қысқаша мәлімет береді. Азия муфлоны Маңғыстау облысында Үстіртте мекендейді. Олар таулы жерде тіршілік етеді. Өсімдіктермен қоректенеді. Қолға тез үйренеді. Саны азаюына байланысты қорғауға алынған. Қарақал- мысық тұқымдасына жататын аң. Қазақстанның шөлді аймақтарында, тау аңғарында кездеседі. Құмды жерде жақсы, батпай, жеңіл жүреді. Құлағының сырты қара, ұшында ұзын шашағы бар. Арқасы бар қоңыр сары, бауыры ақшыл сары. Ол жемін көбінесе түнде аулайды. Өте шапшаң. Өзі ін қазбайды, жайраның, түлкінің інін пайдаланады. Кеміргіштермен, кірпі, жайра, бауырымен жорғалаушылармен қоректенеді. Қарақұйрық Маңғыстауда, Арал өңірінде, Қызықұм, Мойынқұм, Бетпақдалада кездеседі. Тұлғасы сымбатты, құйрығы, таяқтары кішкентай. Жыл маусымына қарай қоныстарын өзгертіп отырады. Дәмді еті мен терісі үшін көп ауланады. Қорғауға алынған. Ақбөкен (киік) - қойға ұқсас, дөңес тұмсықты, күйіс қайыратын түз жануары. Шөлді, далалы жерлерде тіршілік етеді. Олардың басты жсауы-қасқыр. Дәмді еті, құнды мүйізі, тұяғы, әдемі терісі үшін ауланады. Ақбөкенді азаюына байланысты аулауға тыйым салынған. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз бір демалайық. -Бірақ осы жануарларға қауіп төніп тұр екен. Олар жойылып кету алдында тұр. Олардың жойылып кету себебі неден деп ойлайсыңдар? Педагог балалардың ойын толықтырады: Олардың азайып кетуіне алдымен адамдар	Жойылып бара жатқан аңдардың суретімен таныса отырып, олар туралы кең түсінік алады. Олар туралы теледидардан немесе кітаптардан не көргендері жайында әңгімелейді. Өлең мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды.
---	---	---

	кінәлі. Қаскерлер олардың кейбіреулерін бағалы терісі немесе дәмді еті үшін аяусыз аулады. Олар мекен ететін ормандардағы ағаштарды кесті немесе кең даланы жыртып, олардың жайылымын азайтты. Адамдар енді ғана оларға көмек көрсетпесе болмайтынын түсініп, әртүрлі жолдарын қарастырып жатыр. Ең бірінші, оларды қорғауға алу керек екенін түсінді. Сондықтан ғалымдар Халықаралық Қызыл кітапты ойлап тапты. Сондай-ақ әр елдің өз Қызыл кітабы бар. Ол кітаптың түсі неге қызыл? -Дұрыс айтасыңдар, балалар. Қызыл кітап - бұл ерекше кітап (Қазақстанның Қызыл кітабын көрсетеді.) Оның ішінде жойылып кеткен және жойылудың алдында тұрған жануарлардың тізімі берілген. Олар туралы қысқаша мәлімет беріліп, оның қай жерді мекендейтіні туралы айтылады. Жануарларды не үшін қорғауымыз керек, олардың қандай пайдасы бар? -Адамдар жануарларды қорғау үшін Қызыл кітаптан басқа не ойлап тапты. Қазақстанда оларды қорғайтын арнайы қорықтары бар. Қорыққа рұқсатсыз кіруге болмайды. Ол жердегі өсімдіктерді, жануарларды адамдар қорғап, баптайды. Қазақстанның әр жерінде орналасқан 10 қорық бар. Олар: Ақсу-Жабағылы, Алматы, Наурызым, Барсакелмес, Қорғалжын, Марқакөл т.б. қорықтардың суреттерін және картадан орналасу орнын көрсетеді. Дәптермен жұмыс. Жеке жұмыс.	-Қызыл түс қауіпті, оған көңіл аударуды, ескертуді білдіреді. -Жануарлардың пайдасы өте көп. Олардың терісі, етін пайдаланады, олар табиғатқа ерекше әсемдік береді. Тапсырманы орындайды.
Қорытынды, бағалау	-Біз бүгін азайып бара жатқан жануарлардың кейбірімен танысып, оған адамның келтіретін зиянын білдік.	Балалар сұрақтарға толық жауап береді, бір бірінің жауаптарын толықтырады.

Білуі тиіс: Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарларды таниды, атын атайды.

Түсінеді: жануарлардың азайып кету себебін, оған адамдардың қандай зиян елтіретінін.

Қолданады: жануарларға қамқорлық жасауды, жақсы жаман әдеттерді айыра білуді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:10.02.17

Білім беру саласы:Вариативтік компонент!

Бөлімі:Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы:Бөлме өсімдіктері. Теңбіл бегония және шегіргүл-қайталау

Мақсаты:Топ бөлмесіндегі бөлме өсімдіктерінің екі түрімен таныстыру. Өсімдіктерге күтім жасау және олардың өсуіне қажетті шарттар туралы білімді жүйелеу. Қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс:жер, егін, гүлзарлар

Билингвальды компонент:өсімдік-растение-plant, ауа-воздух-air, жарық-свет-light, жылы-тепло-heat

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Балалар дөңгелендіре тұрғызып, төмендегі өлең жолдарын оқиды: Бөлме өсімдіктері Үйде тұрып өсетін, Әкеп гүлдің көшетін. Топырақты салдым да, Отырғыздым қалбырға. Тәрбиеші балалардан олардың бөлмесінде тұрған өсімдіктер ұнай ма деп сұрайды. -Өсімдіктердің тіршілігі үшін қандай жағдайлар жасалуы тиіс?	-өсімдіктерге ауа, жылу, жарық және қоректік заттар қажет. Өсімдіктер бүкіл қоректік заттарды сумен немесе су және минералды тыңайтқыштар қоспасымен суарылу кезінде сіңіреді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	-Адамдар тәрізді, әрбір өсімдіктің де өз атауы болатынын сендер білесіңдер? Бүгін біз теңбіл бегония және шегіргүлмен танысамыз. Бұл өсімдіктер алдарыңда тұр. Ендеше басқа бөлме өсімдіктері арасынан теңбіл бегонияны тауып көрейік. Бұл өз жапырақтарында, бейне бір суретшінің сиқырлы қылқаламымен салынғандай, әдемі күміс теңбілдері бар, биік өсімдік. Оның орташа	Сұрақтарға жауап береді. Әдетт балалар өсімдікті

	мөлшерлі жапырақтарының жиектері үшкір келеді. Жапырақтың жоғарғы беті жастыл, ал төменгі жағы қызғылт реңкті. Діңі тік, тегіс. Өсімдік суды, бүркүді, топырақ қопсытуды және жарықты өте сүйеді. Егер бегонияға жақсы күтім жасасақ, ол бізді өз гүлдерімен қуантады. Гүлдері қызғылт, пішіні тиынды еске салады. Шегіргүл- бұл да бөлме өсімдігі. Қараңдаршы, ол теңбіл бегонияға мүлдем ұқсамайды. Оның биік діңі жоқ, ал кішкентай жапырақтары желпуіш тәрізді, жан-жаққа қарап өседі. Түк жамылған жапырақтары жұмыр, сондықтан шегіргүл жапырақтарын шүберекпен жуу мүмкін емес. Шаңды жұмсақ қылқаламмен ағынды жылы су астында тазалауға болады. Осы кішкентай да нәзік өсімдік көп суды да, құрғақ топырақты да ұнатпайды. Сондықтан су көп те, аз да болуы тиіс. Шегіргүл де жарықты ұнатады және өз гүлдерімен қуанта алады. «Сипаттау бойынша танып-біл» немесе «Өсімдікті көрсет және атын ата» деп аталатын ойын ұсынылады. Бірнеше балаға өсімдікке күтім жасау-суару, түбін сүрту, топырақты қопсыту және жапырақтарына су бүрку ұсынылады. -Балалар, өсімдіктер бізге не үшін қажет? -Сендердің үйлеріңде тірі өсімдіктер бар ма? Сендер олардың атын білесіңдер ме? Өсімдіктер солып қалмас үшін және бізді өз көріктерімен қуанту үшін өсімдіктерге қалай күтім жасау керек? Егер біз дұрыс күтім жасамасақ, өсімдіктер гүлдей ме?	қателеспей табады. Балалар қызыға , тандан қарайды. Балалар бөлмеге көрік береді, ауаны тазартады, көңіл күйімізді көтереді.- деп біртін жасау берді.
Қорытынды	Тағы қандай бөлме өсімдіктерін білесіңдер, атын атаңдар.	Балалар өздері білетін өсімдік атауларын толық

		айтады.
--	--	---------

Күтілетін нәтиже: Бөлме өсімдіктер туралы түсінігі болуы.

Білуі тиіс: Бөлме өсімдіктерінің түрін білу.

Түсінігі: адамдардың бөлме өсімдіктеріне қамқорлықтарын білу.

Көрсете білуі: Бөлме өсімдіктерінің суретті ретімен орналастыру.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 14.02.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Шөл даланың жануарлары-қайталау

Мақсаты: Адам өміріндегі түйенің мән-маңызы туралы түсінік беру. Қызыл кітаппен таныстықты жалғастыру. Жер бетіндегі бүкіл тіршілікке қызығушылық пен оларға қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Таулар-горы, шөл дала-пустыня, Ақбөкен, киік-сайгак, қарақұйрық-дейран.

Билингвальды компонент: Қасқыр-волк-wolf, түлкі-лиса-fox, қоян-заяц-hare, кірпі-ежик-swab, түйе-верблюд-oont, тасбақа-черепаха-tortoise.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Тәрбиеші жануарды қазақ тілінде айтады-балалар орыс тіліне аударады. Сонан соң сөзді қазақ тілінде қайталайды Қасқыр- волк түлкі- лиса қоян- заяц кірпі- ежик түйе- верблюд тасбақа- черепаха.	Балалар біртіндеп жануарларды орыс тіліне аударады.

Ұйымдастыру шылық ізденістік	<i>Топ бөлмесінде киізден жасалған сыйкәде – ақ ботасы бар қуыршақ пайда болады. Тәрбиеші балалардың Сәуле-қуыршаққа бота туралы білгендерін айтып беруін өтінеді.</i> <i>-Бота қандай болады?</i> <i>-Немен қоректенеді?</i> <i>-Қай жерді мекендейді? және т.б</i> <i>Көріністерді қарастыру және тәрбиешінің әңгімесін тыңдау.</i> <i>Шөл далада кез келген жануар тіршілік ете алмайды, дегенмен оның өз мекендеушілері бар, олар: жыландар, тышқандар, алабажасқ кесірткелер, салпаң құлақ кірпі, шаяндар, түйелер, кесірткелер, ақбөкендер, тасбақалар және т.б. Түйенің екі түрі бар- бір өркешті және екі өркешті түйелер. Екі түрі де ертеден- ақ үй жануарлары болып табылады. Олар адамдарға теңдеп жүк артылатын және тасымалдау құралдары ретінде қызмет етеді. Олар етпен, сүтпен, жүн және терімен қамтамасыз етеді. Түйелер-жалқау жануарлар, бірақ оларды дұрыс пайдаланса- көнбіс. Артық қатігездікке түкіріп, теуіп және тістеп жасау беруі мүмкін.</i> <i>Дене құрлысының арқасында түйелер жақсы бейімделгіш-шөлде ыстыққа, құрғақшылыққа және суыққа төзімді. Түйенің қалың кірпіктері көзін топырақты дауылдан қорғайды. Түйелер тіпті тұмсығына топырақ кірмес үшін танауларында жасауып ала алады. Тәрелке тәрізді жалпақ тұяқтары құмға батып қалмауға көмектеседі. Суару кезінде бірнеше минутта түйе 95литр су іше алады.</i> <i>Түйе-осындай газжап жануар. Өкінішке орай, жабайы түйелер табиғатта өте аз- 300-600 бас шамасында, және олар да қамқорлыққа мұқтаж. Жабайы түйе Хақтықаралық Қызыл кітапқа енгізілген. Оларды аулауға тыйым салынған. Оны күзге қарай майлы еті үшін аулаған, терісінен аяқ киім дайындалады. Түйе жүнінен ең үздік жүн көрпелер тігеді, киіз басады. Түйе сүтін</i>	<i>Балалар қызыға жасау береді.</i> <i>Сүйкімді жануар. Шөп жейді.</i> <i>Шөл далаларда мекендейді-деп жасау береді</i> <i>Балалар тандана қарайды.</i>
--	---	---

	адамдар ежелден асқа пайдаланған. Оны саумал күйінде ішеді және қымызға ұқсас дәмді де емдік қасиеті сусын- шұбат әзірлейді. Тәрбиеші балаларға түйе жүнінен әзірленген бұйымды немесе оның суретін көрсетеді. Тәрбиеші балаларға тірек көріністер бойынша әңгіме құрастыруды ұсынады. -Бұл жануар қай жерді мекендейді? -Бұл жануардың түрі қандай? -Бұл жануар немен қоректенеді? -Бұл жануар адамның өмірінде қандай роль атқарады? Тәрбиеші сөйлемнің дұрыс құрылуын қадағалайды.	Балалар тәрбиеші көрсеткен суреттердің аттарын атайды. Балалар сұрақтарға жауап береді.
Қорытынды	Өркештері май ма екен, Жүргендері жайлы екен. Атам, әжем айтатын Боталары қайда екен, Боталары қайда екен?...-деп тәрбиеші балаларға шөл далада мекендейтін жануардың қандай екенін сұрайды?	Балалар тәрбиешінің сұрағына «түйе» деп жауап береді.Сипаттап айтады.

Күтілетін нәтиже: Шөл далада мекендейтін жануарлар туралы түсінігі болады.

Білуі тиіс: Шөл дала жануарлары түрлерін біліуі.

Түсінігі: Шөл даладағы жануарлардың пайдасын білу.

Көрсете білуі: Түйе жүнінен әзірленген бұйымды немесе оның суретін білуі.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 16.02.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Жануарлар мен төлдері. Ілбіс-қайталау

Мақсаты: Балаларды тауды мекендейтін қар барысы-ілбіспен таныстыру. ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлар түрінің атауларын бекіту. Өзін табиғаттың бір бөлігі ретінде түйсінуді, табиғатты қорғауға ынта-ықыласты тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Қорық-заповедник, Қар барысы, ілбіс-снежный барс

Билингвальды компонент: Жабайы жануарлар-дикие животные-savagery, киік-сайгак-saiga, Бүркіт-беркут-golden eagle, Құстар-птицы-bird

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Тікірейген мұрты бар, Тек биікке ұмтылар. Тұрағы оның аулақта, Қарлы шыңды тау жаққа. Тәрбиеші балаларға қар барысы-ілбістің суретінмен таныстырып, сипаттап көрсетеді.	Балалар суретке таңданып қарап, тәрбиешінің сөздерін қайталайды
Ұйымдастырушылық ізденістік	Топқа Буратина келеді. Ол балалардан Қызыл кітап дегеніміз не және ол үшін қажеттігі туралы әңгімелейді. Буратина күліп алып, өзінде сондай қызыл кітап бар екенін және ондағы үш торғай туралы ерте. Сонда, немене, қасқыр мен үш тоғайды қорғау қажет пе? Педагог Қызыл кітап деп аталу себебі-оның алғашқы басылымының беттері қызыл түсті болғандығын еске салады. Олар: абайлаңыз, көмектесіңіз, әйтпесе бұл жануарларды біз ешқашан көре алмайтын боламыз деп ескертіп тұрғандай. «Сипаттау бойынша танып» дидактикалық ойын. Тәрбиеші жануарға ауызша сипаттама береді. «Ересектер мен төлдер»	Балалар Буратинаға оның қолындағы басқа кітап екенін дәлелдеп көреді. Ал балалар шешімін табады.

	дидактикалық ойыны.Мақсаты: жабайы жануарлардың төлдерін дұрыс атауды үйрету. Аю-қонжық Туін-ақтиін Қасқыр-бөлтірік Түлкі-түлкішек Ақбөкен-марал Қоян-көжсек Барыс-марғау Барыс-таудың қарлы шыңдарында тіршілік ететін жабайы жыртқыш аң, оның күшіктері үй мысығының кішкентай марғауына ұқсас, бірақ бұл тек сыртқы ұқсастық.Негізінде бұл жабайы табиғатта тіршілік ететін өте төзімді аң. Көріністер, бейнетаспалар көру ұсынылады. Тәрбиеші балаларға ілбіс туралы әңгімелейді.Осы сирек жануардың жойылу себебі адам болып табылады. Ілбісті және басқа сирек жануарларды сақтап қалу мақсатында қорықтар жасалуда. Қорық- бұл сирек және бағалы өсімдіктер, жануарлар, табиғаттың бірегей телімдері, мәдени құндылықтар қорғалатын және сақталатын қорықтағы орын. Тәрбиеші балаларға барыстың суретін «Экологиялық альбом» орналастыруды ұсынады. Біздің әрқайсысымыз тірі табиғаттың бөлшегіміз және әрбір түрдің сақталуы үшін жауапты болып табыламыз. -Ілбісті қорғау үшін қандай қорғаушы белгі ойлап табуға болады.	Балалар төлдерін қайталайды. Балалар суреттерге таңдана қарап, сирек кездесетінін айтты. Балалар, қалауына қарай, ілбіс туралы әңгімелейді.
Қорытынды	Ілбіс жануары туралы балаларға сипаттау арқылы сұрақтар қояды. -Ілбіс қандай жануар? -Ілбіс қайда мекендейді? -Қызыл кітап дегеніміз не?	Балалар жауап береді.

Күтілетін нәтиже: Қызыл кітапта жануарлар не үшін қорғалатыны туралы түсінік.

Білуі тиіс: ҚР Қызыл кітабына енгізілген құстардың, өсімдіктер мен жануарлардың атауларын біледі.

Түсінігі: Адамдардың кітапа енетін жануарлардың қорғайтынын.

Көрсете білуі: Балалар суреттен жануарлардың төлдерін көрсете біледі.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 21.02.17

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Ақсу-Жабағылы қорығы. Бүркіт-қайталау

Мақсаты: Карта туралы білімдерін кеңейту, Оңтүстік Қазақстан облысының орналасқан жері туралы түсінік беру. Ақсу-Жабағылы қорығымен және оның бір өкілі-бүркітпен таныстыру. Балалардың Қызыл кітап туралы білімін қорыту. Білімқұмарлықты, тыңдай білуді және естігенін өз сөзімен айтып беруді дамыту. Флора мен фаунаға деген сүйіспеншілікті тәрбелеу.

Сөздік жұмыс:

Билингвальды компонент: Сұңқар-орел-eagle, торғай-воробей-gutter-bird, қарға-ворона-crown, қызыл кітап-красная книга-red book

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	«Жабайы құстардың атауы» дидактикалық ойын түрінде бекітіледі (мысалы, «Байқа, шатастырып алма!»). Мақсаты: жабайы және үй құстарын ажыратуд үйрету, атауларын бекіту. Тәрбиеші балаларға карта көрсетеді және бұның не екенін сұрайды. Ол Оңтүстік Қазақстан облысын көрсетеді және осы облыс аумағынан екі өзен –Ақсу мен Жабағылы- ағып өтетінін айтады. -Осы екі өзен суының шуылы дәл осылай аталатын Ақсу-Жабағалы қорығы аумағына естіліп жатады. Қорықтар не үшін қажет?	Балалар бұл ойын түрінде жануарлады екіге бөліп қарастырады. Балалар карта екенін айтады.

Ұйымдастыру шылық ізденістік	Таң қалмаңыздар, құстардың, жануарлар мен өсімдіктердің өзінің айрықша кітабы бар. Бұл- Қызыл кітап. Есімізге түсірелік, ол не үшін қажет еді? Көптеген құстар, тіпті олардың өте қаһарлылары да адамның қамқорлығына зәру. Мысалы: Қызыл кітапқа қызғылт қоқиқаз, бүркіт, тырна, аққу, қар барысы және басқа жануарлар мен құстар енгізілген. Аң патшасы- бұл арыстан, ал құс патшасы- бүркіт. Тәрбиеші балаларды бүркітпен таныстырады. -Бұл еркіндіксүйгіш, күшті және қырағы құс біздің мемлекеттік туымызда бейнеленген. Тәрбиеші құс туралы әңгімелейді және өткен материалды әңгімелесу барысында бекітіледі. «Кім көбірек айтады?» дидактикалық ойыны. Балалар бүркіттің тіршілігі туралы қызықты мәліметті көбірек айтудан жарысады. Тәрбиеші балаларға бүкіт неліктен ҚР Қызыл кітабына енгізілген? Бүркітті қорғау үшін біз не істей аламыз? Бүркітті атудан сақтау мақсатында қандай қорғаушы және ескертуші белгі ойлап табуға болады? Бүркітті қорғау үшін осы сирек құс тіршілігі туралы баяндайтын деректі фильмдерді көбірек түсіруге, сәбилерге арналған бүркіт туралы ертегілер ойлап шығаруға болады, сонда балалар да есейгенде бүркітті жақсы көретін және қорғайтын болады. Бүркіт-Қазақстанның көптеген жерлерінде ұя салуы мүмкін. Көпшілігіне- оңтүстікте және шығыста кездеседі. Сирек тұқым ретінде Қызыл кітапқа енгізілген. Отырықшы құс. Ол қыс түскенде жылы жаққа ұшып кетпейді, қыстап шығады. Бұл Қазақстандағы бүркіттердің нағыз күшті, ең ірі және қуатты өкілі. Бүркіттердің жемтігін жоғары биіктен	Сұрақтарға жауап береді. Балалар бұл ойында бүркіттің тіршілігі туралы біледі.
--	--	--

	ізвестіретін көздері өте қырағы. Ересек бүркіттердің түсі қара, тек басындағы қауырсынның ұшы ғана үшкір тот-сарғыш түсті. Жас бүркіттердің басы ашық сарғыш түсті, ақ құйрығының ұшы қара түспен аяқталады. Жыл өткен сайын құйрықтағы ақ түс саны азаяды және бүркіттің тіршілігінің төртінші жылында толық жойылады. Бүркіт ересектер санына өтеді. Бұл үндемес құс. Бүркіттің шаңқылы тек ұясының маңында ғана естіледі. Суырмен, сарытышқанмен, құмтышқанмен, қоянмен, аламанмен, қарақұйрықпен, ақбөкенмен, түлкімен, қасқырмен, тасбақалармен қоректенеді. Жемтігін көргенде жартылай жазылған қанаттарымен жоғарыдан төмен құйылады да, созылған алдыңғы аяқтарымен бүріп ұстайды. Бүркіттер жұптасып бір ұяда көп жылдар тіршілік етеді. Аналық бүркіт бір-екі қоңыр дақты күңгірт-ақ түсті жұмыртқа туып, 45 күн басып шығарады. Аталығы оған барлық уақытта жем тасиды. Балапандар жарып шыққан кезде олардың жылы қауырсындары әлі болмайды, сондықтан аналық бүркіт оны өз денесімен жылытады. Ал аталығы аналық пен балапандарға жем тасуын жалғастырады. Бүркіттер балапандарына өте қамқор. Тіпті балапандары ұшуды үйренгенде ата және ана бүркіт оларды азықтандыруды жалғастыра береді.	
Қорытынды	Бүркіт- Қазақстандағы ең әйгілі аң аулайтын құстардың бірі. Ежелден-ақ біздің ата-бабаларымыз бүркітпен аң аулаған. Бүркіттер түлкі және басқа жануарларды аулаған. Жақсы үйретілген бүркіт тіпті қасқырды да алады. Жұмбақ Салатын ұяны. Өткір көзі шегір, Бүргенін құртар тұяғы (Бүркіт)	

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Қызыл кітапқа енгізілген жануарлармен құстарды

Түсінігі: Қорықтардың қажеттілігін

Көрсете білуі: Қазақстан картасынан қорықтарды

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Біздің ғаламшарымыздың өкпесі

Мақсаты: Өсімдіктердің адамның өміріндегі мән-маңызын ашу. Өсімдіктердің үш тобы туралы түсінікті бекіту, оларды өзара салыстыра және ажырата білуді үйрету.

Қоршаған ортаға қатысты өзінің кейбір әрекеттерінің салдарын күнібұрын көре білуді қалыптастыру.

Сөздік жұмыс: Ағаштар, бұта, шөптесін өсімдіктер, гүлдер, раушан, бақбақ.

Билингвальды компонент: Ағаштар-деревья-tress, бұта-кустарник-shrub, шөптесін өсімдіктер-травянистые растения-herbaceous plants, гүлдер-цветы-flowers, раушан-роза-rose flowers, бақбақ-одуванчик-dandelion

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Тәрбиеші балаларға әрқилы өсімдіктер бейнеленген көріністерді көрсетеді және әдейі оларды теріс атайды. Мысалы: ағашты-шөптесін өсімдік, ал шөпті-бұта атайды.	Балалар қатені түзетеді

Ұйымдастыру шылық ізденістік	Тәрбиеші балалардан өсімдіктің не үшін қажеттігін сұрайды және оларға жауаптарын негіздеуге көмектеседі. Жасыл өсімдіктердің фотосинтезге қабілетті болатыны туралы айту керек: күн сәулесінің көмегімен нәтижесінде ауа тазаратын және оттегімен байылатын күрделі үрдістер жүреді. Жануарлардың көпшілігі өсімдіктермен қоректенеді. Адамдар өсімдіктерді жануарларды азыққа пайдаланды. Яғни Жер бетінде өсімдіксіз өмір де болмас еді. Өсімдіктер біздің үйімізге көрік береді, оларды салтанаттарда сыйға тартады, сондай-ақ олардан дәрі-дәрмек жасалады. Қалаларда суық желдердің, шаңды дауылдардың қарқынын төмендету үшін, аптапты жазда адамдарды көлеңкемен қорғау үшін және ауаны тазарту үшін ағаштар отырғызады. Жұмбақтарды шешу: Жапырақты тасалап, Өсетін жері- бақ-бақша. Күрең қызыл, шіркін-ай, Оның аты...	Сұрақтарға жауап береді. Балалар жұмбақты шешеді. Жұмбақтың жауабы таңқурай.
Қорытынды	Педагог балаларға кез келген жасыл өсімдік салуды ұсынады. Көрме ұйымдастырылады. Бірнеше жұмыс «Экологиялық альбомға» орналастырады.	Балалар көп жасыл өсімдіктердің суретін салды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Өсімдіктердің пайдасын

Түсінігі: Өсімдіктердің үш тобын

Көрсете білуі: Альбомнан өсімдіктердің түрлерін

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Байқаныз үй жануарлары-қайталау

Мақсаты: қауіпті болатын жағдайларды таныстыру. Табиғаттағы мінез-құлық ережелерін үйрету. Өз деңсаулығына қамқор болуға, жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Сиыр, ат, жылқы, саулық, қой, үйрек, тауық, әтеш, балапандар, бұзаулар, құлындар, қозылар.

Билингвальды компонент:Сиыр-корова-cow, ат, жылқы-лошадь-horse, саулық-овца-sheep, қой-баран-rat, үйрек-утка-duck, тауық-курица-A hen ,әтеіш-nemux-cock, балапандар-цыплята-chickens, бұзаулар-телята-calves, құлындар-жеребятa-foal, қозылар-ягнята-lambs

<i>Іс-әректает бөлімдері</i>	<i>Тәрбиешінің іс-әрекеті</i>	<i>Балалардың іс-әрекеті</i>
<i>Ынталандыру, сезімді ояту</i>	<i>«Үлкендер мен кішкентайлар» дидактикалық ойыны. Мақсаты: үй жануарларының (құстарының) және олардың төлдерінің атауларын бекіту.</i>	<i>Балалар қызыға ойнайды.</i>
	<i>Тәрбиеші балалардан үй жануарлары адам деңсаулығына зиян келтіре ала ма, олар мұндай жағдайлармен кездесті ме деп сұрайды. Түсінбеушіліктер кімнің кінәсінен болады? Себеб әр түрлі болуы мүмкін, көбінесе кінәлі адамның өзі. Қолайсыздыққа тап болмас үшін өзіннің қолдағы асырандыларыңның мінез-құлықтарын жақсы білу керек.</i> <i>«Қайсысы артық?» дидактикалық ойын. Тәрбиеші жануарлар бейнеленген бірқатар тақырыптық суреттерді көрсетеді немесе жануарларды атап шығады, ал балалар мұндай жануарды үйде ұстауға болатынын-болмайтынын айтады. Егер болмаса, неліктен болмайды? Жабайы жануарлардың табиғи инстиктері (әсіресе жыртқыштардың) оянуы мүмкін, онда олар өте қауіпті. Тағы біреулері күтімнің нашарлығынан өтеді. Адам жануарларға қажетті табиғи жағдайды толығымен қамтамасыз ете алмайды. Жабайы</i>	<i>Сұрақтарға жауап береді.</i> <i>Балалар тәрбиешімен</i>

	жануарларды қолда ұстауға болмайды! Жануарлармен қарым-қатынастағы ережелер Азықтанып жатқан жануарға жақындама. Төлдеріне тиіспе және оларға жақын жуыма. Мүйізді ірі қараның маңында сақ бол, оларды ашуландырма. Құсты аузынан қоректендірме, торға жақын еңкейме. Үй жануарларын ызаландырма. Бейтаныс жануарларды сипама. Жануарды ұстаған соң қолынды тазалап жу. Есте сақта: жануарлар адамға сирек шабуылдайды және бұл көбінесе адамның кінәсінен болып жатады. Біз өзімізді қоршаған табиғатқа сыйластықпен қарауға тиіспіз.	қосылып сұрақтарға жауап береді. Балалар таңырқай тыңдайды.
Қорытынды	«Болады және болмайды» дидактикалық ойыны. Мақсаты: жануарлармен қарым-қатынас ережелерін бекіту. «Сөйлемдерді толықтыр» дидактикалық ойыны. Мақсаты: үй жануарлары төлдерінің атауларын бекіту.	Балалар белсенділікен ойынға қатысады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: жабайы жануарлармен үй жануарларының қауіпті екенін

Түсінігі: жануарлармен қарым – қатынастағы ережелері

Көрсете білуі: Жабайы жануармен үй жануарларды ажырата білу

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Көрікті көктем-қайталау

Мақсаты: көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар, өсімдіктер мен жануарлардағы маусымдық өзгерістер, адамдардың көктемдегі пайдалы іс-әрекеттері туралы мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бақылау арқылы бағалай білу, бақылағандарын есте сақтай білу дағдыларын қалыптастыру. Еңбексүйгіштікке, табиғатқа деген қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу

Сөздік жұмыс: ұя, жер, егін, гүлзарлар

Билингвальды компонент: көктем-весна-spring, гүлдер-цветы-flower

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Балалар дөңгелендіре тұрғызып, төмендегі өлең жолдарын оқиды:	Жаңбыр, жаңбыр жауасың, Жанымызға дауасың. Біз ойнайтын ауланың Тазартасың ауасын.
Ұйымдастырушылық ізденістік	-Көктем мезгілінің айларын атаңдар. -Көктемнің алғашқы айы-наурыз. Бұл айда күн жылынып, қар еріп, жылгалардан су ағады. Сай-сала суға толады. Сәуір айында жер беті көгеріп, ағаштар бүршік атып, айнала құлпырып кетеді. Жаңбыр жиі жауады. Мамыр айында дала жасыл желек жамылады. Мамыр айын «Ән айы» деп атайды. Өйткені құстар балапан басады, тоғай, гүлзарлардың ішінде, көл жағасында құстардың сайраған дауыстарын естисің. Сондықтан көктем-жылдың ең тамаша мезгілі. Жер жыртады, егін, бау-бақша салады. Гүлзарларды гүл егуге дайындау, ағаштардың түптерін қопсыту, құстарға ұя жасау сияқты жұмыстар жүргізіледі. Ең алғаш дәнмен қоректенетін құстар ұшып келеді.	Сұрақтарға жауап береді. Өздері білетін тақпақтарын қайталайды. Өлең жолдарын қайталап, жаттығу жасайды. Сурет бойынша жыл мезгілдерін анықтайды. Өлеңнің мазмұнына қарай көктемде болатын өзгерістерді әңгімелейді.

	Мысалы, ұзақ, шұбар шымшық, таң шымшық, қараторғай сиқты құстар. Ал жәндіктермен қоректенетін құстар-қарлығаш, ұзын қанат қарлығаш, көкек, бұлбұл сияқты құстар. Сәуірдің аяғы, мамыр айларында ұшып келеді. Сергіту сәті: Қанат жаям жалма-жан. Талпынғандай ұшуға. Иіліп келіп қол созам Аяғымның ұшына. Әліппе-дәптермен жұмыс жүргізу: Б.Қозыкеевтің «Көктем» өлеңін дауыстап оқиды. «Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны. Шарты: тәрбиеші жыл мезгілдері бейнеленген суреттерді көрсетеді, сол бойынша әңгіме өткізеді.	
Қорытынды	Тапсырмалар: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін ата . Көктем айларын ата . Сабақта алған білімдері сұрақ-жауап әдісі арқылы пысықталады.	Балалар белсенділікпен жауап береді.

Күтілетін нәтиже: көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы түсінігі болуы.

Білуі тиіс: көктем мезгілінің ерекшеліктерін білу.

Түсінігі: адамдардың көктемгі пайдалы іс-әрекеттерін білу.

Көрсете білуі: суретті ретімен орналастыру.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Құстар-біздің досымыз-қайталау

Мақсаты: Құстар және олардың көктемдегі тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Құстардың тіршілігінде болатын өзгерістерге мысалдар келтіре отырып түсіндіру арқылы есте сақтау қабілеттерін және зейіндерін дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға баулу және оларға қалай жағдай жасау керектігін үйрету.

Сөздік жұмыс: қарлығаш, тоқылдақ, балапан, торғай, қараторғай және т.б.

Билингвальді компонент: құстар-птицы-bird, жабайы-дикий-warragal

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру. Әрқашан аман болайық, Құстар әнін сайрасын. Бейбітшілік болсын, Нанымыз көп болсын.	Балалар жақсы көңіл-күймен амандасады.
Ізденістер, ұйымдастыру	Оқу іс-әрекет алдында балалармен бірге балабақша ауласына мақсатты серуенге шығу. Серуенде балалардың назарын жыл мезгіліне көктемге байланысты табиғаттағы құбылыстарды, өзгерістерді байқауға аудару. Құстардың келуі және ұя салуы, балапан шығаруы. Құстардың дауысына және сыртқы құрылысына қарап ажыратуға үйрету. С.Көбеевтың «Құстың ұясы» деген әңгімесін оқып беру. Сергіту жаттығуы Орнымыздан тұрайық Құстай қанат қағайық Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық Құстардың суреттерін көрсетіп, олардың түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Құстардың немен қоректенетінін әңгімелеу.	Балалар аулаға серуенге шығады. Көктемнің ерекшеліктері мен табиғаттағы өзгерістерге назар аударады. Құстарды бақылап, ажыратып үйренеді. Әңгімелерді тыңдайды, түсінеді. Өлең жолдарын айтып, жаттығу жасайды.

	Олардың табиғатты қорғаудағы рөлі туралы айтып өту. Құстар бау бақшаны зиянды құрт-құмырсқадан тазартады. Осыған байланысты адамдар да құстарға қамқорлық жасайды. Құстарға ұя жасау, тамақтандыру, жем шашу, т.б. Әліппе-дәптермен жұмыс. Құстар туралы мақалдарды оқып, мағынасын ашу. Тырна көлге қонады, Ара гүлге қонады. Қыран құс құз-қиянын сағалайды, Болар бала ізгі істі сағалайды. Жұмбақ. Көлдің көркі сәні екен, Ұшқанда сазды әні екен. Ақындар оны мақтаған, Адамдар қорғап ақтаған. «Бұл қандай құс?» дидактикалық ойын. Мақсаты: ерекшеліктеріне қарай құстарды сипаттап айтуға үйрету және оларды ажырата білу.	Әліппе-дәптермен жұмыс жасайды. Тапсырмаларды дұрыс орындауға талпыныс жасайды. Балалар мақалды қайталап, жұмбақтың шешуін табады. -аққу. Ойынға барлық бала белсенділік таныта қатысады. Мысалы: Аққу-мойыны ұзын, қауырсындары аппақ немесе қара құс. Ол-өте әдемі құс. Суда жүзеді.
Қорытынды, бағалау	Оқу іс-әрекетті қорытындылау мақсатында балаларға сұрақтар қойылады. 1. Қандай құстар адамға жақын жүреді? 2. Құстар немен қоректенеді?	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже: құстар және оның табиғатқа келтіретін пайдасы жөніндегі ұғымының қалыптасуы

Білуі тиіс: жыл құстарын ажырата білу.

Түсінеді: құстардың тіршілігі, немен қоректенетіні туралы түсінігі.

Көрсете білу: құстарға қамқорлық жасап, оларды қорғау.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Көктемгі еңбек-қайталау

Мақсаты: Үлкендердің еңбектері туралы балалардың түсініктерін әрі қарай дамыту. Ауылшаруашылық өнімдерінің түрлері, оларды өндіретін адамдардың еңбектері жайлы мағлұматтар беру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:

Сөздік жұмыс: егінші, малыш, диқан, шопан, жылышы және т.б.

Билингвальды компонент: еңбек-труд-labour, көктем-весна-spring

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Шеңбер бойына дөңселене тұрып, бір- бірінің алақандарын алып, жақсылық, ізгі тілектер айтқызыдырады.	Бір- біріне тілектер жолдайды.
Ізденістер, ұйымдастыру	1.Педагогтің түсіндіруі: - Адам баласы еңбек арқылы дамып жетіледі. Еңбек ету арқылы көптеген белестерді бағындыра алады. Еңбек адамның денесін шынықтырып, мінез- құлқын қалыптастырады. Еңбектің көптеген түрі бар, соның бірі- көктемгі еңбек. (Балаларды ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің суретімен таныстыру). Бағыттаушы сұрақтар қою: 1. Суретте не бейнеленілген? 2. Адамдар немен айналысып жүр? 3. Олар машинаның қай түрімен жұмыс жасап жатыр? 4. Не жинап жүр?т.б. Әртүрлі іс- әрекеттегі адамдардың әрқайсысының өздерінің мамандықтары бар екенін айтып түсіндіру. Мысалы: егінші, диқан, шопан, жылқышы, т.б. Ауылшаруашылық өнімдерімен тек қана ауыл емес қаланы да қамтамасыз ететінін айтып өту. Мысалы: ет, сүт, астық, жеміс- жидектер,	Суреттерді зер сала қарап көреді, түсінеді. Сұрақтарға дұрыс жауап беруге тырысады. Еңбекшілердің жұмыстарымен танысады. Күнделікті азықтардың қайдан келетінін ұғады.

	көкөністер, т.б. Табиғатты қорғау бағытындағы еңбек түрлеріне, ауланы тазалау, арықты арышу, ағаш түптерін әктеу және т.б. айта аламыз. 2. Сергіту жаттығуы Орнымыздан тұрайық, Құстай қанат қағайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық. 3. Әліппе- дәптермен жұмыс: Тапсырма: Еңбек туралы мақалды қайталау. Дала, бақша, бөлмегүлдерін атау. Суретте берілген гүлдерді атап, олардың қай жерде өсетінін айту.	Өлең жолдарын айтып, қимыл қозғалысын жасайды. Әліппе- дәптермен жұмыс жасайды. Тапсырмаларды дұрыс орындауға әрекет жасайды.
Қорытынды, бағалау	Ауылиаруашылығы еңбеккерлерінің қызметінің қажеттілігін, ауылиаруашылығы еңбеккерлерінің қала жұртышылығын нанмен, көкөністермен, жеміс- жидектермен қамтамасыз ететінін ұғындыру. Көктемгі еңбек түрлері жөнінде түсінік қалыптастыру.	«Еңбек түбі- зейнет» деген мақалдың мағынасын түсінеді.

Күтілетін нәтиже: даладағы еңбек пен ауылиаруашылығы еңбегінің ерекшелігін ажырата алады.

Білуі тиіс: басқа жыл мезгілдеріндегі еңбек пен көктемгі еңбектің айырмашылықтарын білу

Түсінеді: табиғат қорғау жұмыстарының қажет екендігін түсінеді.

Қолданады: сурет бойынша қорытынды ой айтуды, өз пікірін білдіруді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: «Мәжнүн талдың тойы» Құстар мен жәндіктер-қайталау

Мақсаты: Тірі және өлі табиғаттағы көктемгі маусымдық өзгерістерді бекіту. Тоқылдақпен және жәндіктер әлемі өкілдерімен таныстыру. Білімқұмарлықты және жануарлар әлеміне сүйіспеншілікті дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: құстардың суреті, жануарлардың және жәндіктердің макеті.

Сөздік жұмыс: Құстар, бал ара, шыбын, маса, ағаш, наурыз, сәуір, мамыр.

Полингвальды компонент: құстар-птицы-birds, бал ара- пчела-bee, шыбын-муха-fly, маса- комар-mosquite, ағаш-дерево-tree, наурыз- март-march, сәуір- апрель-april, мамыр- май-may.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Әңгіме барысында көктем айлары атауларын және маусымдық өзгерістерді бекіту. Сондай-ақ отырықшы және жыл құстарының атауларын еске түсіру керек. «Аудармашы» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші өсімдіктер, жәндіктер, құстар, адамдар- барлығы да табиғатта өзара байланысты екенін әңгімелейді. Жәндіктер өсімдіктерді тозаңдандырады және тұқымдарды таратады, құстарға азық болады. Адамдар , жануарлар және т.б өсімдіктерімен қоректенеді. Тәрбиеші балалармен бірге құстардың кейбір түрлері неліктен қыста жылы жаққа ұшып кететінін еске түсіреді. Қандай құстар қалады? Жәндіктер бейнеленген плакат қарастырылады.	Балалар әңгіме барысында айлар атауларын атады. Балалар тыңдайды Балалар сұрақтарға жауап берді
Ізденістер, ұйымдастыру	Мәтінді оқу <u>Мәжнүн талдың тойы</u> Мәжнүн тал гүл атты. Оны саусақпен түртсең- саусағың сарғайып қалады. Иіскесең – балдай! Қонақтар тойға асығуда. Аю секілді қолапайсыз, семіз әрі түкті ара ұшып келді. Аунақшыды, дөңбекшіді, ақыры бүкіл тозаңға малынды. Жылдам да аш құмырсқалар жүгіріп жетті. Жетті де тозаңға бас салды, сөйтіп олардың іштері бөшкедей боп тырсиды. Аяқтары бір шымшым, қанаттары	Балалар таңдана тыңдайды.

	жыбырлаған масалар ұшып келді. Быжынаған қоңыздар жүр. Шыбындар ызыңдайды. Қанаттары керіліп жайылған көбелектер де бар. Барлығы гуілдесіп асығуда, өйткені мәжнүн тал көгерсе- тойдың да біткені.	
Қорытынды, бағалау	«Зиянды және пайдалы жәндіктер» дидактикалық ойынын өткізуге болады. Мақсаты: жәндіктердің атаулары мен олардың табиғаттағы ролін бекіту. Сонымен қатар тіпті зиянды жәндіктер де қосмекенділерге, жануарлар мен құстарға қорек болып табылатынын атап өту керек. Тәрбиеші жәндіктерді атайды, ал балалар тек зиянды немесе пайдалыларды атағанда қол шапалақтаумен білдіреді. -Жәндіктерді табиғаттың қажетсіз бөлігі деп атауға бола ма? Неліктен? Табиғатта барлығы өзара байланысты, егер біз кейбір жәндіктерді жойып жіберетін болсақ, онда жыландарды, кірпілерді, құстарды қорексіз қалдыруымыз мүмкін. «Кім көбірек?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: құстар мен жәндіктердің атауларын бекіту. Ұлдар мен қыздар құстар мен жәндіктерді көбірек атаудан жарысады. Құстар мен жәндіктер бейнеленген плакаттар қарастырылады.	Балалар барлығы жауап берді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: көктем айлары атауларын және маусымдық өзгерістерді білуі.

Түсінеді: Табиғатта барлығы өзара байланысты

Қолданады: сурет бойынша қорытынды ой айтуды

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Таңғаларлық әртүрлілік-қайталау

Мақсаты: Балалардың ой-өрісін кеңейту. Тірі және жансыз табиғат нысандарын, адам қолымен жасалған заттарды байқай және айыра білуге үйрету. Байқағыштықты дамыту. Қоршаған әлемге қамқорлықты, жауапкершілікті тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: топ бұрышы, өлі және тірі табиғаттың суреттері

Сөздік жұмыс: Алтын қол, тірі және өлі табиғат, ойыншықтар, доп, қоян, аю.

Полингвальды компонент: Алтын қол-золотые руки-skillful fingers, тірі және өлі табиғат-живая и неживая природа-living and inanimate nature, ойыншықтар-игрушки-toys, доп-мяч-ball, қоян-заяц-hare, аю-мишка-bear.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	-Қайда да бізді көптеген заттар-тірі және өлі табиғат пен адам жасаған заттар қоршап тұрады. Тіпті біз бір ғана бөлмеде болсақ та, оларды атап шығу үшін бір күн жетпеген болар еді. (Тәрбиеші санап көруді ұсынады: ауа, су, үстел, өрмекші, бөлме өсімдіктері...). Олардың біреулері табиғат туындысы болса, басқалары адам қолымен жасалған. Тірі табиғат деп біз қозғалатын, тыныс алатын, қоректенетін және көбейетін нысандарды атаймыз- ол өсімдіктер, құстар, балықтар, жануарлар және адам. Табиғаттағы тыныс алмайтын, қоректенбейтін, көбеймейтін заттар өлі табиғат деп аталады.	Балалар тәрбиешіме бірге қайталады. Балалар тыңдайды.
Ізденістер, ұйымдастыру	«Тірі және өлі» дидактикалық ойыны. Мақсаты: тірі және өлі табиғат нысандарын ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші табиғат нысандарын атайды, ал балалар тірі табиғатты қол шапалақпен білдіреді. Еңбексіз іс бітпейді Еріншектің қолы жетпейді. Еңбек ет те міндет ет. Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті. Адамның қолынан келмейтіні жоқ. Адам қолымен жасалған гажайып заттарды	Балалар өлі және тірі табиғат нысандарын ажырата біледі Балалар сұрақтарға жауап берді

	атаңдар. -«Қолы алтын» деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Таныстарыңның арасында «қолы алтын адамдар» бар ма? -Ал бәрін бүлдіретін және сындыратын қолдарды не деп атайды? Ойыншықтарға назар аударуға болады-оларды жасаған да адамдар. Тәрбиеші ойыншықтар туралы тақпақтарды еске түсіруді ұсынады. «Жақсы және жаман» дидактикалық ойыны. Балаларға бізді қоршаған дүниеге қатысты жақсы және жаман қатынастарды атауды ұсынады. Балалар өздерінің және өзгелердің іс-әрекеттерін талдауды үйренгендері маңызды.	-Еңбекқор адам-деп балалар жауап берді -Бар Балалар таңдана қарайды Балалар бұл ойын арқылы жаман және жақсы қатынастарды атауды үйренеді.
Қорытынды, бағалау	-Егер біз өзімізді қоршаған дүниені бүлдіретін болсақ, топ бөлмесінде, балабақша аумағында, үйде және т.б жерлерде дәл осылай әдемі де дұрыс болар ма еді? Балаларды қызықтыру үшін мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштарды, жұмбақтарды пайдалануға болады. Мақал-мәтелдер Шебердің қолы ортақ. Еңбек етсең- емерерсің. Әрекет болмай, берекет болмас. Өнімді іс- ырыс. Көз - қорқақ, Қол–батыр.	Балалар барлығын түсінеді және жауап береді. Балалар барлығын тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Тірі табиғат қозғалатын, тыныс алатын, қоректенетін және көбейетін нысандар ол өсімдіктер, құстар, балықтар, жануарлар және адам.

Түсінеді: қоршаған дүниеге қатысты жақсы және жаман қатынастарды атауды

Қолданады: Қоршаған дүниені әдемі ұстауды топ бөлмесінде, балабақша аумағында, үйде және т.б жерлерде

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Үй құстары және оларға күтім жасау-қайталау.

Мақсаты: Үй құстарының атауын және оларды айыра білуге үйрету. Олардың адам өміріндегі маңызы мен оларды күтудің әдістері туралы білімді жүйелеу. Тірі табиғатты сүюге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: үй құстарының суреті, олардың даусы жазылған аудиожазбалар

Сөздік жұмыс: Үйрек, тауық, әтеш, қаз, үй құстары.

Полингвальды компонент: Үйрек-утка-duck, тауық-курица-a hen, әтеш-петух-cock, қаз-гусь-goose, үй құстары-домашняя птица-domestic bird.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Балаларға үйректің балапаны қонаққа келіп, өзінің жұмыртқаны жарып шықанына барлығы екі күн болғанын айтады. Ол өз анасын таба алмай жүр екен, оны табуға көмек сұрайды. Тәрбиеші үй құсы бейнеленген көріністі көрсетеді. Балалар балапанның анасын табады. Балапан Айтқаныма көне ғой, Жем берейін, Келе ғой. Тары шашам, Жүгіріп, Соңымнан сен ере ғой. Балапансың- баласың. Тез алданып қаласың: Бұршақ жауса, Дән бе деп, Шоқып-шоқып аласың!..	Балалар тәрбиешіме бірге қайталады. Балалар қызыға тыңдайды.

	Тәрбиеші балаларға екі қауырсын көрсетіп, қайсысы ненің қауырсыны екенін қалай ажыратуға болатынын сұрайды. «Қайсысы ненің балапаны?» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші үй құсы бейнеленген көрініс пен бұйымдық көріністерді немесе ойыншықтарды пайдаланады. Балалар жұптарды- ересек құс пен оның балапанын анықтайды. Тәрбиеші балалардың көмегімен, оларға жетелеуші сұрақтар қоя отырып, балапанға оның үйректің балапаны екенін түсіндіреді. Жұмбақтар Қық-қық етеді, Кезіп жүріп көшені. Жата қалса, орнына Ақ доп тастап кетеді. (Тауық.) Өреді қайраңдап, Келеді байпаңдап. Қарғып түсіп өзенге Малтиды тайтаңдап. (Қаз.)	Балалар жауап береді Балалар бұл ойын арқылы таныса алады үй құстарымен таныса алады. Балалар ойланып, жауап береді.
Қорытынды, бағалау	Тауығым Күркесіне кеп өздері Қонақтайтын тауығым. Шөжесіне еш өзгені Жолатпайтын тауығым. «Қыт-қыттап» жатып қалғанша, Тақақтайтын тауығым!.. Жұмыртасын алғанша Қақақтайтын тауығым. Оқу қызметі бойынша тәрбиеші баларға бекіту сұрақтарын қояды. - Бұл құстар қалай аталады? - Оларға тән жалпы сипат қандай? - Үй құстары бір-бірінен немен ерекшеленеді? - Үй жануарларын атаңдар?	Балалар барлығын тыңдайды. Балалар жауаптарды ойланып, жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Үй құстарының атауларын білуі.

Түсінеді: Үй құстарына күтім жасауды

Қолданады: Үй құстарының сурет бойынша қорытынды ой айтуды

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Дидактикалық ойын «Жер көлігі»-қайталау.

Мақсаты: Балаларды жер көліктері түрлерімен және жүргізуші мамандығымен таныстыру. Автомобильдің әр түрінің өз міндеті болатыны туралы түсінік беру. Логикалық ойлауды, белсенділікті дамыту. Танымдық қызығушылықты тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: плакат, машиналардың суреті

Сөздік жұмыс: Машина, көше, жүргізуші

Полингвальды компонент: Машина- машина-a car, көше-улица-street, жүргізуші-водитель-driver

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Тәрбиеші сабақ басталғанға дейін плакатты іліп қояды. Жолдар Поезд мінесің, Темір жолмен жүресің. Кеме мінесің, Көк теңізді тілесің. Самолетпен самғап ұшып аспанға, Әуе жолы болатынын білесің. Асфальтта автобуспен зымырып, Алыстарға жол шегесің тым ұзақ. Балалар қарап, көше қиылысындағы жағдайды талқылай бастады.	Балалар таңдана қарайды. Балалар тәрбиешінмен бірге қайталайды.
Ынталандыру, сезімді ояту	Балаларға бейтаныс ойыншық келіп амандасады да, «Жүргізушілер» деп аталатын қызықты ойын ойнауды ұсынады. Тәрбиеші балалардан кімдерді жүргізушілер деп атайтынын сұрайды. (Бұл көлікті басқаратын адамдар) Тәрбиеші көліктің адамдардың жердегі, судағы, ауадағы, тіпті жер астындағы қозғалыстарына көмектесетін сан алуан түрлері туралы әңгімелейді.	Балаларда амандасады. Балалар сұраққа жауап береді: -Бұл көлікті басқаратын адамдар-деп. Балалар көліктің әрбір түріне жататын машиналардың белгілі бір түрлерін атайды. Мысалы: Әуе көліктерінің ұшақ, тікұшақ, әуе шары, зымыранды жатқызады.

	-Плакатта бейнеленген машиналар көліктің қай түріне жатады? -Көлікті кім басқарады? -Неліктен барлық машиналар әр қилы:үлкен және кіші, сыйымдылығы және басқыштары бар,фургонды және үлкен қорапты, шөмішті және щеткалы және т.б болатыны туралы ойланыңдар. Машиналардың қайсысы болмасын адамның таптырмас көмегішісі.Олардың әрқайсысы белгілі бір жұмыс түрін орындауға көмектеседі. Қалай ойлайсыңдар, қала көшелерімен мұнарлы кранмен немесе өрт сөндіргіш машинамен өз достарыңа қонаққа бару ыңғайлы болар ма еді? Машинаның қандай түрін таңдаған болар едіңдер? Өрт сөндіру үшін суды велосипедпен тасыған ыңғайлы ма, әлде үлкен сыйымдылығы, шлангалары және ұзын басқышы бар арнайы машинамен келген дұрыс па? Енді « Жүргізуші» ойынын ойнайық.Казір сендер барлығың да машина жүргізушілері боласыңдар.Біздің қонағымыздың көлік таңдауына көмектесесіңдер.Қонақ сендерге қайда және не үшін баратынын айтады, ал сендер көліктің қажетті түрін ұсынасыңдар. Балалар «сиқырлы қалтадан» машиналарды шығарады да, қарап шығып атын атайды,үстел үстімен жүргізеді. Балалардың бірден өз машинасының түрін анықтағаны және атағаны дұрыс:жедел жәрдем,өрт сөндіргіш машина, жеңіл автомобиль, жүк машинасы, көтергіш кран және т.б.	Бұл жер көлігі-деп жауап береді (Жүргізуші) Балалар барлық сұраққа ойланып жауап береді. Балалар «жоқ» үлкен сыйымдылығы, шлангалары және ұзын басқышы бар арнайы машинамен келген дұрыс - деп жауап береді. Балалар барлығын тәрбиеші айтқандай жасайды. Балалар көліктердің түрлеін атайды.
Қорытынды, бағалау	Тәрбиеші балалардың столында қандай ойыншық болғанына қарамастан, түрлі тапсырмалар береді. -Кеша тотықұс досының туған күніне барғысы келеді.Оған қандай машина ұсынамыз? -Кеша өрт сөндіруге асығуда.	Балалар барлығын тыңдайды. Балалар еректі көліктердің

	-Кешаның досы ауырып қалыпты – жағдайы тым ауыр екен... -Кеша құрылысшыларға жаңа балалар алаңын салуға көмектесуге шешім қабылдады... -Біздің ішімізде жүк машинасын жүргізуші кім? Және т.б Кеша зейінді және қызықты ойындар үшін балаларға алғыс айтып, ойынды қорытады: адамға барлық машиналар қажет, әрқайсысы өзінің міндетін атқарады. Ол кенет машина басқарушысын ұмытып қалай атайтынын ұмытып қалады.	атауын атап, көмек керек достарға көмектседі. Балаларда алғысын айтады. Балалардың барлығы қуанышты.
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: балалардың бірден машиналардың түрін білуі.

Түсінеді: адамға барлық машиналар қажет, әрқайсысы өзінің міндетін атқаратынын

Қолданады: балалар машиналардың түрлеріне қарап шығып атын атайды

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Адамдардың көктемгі еңбегі-қайталау

Мақсаты: Адамдардың көктемгі еңбегі: бау-бақшадағы жұмыстар, үй құстары мен жануарларының күтімі туралы балалардың білімін қорыту және жүйелеу. Сюжетті көріністер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Жеке және көпше түр формаларын дұрыс қолдануға ықпал ету.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: үй құстары және үй жануарлардың суреті бар плакаттар

Сөздік жұмыс: бақ, бақша, үй құстары, сиыр, ат, саулық, қой, үйрек, бала үйрек, тауық, әтеш, балапан, бұзаулар, құлындар, қозылар

Полингвальды компонент: бақ-сад-garden, бақша-огород-garden, үй құстары-домашняя птица-domestic bird, сиыр-корова-cow, ат-лошадь-horse, саулық-овца-sheep, қой-баран-rat, үйрек-утка-duck, бала үйрек-утята-duckings, тауық-курица-a hen, әтеш-петух-cock, балапан-цыплята-chickens, бұзаулар-телята-calves, құлындар-жеребята-foal, қозылар-ягнята-lambs.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Балаларға қуыршақ қонаққа келеді де, өзінің «қожалық ету» деген бір қызықсөз естігенін айтады. Тәрбиеші қуыршаққа оның, шамасы, бір адамның екіншіден қожалық етуін өтінгенін естігенін айтады. Қожалық ету сөзінің мағынасы нені білдіреді? Тәрбиеші балалардың сөзді талдауға көмектесулерін өтінеді. Ол үй, бау-бақша және басқа шаруашылықты, қожайыны игеретіндей, күтімде ұстауға меңзейді.	Балалар қуыршаққа қожалық ету сөзі қожас(қожайын)сөзінен шыққанын айтады.
Ынталандыру, сезімді ояту	Көктем келді. Адамдардың қарбалас кезеңі көбейді. Бақ күтімін қолға алып, бақша жұмыстарын да бастау керек. Тәрбиеші балаларға екі плакат көрсетеді. Біреуінде- жабайы құстар, екіншіінде үй құсы бейнеленген. - Құстар неліктен бұлай бөлінген? - Жалпылама сөздің көмегімен әр плакатта бейнеленген көріністі қалай атауға болады?	Балалар тәрбиешіні тыңдады, сұрақтарына жауап берді.

Балапан үйрек

Балапан үйрек жүр жүзіп,
Жүзгеніде бір қызық...
Бұйрық берсе барқылдап:
Теңізшімін дейді өзін;
Тіл қататын саңқылдап.

«Тізбек» дидактикалық ойыны. Балалар жануарлар мен құс атауларынан сөз тізбегін құрастырады.

- Үй жануарлары мен құстарының жабайы табиғатта аға-інілері және қарындастары бар екенін байқадыңдарма? Олардың сыртқы түр сипатында, дене құрылысында дауыстарымен мінез-құлықтарында жалпы ұқсастықтар көп. Олар бірдей азықпен ықыластарымен қоректене алады. Бір кездері оларды адамдар қолға үйретіп, жаңа-үй тұқымын шығарған. Мысалы: жабайы қабан-үй шошқасы, тау теке-үй ешкісі, қасқырлар мен жабайы иттер- үй иті, жабайы мысық-үй мысығы. Жабайы және үй құстары да ұқсас келеді. Жабайы тауықтар, үйректер, қаздар да бар.

«Даусынан танып біл» жаттығуы.

Балалар үй құстарын немесе жануарларын жасасырып, олардың даусын салады. Қалғандары оларды шешіп, жауабын қазақ және орыс тілдерінде айтады.

Көрініспен жұмыс істеу. Сұхбаттасу, тәрбиешінің үлгісі, балалардың әңгімелері. Тәрбиеші балаларға көктем туысымен құстар мен жануарлардың төлдей бастайтынын әңгімелейді. Төлдер нығайып, өсуі және қыс түскенше көп нәрселерді үйренуі тиіс болады. Тек сонда ғана олар тіршілік ете алады.

«Жалғыз және көп» дидактикалық ойыны. Мақсаттары: төлдердің атауларын бекіту; жекеше және көпше түр формаларын үйрету.

Үйрек- үйректер; үйрек балапандары.
Үйректің(балапандары) бар үйректің

Балалар жануарлар мен құс атауларынан жабайы және үй сөз тізбегін құрастырды.

Балалар үй құстары мен жануарлардың дауысын салды.

Балалар таңдана тыңдайды

	<i>(балапандары) көп. Үйрек (балапандарымен) серуенге шықты. Үйрек (балапандарына) қамқор болады.</i>	
Қорытынды, бағалау	<i>Мақтаншақ шөже Шибұт шөже айтты сөз: -Мен ержүрек жиһан кез! Сол сәтте күн батты тез... Шөже қорқып қашты да Анасының тығылы Қанатының астына.</i>	<i>Балалар тыдады</i>

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс:төлдердің атауларын білуі

Түсінеді: Қожалық ету сөзінің мағынасын

Қолданады: төлдердің жекеше және көпше түр формаларын

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Байқоңыр-ғарыш айлағы.-қайталау

Мақсаты: байқоңыр жайлы түсіндіру. «ғарыш әткенішегі» ойынын ойнату арқылы Күн жүйесіндегі ғаламшарлар туралы мағлұмат беру. Балалардың ғылымға деген ынталарын ояту, білімпаз болуға баулу.

Сөздік жұмыс: айлақ, күн жүйесі, ғаламшар, т.б.

Билингвальды компонент: күн- солнце-sun , аспан-небо-palate , зымыран-ракета-rocket

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Шаттық шеңберіне тұрғызып «Ғарыш әткенішегі» ойынын ойнату. Шарты: Ортада бір бала Күн болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар, мысалы, Жер, Сатурн, Уран, Меркурий, т.б. болады. Көңілді музыка әуенімен балалар «Күнді» айнада жүреді.	Балалар ойын барысында ғаламшарлар туралы білетіндерін айтады. Мысалы: мен Жермін. Жерге тіршілік бар. Өйткені біздің ғаламшарда ауа бар. Күннен жылу мен жарық аламыз.
Ұйымдастырушылық ізденістік	1. Тәрбиешінің түсіндіруі: -Байқоңыр-ғарыш алаңы. Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан. Байқоңырдан 1961 ж. 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет Ю.А.Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. Айды, Марсты және Шолпанды зерттеуге арналған ғарыш аппараттары бар зымырандар да Байқоңырдан аттандырылды. 1991 ж. 2 қазанда тұңғыш қазақ ғарышкері Т.Әубәкіров ғарыш кемесімен Байқоңырдан ғарышқа көтерілді. Ресеймен бірлескен бағдарлама бойынша қазақ ғарышкері Т.А.Мұсабаев ғарышта 2 рет болып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. 2. Сөздік жұмысы. Айлақ- ғарышқа ұшуға арналған қолайлы алаң. Ғарыш-аспан әлемі, космос. Ғаламшар-Күнді айналатын, Күннен	Тәрбиеші тыңдайды, сұрақтар қояды, сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады. Тыңдайды.

	жарық пен жылу алатын үлкен аспан денелері. Күн-әлемге жарық, қызу беріп тұратын жұлдыз. Оның жүйесінде Жер, Марс, Меркурий сияқты ғаламшарлар бар. 3. Пікірталас өткізуге арналған сұрақ: -Ғарышкер болу үшін қандай болу керек? 4. Дәптерлеріне зымыранның суретін салғызу.	Пікірлерін ортаға салады. Зымыранның суретін салады.
Қорытынды	Сабақта алған білімдерін сұрақ-жауап әдісі арқылы пысықтайды.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Байқоңырдан зымырандар ғарыш әлемін зерттеуге ұшырылатындығын білу.

Түсінеді: білімді, денсаулығы мықты адам ғана ғарышкер болатындығын білу.

Көрсете білуі: ғарыш әлемі туралы ойын тиянақты жеткізе білу.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Байқоңыр-ғарыш айлағы-қайталау

Мақсаты: байқоңыр жайлы түсіндіру. «ғарыш әткенішегі» ойынын ойнату арқылы Күн жүйесіндегі ғаламшарлар туралы мағлұмат беру. Балалардың ғылымға деген ынталарын ояту, білімпаз болуға баулу.

Билингвальды компонент: ғарышкер-космонавт-, ғарыш-космос-, ғаламшар-планета-

Сөздік жұмыс: айлақ, күн жүйесі, ғаламшар, т.б.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Шаттық шеңберіне тұрғызып «Ғарыш әткенішегі» ойынын ойнату. Шарты: Ортада бір бала Күн болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар, мысалы, Жер, Сатурн, Уран, Меркурий, т.б. болады. Көңілді музыка әуенімен балалар «Күнді» айнада жүреді.	Балалар ойын барысында ғаламшарлар туралы білетіндерін айтады. Мысалы: мен Жермін. Жерге тіршілік бар. Өйткені біздің ғаламшарда ауа бар. Күннен жылу мен жарық аламыз.
Ұйымдастырушылық ізденістік	5. Тәрбиешінің түсіндіруі: -Байқоңыр-ғарыш алаңы. Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан. Байқоңырдан 1961 ж. 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет Ю.А.Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. Айды, Марсты және Шолпанды зерттеуге арналған ғарыш аппараттары бар зымырандар да Байқоңырдан аттандырылды. 1991 ж. 2 қазанда тұңғыш қазақ ғарышкері Т.Әубәкіров ғарыш кемесімен Байқоңырдан ғарышқа көтерілді. Ресеймен бірлескен бағдарлама бойынша қазақ ғарышкері Т.А.Мұсабаев ғарышта 2 рет болып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. 6. Сөздік жұмысы. Айлақ- ғарышқа ұшуға арналған қолайлы алаң. Ғарыш-аспан әлемі, космос. Ғаламшар-Күнді айналатын, Күннен	Тәрбиеші тыңдайды, сұрақтар қояды, сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады. Тыңдайды.

	<i>жарық пен жылу алатын үлкен аспан денелері.</i> <i>Күн-әлемге жарық, қызу беріп тұратын жұлдыз. Оның жүйесінде Жер, Марс, Меркурий сияқты ғаламшарлар бар.</i> <i>7. Пікірталас өткізуге арналған сұрақ: -Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?</i> <i>8. Дәптерлеріне зымыранның суретін салғызу.</i>	<i>Пікірлерін ортаға салады.</i> <i>Зымыранның суретін салады.</i>
Қорытынды	<i>Сабақта алған білімдерін сұрақ-жауап әдісі арқылы пысықтайды.</i>	<i>Сұрақтарға жауап береді.</i>

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Байқоңырдан зымырандар ғарыш әлемін зерттеуге ұшырылатындығын білу.

Түсінеді: білімді, денсаулығы мықты адам ғана ғарышкер болатындығын білу.

Көрсете білуі: ғарыш әлемі туралы ойын тиянақты жеткізе білу.

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Ғарыш күні-қайталау

Мақсаты: балаларды қаһарман ғарышкер мамандығымен таныстыру. Ғарышты меңгерудің адам өміріндегі мән-маңызын ашу. Білімқұмарлықты, шыдамдылық пен зейінді дамыту. Түрлі мамандық адамдарын құрметтеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс:

Билингвальді компонент: Ғарышкер-космонавт-cosmonaut, Ғарыш-космос-spase, Ғарышжай-космодром-cosmodrom, Ғаламшар- планета-planet.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Әр түрлі мерекелер бар: Жаңа жыл, 8 Наурыз, Жеңіс күні, Республика күні- бұл жалпыхалықтық мерекелер. Сонымен қатар белгілі бір мамандық иелері атап өтетін- кәсіби мерекелерде бар. Мысалы, Мұғалімдер күні, Геологтар күні, Дәрігерлер күні және т.б. 12 сәуірде біздің республикамыз Ғарыш күнін атап өтеді. Бұл ержүрек мамандық адамдары- бүкіл ғарышкерлерлердің кәсіби мерекесі. Бұдан көп жылдар бұрын кеңестік ғарышкер Юрий Алексеевич Гагарин тұңғыш рет ғарышқа ұшты. Қазақтан республикасының да өз батыр-ғарышкерлері бар, олар Тоқтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаев.	Балалар әңгіме барысында ғарышкерлер күнінен басқа мерекелердің білетіндерін айтады. Мысалы: Мұғалімдер күні, Геологтар күні, Дәрігерлер күні және т.б.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Тәрбиеші балаларға кітаптардан көріністер мен фотосуреттер көрсетеді. Балаларға тек денсаулығы мықты және жақсы жаттыққан адам ғана ғарышкер бола алатыны туралы әңгімелейді. Өйткені ғарышқа ұшуды ғарышкерлер организміне күшті салмақ түседі. Ғарыш сапарының алдында болашақ ғарышкерлер мұқият даярлықтан өтеді. Олар төзімділікке жаттығады. Сондай-ақ ғарышкерлер ұйымшыл жәнеқашанда бір-біріне көмек беруге дайын болуы керек. Ұшқыш болғым келеді Көңілі-дария, ойы-аспан, Асқар шыңнан бойы асқан. Ай, күнімен аспанның	Тәрбиеші тыңдайды, суреттерге қызыға қарайды. Тыңдайды.

	Әзілдескен,, сырласқан Ұшқыш болғым келеді! Күнге күліп, күй тартқан, Айға әнін тыңдатқан Бақыт жырын жырласа, Таңиолтанын қуантқан Ұшқыш болғым келеді! Мұздай болып киінген, Батпан қару үйірген, Қорғап бақыт ұясын, Тас түлектей түйілген Ұшқыш болғым келеді! Ғарышты меңгеру адам өмірі үшін өте маңызды. Серіктер мен Ғарыш кемелері мұхиттар мен материктер үстіндегі жел жылдамдығын білуге көмектеседі, бұл табиғи апаттарды болжауға және цунам, қара құйын, дауыл нөсер жаңбырдан және т.б болатын адам өлімін қысқартуға ықпал етеді. Ғарыштан түсірілген Жер суреттері маңызды да нақты ақпараттар береді. Олардың көмегімен пайдалы қазбалар табылады, әр қилы карталар жасалады, өрт шалған ормандар құтқарылады, әуе қабықтарының ластану ошағы мен деңгейі анықталады, теңіздердің тартылуы, құрлықтың кейбір бөліктерін су басуы мен шөлдің пайда болуы бақыланады. Ғарышкерлердің зерттеулері ғылымның дамуына көмектесді.	Пікірлерін ортаға салады.
Қорытынды	Сабақта алған білімдерін сұрақ-жауап әдісі арқылы пысықтайды. -Ғарышкерлік күні қашан атап өтіледі? -Ғарышқа алғаш ұшқан кімңдар?? -Қазақстандық ғарышкерлердің аттарын атаңдар? -Кім ғарышкер бола алады? -Сендердің ғарышкер болғыларың келеме? Ғарышты меңгеру не үшін қажет?(Тәрбиеші жауаптарды құрастыруға көмектеседі)	Сұрақтарға жауап береді. Тәрбиешімен бірге қайталау

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Ғарышты меңгеру адам өмірі үшін маңыздылығын білу.

Түсінеді: денсаулығы мықты және жақсы жаттыққан адам ғана ғарышкер бола алатынын білу.

Көрсете білуі: ғарыш күні туралы ойын тиянақты жеткізе білу.

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Туған өлкеде. Тау мен дала жануарлары-қайталау

Мақсаты: Республика атауын, Отан туралы түсінікті бекіту. Туған өлкедегі жануарлар әлемінің кейбір өкілдерімен таныстыру. Түсінігін айтуға және сипаттама-әңгіме құрастыруға үйрету. Танымдық қызығушылықты дамыту. Патриоттық сезімді, жануарлар әлемі өкілдеріне деген қамқорлықты тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс:

Билингвальді компонент: Қасқыр – волк-wolf, қоян—заяц-hare, түлкі-luca-interest, кірпі-eж-hedgehog, таулар- горы-Horae

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Туған жер Кеңсің дала , Туған ана, Көйлегің кең,көк ала. Жан беретін Тән беретін Мейірімді ана сен ғана Тәрбиеші балалардан Отан дегеніміз не деп сұрайды. Біздің республикамыз қалай аталады? -Біздің Отанымыздың иесі- бұл табиғат. Отансыз адам-ормансыз бұлбұл. Біз оның алдында жауаптымыз.Біз оны қалай сақтай білсек,біздің және келешек ұрпақтың өмірі соған тәуелді болады. Біз барлығымыз оның қонағымыз, сондықтан суға, ауаға, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлықпен қарауымыз қажет. Бүгін мен сендерге Қазақстан Республикасының таулары мен даласын қандай жануарлар мекендейтінін әңгімелеп беремін.	

Ұйымдастыру шылық ізденістік	Қазақстанның таулары мен даласындағы жануарлар өкілдері бейнеленген суреттерді қарастыру. Тәрбиеші жануарлар әлемінің сан алуандығы, адамдардың жануарлармен қарым-қатынасы («Сиқырлы планета» кітабы) туралы әңгімелейді. Адамның ойланбай жасалған іс-әрекеті көптеген түрлердің жойылып кету қауіпіне әкелетініне назар аудару қажет. Олардың кейбіреулері қамқорлыққа алынған. Тәрбиеші қарақұйрықтың суретін қарап шығуды және қойған сұрақтарға жауап беруді ұсынады. Бұл жануардың шоқтығы биік пе? Оның түсі қандай? Құрсағының түсі қандай? Аяқтары қандай? Басы ше? Мүйіздері қандай? Құйрығы қандай? Қай жерде мекендейді? Ақбөкен(киік)- жалпақ тұмсықты бөкен. 20000 жыл бойына Орталық Азия даласын мекендеп келе жатыр. Аз уақыт бұрын оларға жойылып кету қауіпі төнген болатын. Ақбөкендер қоршаған ортаға етене бейімделген. Жазда Ақбөкен терісі қысқа, ашық қоңыр түсті, қыста өте қалың және ашықғырақ түске бөленеді. Балалар тәрбиешінің үлгісі бойынша сипаттама құрастырады. Әке сөзі Құстыңда, балам жаны бар, Алыстап кетсе сағынар: Ұяда қалған қорғансыз Сарыауыз балапандары бар. Ұясын бұздың сен неге? Ұят ісінді жән деме. Ұясын бұзба құстардың, Ұя бар ұлым сенде де... Ұясы-үйі, баспана, Ұясыз құсты тастама. Балапаны оның- нәресте, Кінәсіз сәби ол дағы, Сен секілді жас бала...	Тәрбиешіні тыңдайды. Балалар суреттерге таңдана қарайды Балалар сұрақтарға жауап береді Пікірлерін ортаға салады. Балалар құстарға қомқор болу керектігін түсінді.
--	--	---

Қорытынды	Мақал-мәтелдер Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас. Өз елім-өлең төсегім. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. Біз бүгін не туралы айттық? Жаңадан не білдік? Табиғатқа деген қарым-қатынас қалай болуы керек? Біз табиғатты қалай қорғаймыз?	Балалар тыңдайды Сұрақтарға жауап береді.
-------------------------	--	---

Күтілетін нәтиже

Білуі тиіс: балалар Отанымыздың иесі- табиғат екенін білуі

Түсінеді: жануарлар мен құстарға қамқор болатындығын білу.

Көрсете білуі: Суреттерге қарап ойын тиянақты жеткізе білу.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Су көлігі-қайталау

Мақсаты: Су көлігінің әрқилы міндеттері туралы, су көлігімен байланысты мамандық иелерінің жұмыстары туралы түсінікті қалыптастыру. Танымдық қызығушылықты тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: көлік, машина, әуе көлігі, жер көлігі, су көлігі.

Билингвальді компонент: Көлік-транспорт-transport, машина-машина-car, әуе көлігі-воздушный транспорт-air transport, жер көлігі-наземный транспорт-ground transportation, су көлігі-водный транспорт-water transport

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Тәрбиеші балаларға көліктің сан алуан түрін көрсетеді. Көліктің түрлерін үш қатарға бөліп қояды және олардың атқаратын міндеттері (жер, су, әуе) туралы әңгімелеуді ұсынады.	Тәрбиешіні тыңдайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Педагог су көлігі атқаратын міндетіне сай ажыратылатынын айтады. Солтүстік аудандарда қалың мұзды жарып өтіп, жол салатын мұзқарғыштар бар. Үлкен жүктерді тасымалдауға қабілетті жүк кемелері бар. Балық аулайтын және жолаушылар кемесі бар. Судың астына түсіп жүзуге қабілетті суасты қайықтары бар. Су көлігінде түрлі мамандық адамдары жұмыс істейді: аспаз, дәрігер, машинист, радист, штурман, матростар, және т.б. Тәрбиеші әңгімеге белсенді қатыстыра отырып, балаларға әрбір көліктің атқаратын міндеті туралы әңгімелейді. Көк теңіз Шапшиды су жыртылып, Теңіз үсті-шағала. Долы толы бұлқындап. Құлайды кеп жағаға Сол теңіздің кеудесін Көрдім тілген кемеңі... Батыр болу-ерте сын, Моряк болғым келеді.	Балалар тыңдайды.

Қорытынды	<i>Педагог балаларға саяхатқа қандай көлікпен аттанғылары келетінін шешуді ұсынады және неліктен?</i>	<i>Балалар сұраққа жауап береді.</i>
------------------	---	--------------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Көліктің түрлерін

Түсінеді: Көліктің атқаратын міндеттерін

Көрсете білуі: Көліктің сан алуан түрлерін аыырата

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Жауыз аңшы туралы аңыз-қайталау

Мақсаты: Шығарманың идеясын түсінуге үйрету. Сөйлемді дұрыс және саналы құра білуге үйрету. Төзімділікке, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Жабайы жануарлар, тау, ақбөкен, киік, қарақұйрық, құстар.

Билингвальді компонент: Жабайы жануарлар-дикие животные-wild animals, тау-гора-Mountain, таулар-горы-Mountains, Ақбөкен, киік-сайгак-saiga, Қарақұйрық-жейран-jeiran, құстар-птицы-birds.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Тәрбиеші балаларға өздері білетін Қазақстанның жануарлар әлемі өкілдерін еске түсіруді ұсынады. Аңыз-шынайы тарихи оқиғалар немесе көрнекі тұлғалар туралы хикая. Сипаттық белгісі-кейіпкерлер мен оқиғаларды дәріптеу.	
Ұйымдастырушылық ізденістік	Жауыз Аңшы туралы аңыз Ерте-ерте-ертеде Қарамерген атты аңшы өмір сүріпті. Ол өз тайласын жабайы жануарлардың етімен қоректенеді екен. Бұл үшін тайпа адамдары аңшыны мақтап-мадақтап отырады. Ал ол болса олжасын одан сайын арттыра түседі. Бір күні жабайы құландар аулап жүріп, қан аңсаған аңшының көзі қарауытып, бүкіл тірі дүниені түгел жаулап тастайды. Оны тоқтата алмай, үрейленген достары өз беттерімен кетпеді, ал аңшы болса қатыгез құмарлықпен әрі қарай қыра береді. Ал тау ешкісінің аппақ ақсақ аналығын көрген аңшы, жеңіл олжаға жолықтым деген сеніммен соңынан қуа жөнеліпті. Бірақ тауешкі, бейне бір сиқырлап қойғандай аңшыны соңына ерте, оның оғына ілікпестен, бірте-бірте жоғарылап тауға көтеріле береді. Аяқ астынан ол, ауаға сініп кеткендей, көзден ғайып болады да, аңшы өзінің мұз жамылған биік таудың шыңында тұрғанын көреді.	

	<i>Шыңнан түсе алмаған ол аштық пен үрейден көз жұмады.</i> <i>Ал оның тайпасының адамдары дүние жүзіне таралады,әйтсе де сол жерге қазірге дейін тіпті жануарлар да аяқ баспайды екен.</i> «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойыны - Тау жануарлары. - Дала жануарлары. - Мектепте сабақ өтетін бөлме. - Бақша өнімдері - Бақ жемістері. - Сүт беретін үй жануары. - Шақыратын үй құсы. - Ас ішетін және ас әзірлейтін ыдыстар - Тұмсығы үрлеп қойғандай,жүйрік дала жануары және т.б.	<i>Балалар аңызды тыңдайды.</i> \ <i>Балалар ойынды тәрбиешімен қосылып ойнайды.</i>
Қорытынды	<i>Аңызды тыңдау және мазмұнын айту.</i> <i>Мазмұны бойынша сұхбаттасу.</i> <i>-Мерген аңшы болған жаман ба?</i> <i>-Аңшы неліктен жаман аңшыға айналып,кез келген аңдарды қыра бастады?</i> <i>-Аңшы аң аулау кезінде кіммен кездесті?</i> <i>-Ол неліктен тауешкі жеңіл олжа бола алады деп санады?</i> <i>-Аңыз немен аяқталды? Кім және қалай аңшының сазайын тарттырады?</i> <i>Бұл тек аңыз ғана.Бірақ табиғаттан өзіне қажеттіні артық алғысы келетін адамдар өте көп. Осылайша, біздің көпшілігіміз қажет болмаса да, гүлдерді көптеп жұламыз. Жұлынған гүлдер тез солып, «өліп қалады»,ал гүлзарда,тауларда, далада және т.б. өсіп тұрған гүлдер бізді ұзағырақ ққуантқан болар еді.</i> <i>-Аңыздан нені үйренуге болады?</i>	<i>Сұрақтарға жауап береді.</i>

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Қазақстандағы жануарлар әлемін

Түсінеді:Аңыз деген не екенін

Көрсете білуі: Аңыздан не үйренуге болатынын

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Сыныбы: «Аққу» даярлық тобы

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Жасыл дәріхана-қайталау

Мақсаты: Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру. Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажетті мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмысы: итмұрын, жолжелкен, түймедағы, және т.б.

Билингвальді компонент: дәріхана – аптека - pharmacy, дәрі – лекарство - medicine, түймедақ – ромашка - chamomile, өсімдік – растение - plants.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту.	<i>Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қолдарындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, тілектерін айтады.</i>	<i>Жылы сөздер айту арқылы амандасады.</i>
Ұйымдастырушылық ізденістік	<i>М.Жаманбалиновтың «Итмұрын тергенде» өлеңін мәнерлеп оқып беру.</i> <i>Балалармен жасыл дәріханаға серуен ұйымдастыру. Дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Неге дәрілік өсімдіктер деп аталатынын түсіндіру.</i> <i>Балаларды дәрілік өсімдіктерден жасалған көрмеге шақырып, қай өсімдікті қандай ауруға пайдаланатыны туралы түсіндіру. Мысалы: Түймедағы гүлін тамақты шайқауға пайдаланады.</i> <i>Дәрілік өсімдіктерді белгілі бір мерзімде жинау керек екендігі және оны жинау кезінде басқа өсімдіктерге зиян келтірмей белгілі мөлшерде ғана жинау керектігін түсіндіру. Балаларды дәрілік өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.</i> Сергіту жаттығуы. <i>Кәне, кәне, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық.</i>	<i>Балалар өлеңді мұқият зейін қойып тыңдайды.</i> <i>Дәрілік өсімдіктерді зер сала қарап көреді, түсінеді.</i> <i>Көрмедегі дәрілік өсімдіктерді көріп біледі.</i> <i>Дәрілік өсімдіктердің жинау мерзімін біледі.</i> <i>Өлең жолдарын қайталап, дене жаттығуларын</i>

	<i>Тұрсақ енді шеңберге, Алақанда ұрайық. Бишілерше бұралып, дөңгелене тұрайық.</i> Әліппе-дәптермен жұмыс. Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Дәрілік өсімдіктердің тағы басқа қандай түрлерін білесіңдер? 2. Өздерің тұратын жерде өсетін дәрілік өсімдіктің түрін атаңдар. 3. Жолжелкеннің қандай пайдасы бар? 4. Суреттегі өсімдіктерді бояту. Дидактикалық ойын: «Бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктерді ажырат» Мақсаты: бөлмеде өсетін өсімдіктер мен дәрілік өсімдіктерді бір-бірінен ажырата білу, қандай мақсатта өсірілетінін анықтау.	<i>жасайды.</i> <i>Тапсырмаларды дұрыс орындау үшін әрекет жасайды.</i> <i>Ойынға барлық бала белсене қатысады, дәрілік өсімдіктер мен бөлме өсімдіктерін ажыратады.</i>
Рефлексиялық түзетушілік	<i>Оқу іс-әрекетті бекіту үшін қойылатын сұрақтар:</i> <i>Тамақ ауырғанда қандай шөптер пайдалану керек?</i> <i>Дәрілік өсімдіктерді қалай жинайды екен?</i>	<i>Балалар сұрақтарға дұрыс жауап беруге тырысады.</i>

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: дәрілік өсімдіктердің пайдасы мен зиянын ажырата алу, емдік қасиеттері бар өсімдіктердің пайдасын білу.

Түсінеді: бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктердің айырмашылығын түсіну

Қолданады: берілген сұрақтарға дұрыс жауап беру.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Көліктегі тәртіп ережесі-қайталау

Мақсаты: Балаларды көлік ережесімен таныстыру. Ойлауды, сөйлеуді дамыту.

Кішіпейілділік пен зейінді тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Көлік, көшеде, автобус, ереже

Полигвальді компонент: Көлік-транспорт- transport, көшеде-на улице-on the street, автобус-автобус-bus, ереже-правила-rules.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Балалар ереже дегініміз не деген сауалға жауап береді. - Оны неліктен барлығы орындауы тиіс? - Егер белгіленген ережелерді барлығы орындауды тоқтататын болса, не болуы мүмкін? Мысал келтіріңдер.	Балалар қойылған сауаладарға тиянақты жауап береді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Тәрбиеші қоғамдық көлікте де белгілі бір мінез-құлық ережелерін сақтау қажеттігін айтады. - Қоғамдық көлік дегеніміз не? «Не артық?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: қоғамдық көлікті ажырата білуге үйрету. Мысалы: трамвай, троллейбус, джип, автобус, бағдарлық көлік, поезд, ұшақ. Балалар көлікті жалпы белгісі бойынша- қоғамдық көлікті біріктіреді және жеке-дара пайдаланатын артық көлікті – джипті анықтайды. Балалар қоғамдық көліктегі мінез-құлық ережелерін рәсімдеуге көмектеседі. - Қоғамдық көлікке отырарда алдымен қарт кісілерді және балалы әйелдерді өткіз - Көлікте оларға орын беруді ұмытпа. - Көлікте адамдарды итермелеме мұндай жағдайда кешірім сұра. - Есік жабылып жатқан соңғы сәтте көліктен шықпа және кірме. - Шығуға алдын ала дайындал. - Құлап қалмас үшін тұтқадан ұстап тұр. - Жолда тамақ жеме. - Балмұздақпен және үгітілетін	Балалар бұл ойында көлікті ажырата білуге үйренді. Балалар тәрбиешіні тыңдайды. Балалар сұрақтарға жауап береді

	заттармен кірме. - Айқайлап сөйлем, басқа жолаушыларға кедергі жасама - Сыпайы және мұқият бол. - Терезеден басыңды шығарма.	
Қорытынды	Мақал-мәтелдер Сыйласаң- сыйымды боласың. Әдептілік белгісі- иіліп сәлем бергені.	Балалар тындап, ойларына түйеді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: балалар әдептілік белгісі- сәлем беру екенін білуі.

Түсінеді: балалар қоғамдық көлікке отырарда алдымен қарт кісілерді және балалы әйелдерді өткізе білуді.

Көрсете білуі: балалар қоғамдық көліктерді суреттер арқылы ажырата білуі.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: «Адамның анасыда жалғыз, Отаны да жалғыз»-қайталау

Мақсаты: Біздің Отанымыз астанасы туралы балалардың білімін қорыту және кеңейту. Мемлекеттік символдар туралы білімді бекіту. Патриоттық сезімдерді тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Астана, Елбасы, Отан, елтаңба, ту, әнұран.

Полигвальді компонент: Астана-столица-Sahtal.Елбасы-президент-president.Отан-Родина-Homelant.Елтаңба-герб-Coat of arms.Ту-флаг-flag. Әнұран- гимн-anthem

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Астана Астана-арман қала, Бағы бір жанған қала. Тұрады ол жас болып Мен үлкен болғанда да. Төкті оған нұрын дала, Астана- сұлу қала. Біз оны анамыздай Сүйеміз шынындада Жүректе сақтап атын, Жүретін салтанатым. Астана-биігіміз, Биіктер күнге жақын Сабақты әнұран тыңдаудан бастаған жөн.	Балалар әнұранды тыңдайды
Ұйымдастырушылық ізденістік	Сұхбаттасу барысында балалар біздің республикамыз қалай аталатынын, Қазақстанның астанасы қандай қала екенін әңгімелейді. Астана Астана бұл біздің Отанымыз- Қазақстан Республикасының астанасы.Бұл қала Есіл өзеннің жағалауында орналасқан. Біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтың ортасында осы кеңістіктер арқылы Ұлы Жібек жолы өткен. Ерте кездерден-ақ мұнда сауда, қолөнер, ауыл шаруашылығы өркендеді, ағаш кесіліп, бидай өсірілді. Қазір астананы танымайсыз- ол өте әдемі гажайып қалаға айналған. Есілдің жағалауы әдемі безендірілген. Әсем жағалау бос уақыт өткізу мен демалатын орталыққа айналған, онда бұқаралық	Балалардың барлығы: «Қазақстан Республикасы»-деп жауап береді. Балалар тәрбиешінің Астана туралы айтқан әңгімесін тыңдайды.

	мерекелер өткізіледі. 95 метрлік мұнара мен океанариум «Астана- Бәйтерек» кеішені де өз сұлулығымен таңғалдырады. Қазір Астанада құрылыс қарқынды жүруде. Көшелер мен бос уақыт өткізілетін орындар әдемі безендірілген. Астана әсіресе мереке күндері ерекше жайнап. ҚР елтаңбасы мен туы – 4 маусым 1992 жылы, ал әнұран 7 қаңтар 2006 жылы бекітілген. 20 қазан 1997 жылы ҚРПрезидентінің «Ақмола қаласын ҚР астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы жарық көрді. 6 мамыр 1998 жылы Президенттің Жарлығымен Ақмола қаласы Астана қаласы болып өзгертілді. Тәрбиеші ұлттық символдар дегеніміз не екенінке салады және әрбір мелекеттің өз елтаңбасы, туы мен болатынын түсіндіреді. Әнұран- бұл кез келген маңызды айтылатын салтанатты ән. Мысалы, мемлекет басыларының кездесуінде, Олимпиада ойындары кезінде, республикалық мерекелерде (Республика күні, ҚР Тәуелсіздік күні және т.б) орындалады.	Балалар қызыға қарайды.
Қорытынды	Тәрбиеші балалармен бірге мемлекеттік елтаңба мен туды бейнеленген әрбір символдың мәнін бекітеді. ҚР аумағында өмір сүретін бүкіл азаматтар ұлттық символдарды құрмет тұтуы тиіс.	Балалар тындап, ойларына түйеді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: балалар республикамыздың қалай аталатынын білуі.

Түсінеді: балалар әрбір мемлекеттің өз елтаңбасы, туы мен әнұраны болатынын

Көрсете білуі: балалар ҚР астанасындағы көрікті кешендерді ажырата білуі.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 04.05.18

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Сиқырлы думан ұлттар достығы-қайталау

Мақсаты: Түрлі ұлт адамдарын құрметтеуге үйрету. Мазмұнын айту дағдысын дамыту, пікірлесуге, шығарманың негізгі ойын анықтай білуге үйрету. Толеранттық қасиеттерді тәрбиелеу.

Полингвальды компонент: Бейбітшілік-мир-peace, достық-дружба-friendship, жел-ветер-wind, түймедақ-ромашка-chamomile, гүлдер-цветы-flowers, халық-народ-people, жаңбы-дождь-rain

Сөздік жұмыс: Бейбітшілік, достық, жел, түймедақ, гүлдер, халық, жаңбыр

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Балаларға Жер планетасының өте үлкен екені туралы әңгімеленеді. Онда түрлі ұлттардың көптеген халқы өмір сүреді. Әр бір адамның, өз үйі, өз отбасы болады	Балалар тыңдана таңдайды

	және олар Жер бетінде бейбітшілік болғанын қалайды. Әркімнің бақытты болғысы келеді.	
Ұйымдастырушылық ізденістік	Балаларға «Шалғындағы гүлдер» ертегісін оқып беріп. Және оның мазмұны бойынша сұхбат құру. - Бұл ертегіде не туралы айтылады? - Гүлдер кімге наз айтады? - Дауды шешуге кім көмектесті? - Автордың бізге не үйреткісі келді? - Тату өмір сүргілерің келе ме? - Неліктен бұл шығарма ертегі болып табылады?	Балалар бұл ертегіні тыңдай отырып сұрақтарға жауап береді
Қорытынды	«Аудармашылар» дидактикалық ойыны. Жаңа сөздерді жаттау.	Балалар жаңа сөздерді жаттап алады

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Жер планетасының өте үлкен екенін білуі

Түсінеді: Әр бір адамның, өз үйі, өз отбасы болатынын

Көрсете білуі: Ұлт өкілдерге байланысты жаңа сөздерді

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру са-ласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері-қайталау

Мақсаты: Жүйелі сөйлеуді дамыту. Өз ойын анықта дәл жеткізуді үйрету. Қоғамдық орындардағы тәртіп ережесін бекіту. Сыпайылыққа тәрбиелеу.

Полингвальды компонент: Көлік-транспорт-transport, балабақша-детский сад-kindergarden, мектеп-школа-school, көшеде-на улице-on the street, ереже-правила-rules.

Сөздік жұмыс: Көлік, балабақша, мектеп, көшеде, ереже.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Мақал-мәтелдер «Сіз»-деген әдеп, «Біз»-деген көмек. - Ересек адамның сөзін бөлме, ескертпені сабырмен тыңда. - Өз қатеңді түсіне және кешірім сұрай	Балалар ескертпе сөздерді тыңдайды.

	біл. - Жарқын жүзді, жылы шырайды және т.б бол	
Ұйымдастырушылық ізденістік	Плакаттарды қарастыру және балалардың жақсы және жаман мініз-құлықтарына анықтама беріп. «Артық затты тап» дидактикалық ойыны. Балаларға әуе шары, ұшақ, тік ұшақ, парашютші және қайық бейнеленген көріністер ұсынылады. - Қоғамдық орындарда қатты дауыстап сөйлеуге, жүгіруге және айқайлауға болмайды. - Көлікте қарт адамдарды, балалы әйелдерді, мүгедектерді алдымен өткізуді және оларға орын беруді ұмытпа. Адамдарды итермелеме және басқа адамдарға сүйкенбе. - Қоғамдық орындарға балмұздақпен және басқа өткір иіс шығаратын немесе үгітілетін азық-түлікпен кіруге болмайды. - Циркте, кинотеатрда, концерт жүріп жатқанда ас жемеңдер	Балалар қайық неліктен артық екенін түсіндіреді. Балалар ескертілген ережелерді сақтап жүретіндерін айтты.
Қорытынды	Балаларға бірқатар сұрақтар қойылады. - Ережелер деп нені айтамыз және олар не үшін қажет? - Қоғамдық орындар деп нені айтамыз, онда белгілі бір тәртіп ережелерін сақтау қажет пе? - Көшеде қандай ережелерді сақтау қажет? Автобуста ше: балабақшада ше? Дүкенде ше? Және т.б	Балалар сұрақтарға жауап берді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Ересек адамның сөзін бөлмей, ескертпені сабырмен тыңдауды білуі.

Түсінеді: Көшеде қандай ережелерді сақтау қажеттігін

Көрсете білуі: Балалар әуе шары, ұшақ, тік ұшақ, парашютші және қайық бейнеленген көріністерді

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды-қайталау.

Мақсаты: Балаларды Жеңіс күні мерекесімен таныстыру. Балалардың Отан қорғаушылардың қаһармандық ерліктері туралы білімдерін кеңейту. Біздің Отанымызды қорғаушы жауынгерлерге деген алғыс және сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Полингвальды компонент: Жауынгер-воин-warrior, ерлік-подвиг-feat, Отан-родина-homeland

Сөздік жұмыс: Жауынгер, ерлік, Отан

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Сабақта жергілікті ескерткішке экскурсия жасалады. Тәрбиеші балалармен бірге Жеңіс күнін жақындатуға үлестерін қосқан олардың	Балалар жергілікті ескерткішпен танысты.

	<i>ата-әжелерінің суреттерін көріп шығады.</i>	
Ұйымдастыру шылық ізденістік	<i>Тәрбиеші көп жылдар бұрын біздің Отанымызға жаулар шапқыншылық жасағаны туралы әңгімелейді. Олар біздің жерлерімізді басып алғысы келді. Ескертусіз, тосын шабуылдағандықтан халық дайын емес еді. Алғашқы күндері адамдар көптеп қырылды. Жаулар әйелдерді, қарттарды, балаларды да аямастан түгел қырды. Біздің аталарымыз жауға қарсы тұрды. Ұрыс даласында балаларды да кездестіруге болатын. Ыстық махаббат пен ержүректік, батылдық пен ерлік біздің жауынгерлердің өз Отанын қорғауына және жауды қуып шығуына көмек етті. Өкінішке орай, көптеген адамдар қаза тапты, ал тірі қалғандары жылдан-жылға азайып келеді.</i> <i>Көптеген адамдар қаза тапты, бірақ олар ешқашан ұмытылмайды. Халық олардың ерліктерін еске сақтап, қадір тұтады. Оларға арнап ескерткіштер мен тұғырына батырлардың есімдері жазылған арнайы тақтайшалар орнатылған даңқ мемориалдары тұрғызылды. Мұндай ескерткіштерге тәрбиешілер мен мұғалімдер экскурсиялар жүргізеді, адамдар гүл қояды. Олар Жеңіс күні ардагерлердің үйлеріне барып, оларды құтықтайды, бағалы сыйлықтар сыйлайды. Азық-түліктер әкеледі. Оларға жол жүру мен медициналық көмек ақысыз көрсетіледі. Бұл біздің олар үшін жасай алатынымыздың ең жоқ дегендегісі. Олардың Отан алдындағы еңбектері өлшеусіз. Көшелер мен шағын бақтарға олардың есімдері берілген. Алматы қаласында жиырман сегіз панфиловшы-батырлардың саябағы бар. Олар – барлығы 28 адам –танкімен шабуылға шығып, Мәскеу қаласына жауды аттап бастырмаған.</i>	<i>Балалар Жеңіс күні қалай келгендігі жайлы біледі.</i> <i>Балалар Тәрбиешіні таңдана, қызыға тыңдайды.</i>
Қорытынды	<i>Экскурсиядан соң Кеңес Одағының Батырлары Әлия Молдағұлова және</i>	<i>Балалар түсінеді. Әлия Молдағұлова</i>

	<i>Мәңшүк Мәметовамен танысу жалғасады. Тәрбиеші Әлияның –керемет мерген, ал Мәңшүктің пулеметші болғаны туралы әңгімелейді. Оларға Кеңес Одағы Батырлары атағы қаза тапқаннан кейін берілген.</i>	<i>және Мәңшүк Мәметова батыр әжселерімен танысады.</i>
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Көп жылдар бұрын біздің Отанымызға жаулар шапқыншылық жасағаны туралы білуі.

Түсінеді: Алматы қаласында жиырман сегіз панфиловшы-батырлардың саябағы бар екенін

Көрсете білуі: Жеңіс күнін жақындатуға үлестерін қосқан олардың ата-әжселерінің суреттерін

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру са-ласы: Вариативтік компанент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Әдет-ғұрып және салт-дәстүрлер-қайталау.

Мақсаты: Әдет-ғұрып және салт-дәстүрлермен таныстыруды жалғастыру. Ой өрістерін кеңейту. Өз халқының мәдениетіне танымдық қызығушылықты және құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Полингвальды компонент: Нәресте-ребенок-baby, Үйлену тойы-свадьба-wedding, Салт-дәстүр-традиция-heritage.

Сөздік жұмыс: Нәресте, Үйлену тойы, Салт-дәстүр.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	<i>Тәрбиеші балалардан дәстүр дегеніміздің не екенін сұрайды.</i> <i>Сонан соң ата – аналарының үйге</i>	<i>Балалар жауап береді.</i>

	қуанышты хабар әкелгенде не істейтінін, үйлену тойларының. Тұсаукесердің қалай өтетінін және т.б еске түсірулерін сұрайды. Тәрбиеші балаларға олардың әрқайсысы өз халқының мәдениетін білуі және қадір тұтуы тиіс екенін айтады. Себебі өткенсіз болашақ та жоқ.	Балалардың әрқайсысы өз халқының мәдениетін білді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Әдет – ғұрып және салт – дәстүрлермен таныстыру. Балаға ат қою. Кез келген халықта болмасын сәбидің дүниеге келуі көптеген рәсімдермен қоса жүреді. Қазақта әдетте сәбидің атын атасы, әжесі немесе туысқандардың ең үлкені қоятын болған. Ат қоятын адам сәбидің құлағына еңкейеді де: « Сенің атың...! » деп үш рет дыбыстайды. Туғанынан бірнеше күн өткенде нәрестені бесікке салады, бесікті анасының туыс апайлары немесе анасы сыйлайды. Баланы бірінші рет бесікке бөлеуді де сол кісіге тапсырады. Ол алдымен от жағылған таяқша арқылы бесікті айналдыра тылсым күштерден тазалайды, бесікке көрпеше төсеп, жастықшаға салады. Сонан соң сәбиді жайалыққа бөлейді және арнайы тігілген лентамен үш жерден байлайды, халықтың баласы болсын деп шапан мен тон жабады; шабандоз болсын деп жүген мен қамшы іледі; көз тимесін деп тұмар тағады; көзі өткі болсын деп бүркіттің тырнағын қадайды. Тұсау кесу. Енді қадам баса бастаған сәбидің аяғына түрлі түсті жіптерден өрілген тұсау байлайды. Жіпті кесуді жүрісі әдемі және жаны жайдары адамға тапсырады. Сәби осы қасиеттерді бойына сіңіреді деп саналады. Шашу. Қуанышты оқиғалар кезінде салтанат иелеріне кәмпиттен немесе күміс тиындардан шашу шашады. Балалар шашылған кәмпиттерді ықыласпен жинайды. Қазақтар «Шашуда» жинап алынған тәттілер сәттілік әкеледі деп ырымдайды.	Балалар өздерінің аттарын кім қойғанын, неліктен солай қойылғанын талқылады. Балалар тәрбиешіні тандана тыңдады.

	Сүйінші- қуанышты хабар жеткізу. «Сүйінші» дегенде, кім болмасын, жақсы хабар әкелген адамға сыйлық береді.	
Қорытынды	Мақал-мәтелдер Көппен көрген - ұлы той. Ата-анаңды сыйласаң, көп жасарсың. Ақылды қария – ағып жатқан дария. Анықтама. Салт-дәстүрлер- 1) Мінез-құлықта, тұрмыста қалыптасқан әдет-ғұрып. Жаңа жылды, Наурызды және т.б қарсы алу дәстүрі. 2) Бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысқандары. Ұлттық тұсау кесу дәстүрі. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен ауызекі әңгіме, аңыздар, мінез-құлық, тәртіп ережелері.	Балалар әр түрлі салт-дәстүрлер бар екенін білді. Және өз халықтарының мәдениетін көрсете алады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: әрқайсысы өз халқының мәдениетін және қадір тұтуы тиіс екенін білуі

Түсінеді: ата – аналарының үйге қуанышты хабар әкелгенде не істейтінін

Көрсете білуі: Әдет – ғұрып және салт – дәстүрлерді көрсете

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру са-ласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Малы мамандығы. Ауыл тұрғынының еңбегі.

Мақсаты: Жабайы және үй жануарлары туралы балалардың білімін кеңейту және жүйелеу. Өз сөздерінде сын есімдерді қолдана отырып, жануарлар туралы әңгімелеуді үйрету.

Полингвальды компонент: Үй жануарлары-домашние животные-house brute, мысық-кошка-cat, ит-собака-dog, қой-баран-rat, жабайы жануарлар-дикие животные, аю-медведь, қоян-заяц, түлкі-лиса, қасқыр-волк, үлкен қоңыр аю-большой коричневый медведь, кішкентай ақ қоян-маленький белый заяц, саулық-овца, ат-лошадь, саулықтар-овцы, аттар-лошади.

Сөздік жұмыс: Үй жануарлары, мысық, ит, қой, жабайы жануарлар, аю, қоян, түлкі, қасқыр, үлкен қоңыр аю, кішкентай ақ қоян, саулық, ат, саулықтар, аттар.

<i>Іс-әрекет бөлімдері</i>	<i>Тәрбиешінің іс-әрекеті</i>	<i>Балалардың іс-әрекеті</i>
<i>Ынталандыру, сезімді ояту</i>	<i>Қуыр-қуыр, Қуырмаш (Ойын) Қуыр-қуыр, Қуырмаш, Балапанға бидай шаш. Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.</i> <i>Сен тұр-қозыңа бар! Сен тұр-лағыңа бар! Сен тұр-құлыныңа бар! Сен тұр-бұзауыңа бар! Сен тұр-ботаңа бар! Ал, сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, Үйде жат.</i> <i>Тәрбиеші балаларға жануарлардың екі тобын (суреттер және ойыншықтар) қарастыруды және олардың неліктен бұлай бөлінгенін түсіндіруді ұсынады.</i>	<i>Балалар тәрбиешімен бірге қайталады.</i> <i>Балалар бір топта- жабайы, ал екінші топта-үй жануарлары екенін анықтады.</i>
<i>Ұйымдастыру шылық ізденістік</i>	<i>Қызқанишақ сиыр</i> <i>Көзбен шолып жан-жағын Оңашаны қалайды. Қойғандай-ақ бал жағып. Бұзауын ол жалайды.</i> <i>Бұзауыма</i> <i>Айналайын түріңнен, Айналайын үніңнен. Танауыңды, Ұят қой, Тазалама тіліңмен!</i> <i>Тәрбиеші берген сұрақтар арқылы балалар үй жануарларына күтім жасап, олардың тіршілігіне жауап беретін адам екенін, ал жабайы жануарлар өз күндерін өзі көретінін түсінеді. Қыс түсерде адамдар ғана емес,</i>	<i>Балалар барлығын түсінеді.</i>

	жануарлар да дайындалады. Барлығының тондары қалыңдайды, олар қысқа қор жинайды және т.б. Тәрбиеші жануарлар туралы жұмбақтар жасайды. - Адамдар жануарларды не үшін өсіреді? - Сиыр, қой, жылқы, есек, ешкі, шошқа адамдарға не үшін қажет? - Оларға күтім жасау қажет пе? - Адамдар оларға үйден немесе фермада қалай күтім жасайды? Тәрбиеші балаларға ет, сүт өнімдері, жүн мен тері негізінен ауылдық жерде өндірілетінін айтады. Ауылда фермалар салатын, малды жайылымға айдайтын мүмкіндік бар. Мал күтімі- жеңіл жұмыс емес. Фермаға мал дәрігері, зоотехниктер, сауыншылар, малышылар, және т.б. қажет. Біздің дастарқанымыз ет, сүт өнімдеріне толы, біз жүннен жасалған жылы киімдер мен аяқкиімдер киінеміз-біз бұл үшін көп жағдайда нақ малышыларға міндеттіміз.	Балалар жұмбақтардың шешуін тауып, олардың жабайы немесе үй жануарларына жататынын анықтайды. Балалар тәрбиешіні таңдана тыңдады.
Қорытынды	Түйе Түйе-дала кемесі, Қандай ірі денесі. Мұрындығын қарашы- Құдды садақ жебесі. Малшы мамандығын маңызды және қажетті деп атауға бола ма? Біз жануарлардан қандай азық-түлік аламыз және малышылар малышылар жануарларға қандай күтім жасатыны туралы балалардың өз беттерімен әңгімелесуі ұсынылады.	Балалардың барлығы малшы мамандығының маңызды екенін айтады. Және жануарларға күтім жасау керектігін айтты.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: балалар үй жануарларына күтім жасап, олардың тіршілігіне жауап беретін адам екенін білуі

Түсінеді: Қыс түсерде адамдар ғана емес, жануарлар да дайындалатынын

Көрсете білуі: Тәрбиеші берген сұрақтар арқылы балалар үй жануарларын

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні:

Білім беру саласы: Вариативтік компонент!

Бөлімі: Табиғат-туған анамыз!

Тақырыбы: Жаз

Мақсаты: Балаларды жазда болатын маусымдық құбылыстармен таныстыру.

Танымдық қызығушылықты дамыту. Табиғатқа деген қамқорлықты тәрбиелеу.

Полингвальды компонент: Қыс-зима, көктем-весна, жаз-лето, күз-осень, күн-солнце, жылы-тепло, жәндіктер-насекомые, маусым-июнь, шілде-июль, тамыз-август

Сөздік жұмыс: Қыс, көктем, жаз, күз, күн, жылы, жәндіктер, маусым, шілде, тамыз

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру, сезімді ояту	Жаз Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ, Тұратын көз тартып	Балалар таңдана тыңдайды.

	<i>Жаз келді күн шуақ. «Кім көбірек көреді?» дидактикалық ойыны. Көріністі жүйелі көзбен бақылауды және ауызша сипаттауды үйрету. Балаларға жаздағы күнің, аспаның, топырақтың, судың күйін еске түсіруді және талдауды ұсыну. Тәрбиеші өсімдіктің қарқынды өсуі, гүлдеу, жеміс беру себептерін көрсетеді.</i>	<i>Балалар бұл ойында ойша сипаттауды үйренді.</i>
Ұйымдастырушылық ізденістік	<i>Ақ қайың Алатауды бөктерлей, Өседі ылғи ақ қайың, Жапырағы көкпеңбек Жайқалады жаз сайын.</i> <i>Жаздың бүкіл кереметін көрсету үшін қандай бояулар таңдаған дұрыс? Жаз туралы үш – төрт сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары арасында, өсімдіктер мен жануарлар арасында, табиғат пен адам өмірі арасында өзара байланыс ортауға үйрету, тіршілік үшін жылу мен жарықтың маңызы туралы нақты түсінік беру. «Тірі және жансыз» дидактикалық ойыны. Тірі және өлі табиғат нысандарын ажырата білуді бекіту.</i>	<i>Балалардың жазда немен шұғылданғанын, қалай демалғандарын еске түсіру.</i> <i>Балалар тірі және өлі табиғат нысандарын ажырата білді.</i>
Қорытынды	<i>Балалар құрдастарының табиғаттағы жағымды және жағымсыз қылытырына талдау жасайды.</i>	<i>Балалар талдау жасады.</i>

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Тірі және өлі табиғат нысандарын ажырата білуі

Түсінеді: табиғаттағы жағымды және жағымсыз қылытырына талдауды

Көрсете білуі: Жаздың бүкіл кереметін көрсету үшін қандай бояулар таңдаған